

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh national pedagogical university

ХАБАРШЫ

ВЕСТНИК

BULLETIN

Серия «Международная жизнь и политика»
Хабаршысы, «Халықаралық өмір және саясат» сериясы
Series of «International Affairs and Politics»
№ 3(62), 2020

Алматы, 2020

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh national pedagogical university

ХАБАРШЫ

ВЕСТНИК

BULLETIN

Серия «Международная жизнь и политика»
Хабаршысы, «Халықаралық өмір және саясат» сериясы
Series of «International Affairs and Politics»
№3(62), 2020

Алматы, 2020

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

«Халықаралық өмір және саясат»
сериясы №3(62), 2020 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2002 ж. бастап шығады.

Бас редактор:

к.и.н., доцент Н.Ш. Жамансарин

Бас ред. орынбасары:

к.и.н., аға оқытушы С.Ә. Жұман

Редакция алқасы:

д.ю.н., профессор А.А. Сабитова,

к.ю.н., ст.преподаватель

О.Б. Хусайнов,

д.ф.н., доцент Ш.А. Сабитова,

к.э.н., доцент М.А. Канабекова,

проф. Victor Pou (Испания),

з.г.д., проф. Р.Ф. Мамедов

(Әзірбайжан),

з.г.д., проф. Л.Д. Тимченко

(Украина),

з.г.д., проф.

Barbara Janusz-Pawletta

(Германия),

д.ю.н., профессор Е.Н. Бегалиев,

з.г.д., проф. Е.Н. Щербак (Ресей)

Жауапты хатшы:

оқытушы А.Т. Исламова

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2020

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10105 – Ж

Басуға 07.12.2020 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 18,75 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 393.

050010, Алматы қаласы,

Достық даңылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

ӘЛЕМДІК САЯСАТ ПЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ
ЖАҢА ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН
КАЗАХСТАН В НОВЫХ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ
МИРОВОЙ ПОЛИТИКИ И МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА
KAZAKHSTAN IN THE NEW GEOPOLITICAL REALITIES
OF WORLD POLITICS AND INTERNATIONAL LAW

- Багитжанова Ж.Б., Матакбаева Л.Х.** Жібек жолы экономикалық белдеуінің Қазақстан Республикасы үшін мүмкіндіктері..... 7
- Багитжанова Ж.Б., Матакбаева Л.Х.** Возможности экономического пояса Шелкового пути для Республики Казахстан
- Bagitzhanova Zh. B., Matakbaeva L.H.** Possibilities of the Silk Road Economic belt for the Republic of Kazakhstan
- Бекмолданова А.С., Жамансарин Н.Ш.** Взаимоотношения Казахстана с Республикой Кореей на современном этапе..... 14
- Бекмолданова А.С., Жамансарин Н.Ш.** Қазақстан мен Корея Республикасы арасындағы қазіргі қарым-қатынас жағдайы
- Bekmoldanova A.S., Zhamansarin N.Sh.** Relations between Kazakhstan and the Republic of Korea at the current stage
- Бектемир Х.А., Канафина Г.Е.** Динамика и перспективы экономического роста в РК..... 18
- Бектемир Х.А., Канафина Г.Е.** Қазақстан Республикасының экономикалық өсу динамикасы мен болашағы
- Bektemir H.A., Kanafina G.E.** Dynamics and prospects of economic growth in the Republic of Kazakhstan
- Дабылтаева Н.Е., Бюжеева Б.З., Сихымбаева С.Н.** Инвестиция и человеческий капитал основа социально-экономической модернизации Казахстана..... 25
- Дабылтаева Н.Е., Бюжеева Б.З., Сихымбаева С.Н.** Инвестиция және адам капиталы – Қазақстанды әлеуметтік-экономикалық жаңғырту негіздері
- Dabylytayeva N.E., Buzheeva B.Z., Sikhymbayeva S.N.** Investment and human capital are the basis of socio-economic modernization of Kazakhstan
- Куртсеитов Р.Д., Абдулхайров А.З.** Воины-казахи, представленные к званию Герой Советского Союза, призванные из областей РСФСР в годы Великой Отечественной войны по данным ЦАМО Российской Федерации..... 30
- Куртсеитов Р.Д., Абдулхайров А.З.** Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің орталық мұрағатының деректері бойынша Ұлы Отан соғысы жылдары РСФСР облыстарынан шақырылған Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған қазақ-жауынгерлер
- Kurtseitov R.D., Abulkhairov A.Z.** Kazakh soldiers presented to the title Hero of the Soviet Union, called up from the regions of the RSFSR during the great Patriotic war according to the Central archive of the Ministry of defense of the Russian Federation
- Кобенова А.Р., Чумаченко Т.Н.** Евразийский Экономический Союз и Экономический пояс Шелкового пути..... 37
- Кобенова А.Р., Чумаченко Т.Н.** Еуразиялық экономикалық одақ және Жібек жолының экономикалық белдеуі
- Kobanova A.R., Chumachenko T.N.** The Eurasian Economic Union and the Silk Road Economic belt
- Нұрғалым К.С.** Қазақстанның Ата заңы – еліміздің тірегі, Тәуелсіздіктің негізгі құндылығы..... 42
- Нұрғалым К.С.** Конституция Казахстана – это опора нашей страны, главная ценность Независимости

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия

«Международная жизнь и политика» № 3 (62), 2020 г.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2002 года.

Главный редактор:
к.и.н., доцент
Жамансарин Н.Ш.

Зам. гл. редактора:
к.и.н., старший преподаватель
Жуман С.Ә.

Члены редколлегии:

д.ю.н., профессор Сабитова А.А.,
к.ю.н., ст.преподаватель

Хусаинов О.Б.,

д.ф.н., доцент Сабитова Ш.А.,

к.э.н., доцент Канабекова М.А.,

проф. Victor Pou (Испания),

д.ю.н., проф. Мамедов Р.Ф.

(Азербайджан),

д.ю.н., проф. Тимченко Л.Д. (Украина),

д.ю.н., проф. Barbara Janusz-Pawletta

(Германия),

д.ю.н., профессор Бегалиев Е.Н.,

д.ю.н., проф. Щербак Е.Н. (Ресей)

Ответственный секретарь:
Преподаватель Исламова А.Т.

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2020

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан
8 мая 2009 г. №10105-Ж

Подписано в печать 07.12.2020. Формат 60x84 1/8. Объем 18,75 уч-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 393.

050010, г. Алматы, пр. Достык, 13.
КазНПУ им. Абая
Издательство «Ұлағат»

Nurgalym K.S. The Constitution of Kazakhstan is the support of our country, the main value of Independence

Сембинов М.К., Чен Лин Анализ китайских инвестиций в транспортную инфраструктуру Казахстана с точки зрения "Один Пояс-Один Путь"..... 46

Сембинов М.К., Чен Лин "Бір белдеу-бір жол" тұрғысынан Қазақстанның көлік инфрақұрылымына қытайлық инвестицияларды талдау

Sembinov M.K., Chen Lin` Analysis of Chinese investments in Kazakhstan's transport infrastructure from the point of view of «One Belt, One Road»

Чапай Д.Н., Сембинов М.К. Казахстан в новой экономической реальности: от запада к востоку..... 51

Чапай Д.Н., Сембинов М.К. Қазақстан жаңа экономикалық шындықта: батыстан шығысқа қарай

Charay D.N., Sembinov M.K. Kazakhstan in the new economic reality: from West to East

Шокенов Б.С. Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығының жарасымдылығы..... 55

Шокенов Б.С. Совместимость сотрудничества между Казахстаном и Китаем

Shokenov B.S. Compatibility of cooperation between Kazakhstan and China

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖҮЙЕСІН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ТРАНСФОРМАЦИЯ СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЫ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ TRANSFORMATION OF THE MODERN SYSTEM OF INTERNATIONAL RELATIONS

Әлен Ж.Д., Сембинов М.К. Францияның Орталық Азиядағы инвестициялық саясаты..... 60

Әлен Ж.Д., Сембинов М.К. «Инвестиционная политика Франции в Центральной Азии

Alen Zh.D., Sembinov M.K. French investment policy in Central Asia

Алмасқызы Т.А., Әлдібайұлы Ж.С. Халықаралық қатынастардағы геосаяси үрдістерінің теориялық негіздері..... 64

Алмасқызы Т.А., Әлдібайұлы Ж.С. Теоретические основы геополитических процессов в международных отношениях

Almasovna T.A., Aldibaiuly Zh.C. Theoretical basis of geopolitical processes in International Relations

Бюжеева Б., Әліпбаев А., Төлегенов Т., Анерова З.А. Орталық Азиядағы ланкестестіктің ершеліктері..... 69

Бюжеева Б., Әліпбаев А., Төлегенов Т., Анерова З.А. Особенности терроризма в Центральной Азии.

Buzheeva B., Alipbayev A., Anerova Z.A. Features of terrorism in Central Asia

Дауқенов С.Р., Курмангали А.К. Возможности расширения БРИКС как центра нового геополитического влияния..... 73

Дауқенов С.Р., Курмангали А.К. БРИКС кеңейтудің жаңа геополитиялық құбылыс орталығы ретінде мүмкіндіктері

Daukenov S.R., Kurmangali A.K. BRICS extension opportunities as a center for a new geopolitical influence

Есімсейтова А.А., Жамансарин Н.Ш. Ланкестікпен күресу Францияның мемлекеттік саясатының маңызды бөлігі ретінде..... 77

Есімсейтова А.А., Жамансарин Н.Ш. Борьба с терроризмом как важная часть государственной политики Франции

Esimseitova A.A., Zhamansarin N.Sh. Fight against terrorism as an important part of the state policy of France

<p>Abai Kazakh national pedagogical university</p>	<p>Исабекова Д., Байтурбаева А.Т. Шарль де Голль - первый президент Пятой Французской Республики.....</p>	<p>82</p>
<p>BULLETIN</p>	<p>Исабекова Д., Байтурбаева А.Т. Шарль де Голль - бесінші Франция Республикасының бірінші президенті</p>	
<p>«Bulletin Abai Kazakh national pedagogical university» (series of «International Affairs and Politics») №3(62), 2020</p>	<p>Isabekova D., Baiturbayeva A.T. Charles de Gaulle - First President of the Fifth French Republic</p>	
<p>Periodical 4 No. per year Published since 2002</p>	<p>Керімова Ж.К., Ахапов Е.А., Шимидзу К. Йокохама эко-модель қаласының эко-саясаты: көлік секторы мысалында.....</p>	<p>85</p>
<p>Zhamansarin N.Sh. <i>doctor of Historical Sciences, Docent</i> Zhuman S.A., <i>doctor of Historical Sciences, senior lecturer</i></p>	<p>Керимова Ж.К., Ахапов Е.А., Шимидзу К. Эко-политика эко-модели города йокохама: на примере транспортного сектора</p>	
<p>Members of the editorial board: <i>doctor of legal Sciences, Professor</i></p>	<p>Kerimova Zh.K., Akhaporov E.A., Shimizu K. Eco-policy of Yokohama eco-model-city: transport sector</p>	
<p>Sabitova A.A., <i>candidate of legal Sciences, senior lecturer</i></p>	<p>Култасов Б.К., Жамансарин Н.Ш. Роль Турции в региональной и международной политической арене.....</p>	<p>93</p>
<p>O.B. Khusainov, <i>doctor of philological Sciences, associate Professor</i></p>	<p>Култасов Б.К., Жамансарин Н.Ш. Түркияның аймақтық және халықаралық саяси сахнадағы рөлі</p>	
<p>Professor Sabitova Sh.A., <i>Ph. D Economical Sciences., associate Professor</i></p>	<p>Kultasov B.K., Zhamansarin N.Sh. Turkey`s role in the regional and international political arena</p>	
<p>Professor Kanabekova M., <i>Viktor Pou professor (Spain),</i></p>	<p>Қадылбекова З., Төлегенов Т.З. Уинстон Черчилль – жеке тұлға ретінде және саяси көшбасшылық ерекшеліктері.....</p>	<p>98</p>
<p>Mamedov R.F. <i>Doctor of Law, Professor (Azerbaijan),</i></p>	<p>Қадылбекова З., Төлегенов Т.З. Уинстон Черчилль: особенности становления личности и политического лидерства</p>	
<p>Timchenko L.D. <i>Doctor of Law, Professor (Ukraine),</i></p>	<p>Kadylbekova Z., Tolegenov T.Z. Winston Churchill: features of personal development and political leadership</p>	
<p>Barbara Janusz-Pawletta <i>Doctor of Law professor (Germany),</i></p>	<p>Нурмашова Ф.А., Сембинов М.К. Афганская проблематика в региональной и мировой политике.....</p>	<p>102</p>
<p>Begaliyev E.N. <i>Doctor of Law, professor</i></p>	<p>Нурмашова Ф.А., Сембинов М.К. Аймақтық және әлемдік саясаттағы ауған мәселелері</p>	
<p>Sherbak E.N. <i>Doctor of Law, Professor (Russia)</i></p>	<p>Нурмашова Ф.А., Сембинов М.К. Problems in Afghanistan in regional and global politics</p>	
<p>Executive Secretary: Islamova A.T., <i>educator</i></p>	<p>Төлегенов Т.З., Сакенова Ж.М. Мұстафа Кемаль Ататүріктің реформалары.....</p>	<p>108</p>
	<p>Төлегенов Т.З., Сакенова Ж.М. Реформы Мустафы Кемала Ататюрка</p>	
	<p>Tolegenov T.Z., Sakenova Zh. Reforms of Mustafa Kemal Ataturk</p>	
<p>© Kazakh National Pedagogical University named after Abai, 2020</p>	<p>ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ LEGAL ASPECTS OF INTERNATIONAL RELATIONS</p>	
<p>Registered in the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan May 8, 2009 №10105-Zh</p>	<p>Ауесхан А., Меңілбаев Ғ.А. Келіссөздер үрдісіндегі вербалды емес коммуникацияның рөлі.....</p>	<p>113</p>
<p>Signed in print 07.12.2020 Format 60x84 1/8</p>	<p>Ауесхан А., Меңілбаев Ғ.А. Роль невербальной коммуникации в процессе переговоров</p>	
<p>Volume 18,75 teaching and publishing lists Number of copies 300, Order 393.</p>	<p>Aueskhan A., Menilbayev G.A. The role of non-verbal communication in th process of negotiation</p>	
<p>050010, Almaty, Dostyk avenue 13, Abai Kazakh national pedagogical Publishing House “Ulagat” of Abai Kazakh national pedagogical univerty</p>	<p>Даузе С.Б., Жамансарин Н.Ш. Международные конфликты между Абхазией и Осетией и деятельность международных организаций по их разрешению.....</p>	<p>116</p>
	<p>Даузе С.Б., Жамансарин Н.Ш. Абхазия мен Осетия арасындағы халықаралық қақтығыстар және оларды шешуге арналған халықаралық ұйымдарының қызметі</p>	
	<p>Dauze S.B., Zhamansarin N.Sh. International relations between Abkhazia and Ossetia and the activities of international organizations for its resolution</p>	
	<p>Дузенова Лейли Француз заңында электрондық пошта мекенжайы міндетті түрде заңды түсініктегі мекенжай болып табылмайды.....</p>	<p>119</p>

Duzenova Leili In French law an email address is not necessarily as an address in the legal sense	
Ибрагимова А.Б., Жамансарин Н.Ш. Роль региональных организаций в поддержании международного мира и безопасности.....	124
Ибрагимова А.Б., Жамансарин Н.Ш. Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдаудың өңірлік ұйымдардың рөлі	
Ibragimova A.B., Zhamansarin N.Sh. The role of regional organizations in the maintenance of international peace and security	
Мухамеджанова М.Н., Матакбаева Л.Х. Каталонияның мәртебесін анықтау мәселесі.....	127
Мухамеджанова М.Н., Матакбаева Л.Х. Проблема определения статуса Каталонии	
Mukhamedzhanova M.N., Matakbayeva L.H. The problem of determining the status of Catalonia	
Тлегенова А.М. Вопросы национальной безопасности в современное время.....	132
Тлегенова А.М. Қазіргі уақыттағы ұлттық қауіпсіздік мәселелері	
Tlegenova A.M. National security issues in modern times	
Хасый А.Е., Жамансарин Н.Ш. Ұлттық қауіпсіздік жүйесінің элементі ретіндегі ақпаратты қорғау заңнамасының дамуы.....	137
Хасый А.Е., Жамансарин Н.Ш. Развитие законодательства о защите информации как элемент системы национальной безопасности	
Khassyi A.E., Zhamansarin N.Sh. Development of legislation of information protection as an element of the national security system	
Халназарова А.К., Стружихина К.В., Курмангали А.К. Қоғамдық қауіпсіздік контексіндегі есірткінің заңсыз айналымы мен халықаралық терроризмнің өзара байланысы.....	140
Халназарова А.К., Стружихина К.В., Курмангали А.К. Взаимосвязь незаконного оборота наркотиков и международного терроризма в контексте общественной безопасности	
Halnazarova A.K., Struzhikhina K.V., Kurmangali A.K. Relationship between drug trafficking and international terrorism in the context of public security	
Авторлар туралы мәліметтер.....	145
Сведения об авторах	
Information about the authors	

Білім және ғылым саласындағы комитетінің шешімі негізінде (Қосымша 1 Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылдың 10 шілдесінің №1082 бұйрығына сәйкес) Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысының “Халықаралық өмір және саясат” сериясы саяси ғылымдар бойынша диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялау үшін басылымдар тізіміне ұсынылған.

На основании решения Комитета по контролю в сфере образования и науки (Приложение 1 к Приказу МОН РК от 10 июля 2012 года за №1082) Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Международная жизнь и политика» внесен в перечень изданий для публикаций основных научных результатов диссертаций по политическим наукам.

In accordance of the decision of the Committee on the control in the field of Education and Science (Annex 1 to the Order of MES RK from 10 July 2012 Order No. 1082) Bulletin KazNPU named after Abai, a series of "International Affairs and Politics" is included into the list editions for publication main scientific results of dissertations on Political Sciences.

**ӘЛЕМДІК САЯСАТ ПЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ЖАҢА
ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН
КАЗАХСТАН В НОВЫХ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ МИРОВОЙ
ПОЛИТИКИ И МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА
KAZAKHSTAN IN THE NEW GEOPOLITICAL REALITIES OF WORLD
POLITICS AND INTERNATIONAL LAW**

УДК 327
ВАК 23.00.04; 12.00.10

Ж.Б. Бағитжанова¹, Л.Х. Матақбаева²

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Сорбонна-Қазақстан институтының I-курс магистранты*

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, саяси ғылымдарының докторы,
халықаралық қатынастар кафедрасының профессоры
Алматы қ., Қазақстан*

**ЖІБЕК ЖОЛЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛДЕУІНІҢ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН МҮМКІНДІКТЕРІ**

Аңдатпа

Қазіргі таңда Жаңа жібек жолы жобасы – Қытай бастамасымен ұсынылған ұзақ мерзімді әрі жаһандық стратегия болып табылады. Бұл жобаның жүзеге асуындағы Қазақстанның әлеуеті үлкен рөл ойнауда. Аталмыш мақала Қытайдың қазіргі халықаралық қатынастардағы «Бір белдеу – бір жол» бастамасының рөлі мен әсерін талдауға арналады. Автор Қытай мүдделерінің Қазақстандағы басым бағыттарын сипаттайды. Зерттеу барысында қытайлық бұл бастама мен қазақстандық ірі инфрақұрылымдық бағдарлама «Нұрлы жолдың» өзара үйлесімділігіне және оның қазақ-қытай стратегиялық әріптестік қатынастарының одан әрі дами түсуіне тигізер әсеріне баға берді. Сондай-ақ, Қытай президентінің бастамасымен ұсынылған «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасының Қазақстан Республикасы үшін берер мүмкіндіктері және қауіптерін жүйелі түрде талдай отырып, нақты белгіледі.

Түйін сөздер: Қытай, Қазақстан, «Бір белдеу – бір жол», жаңа жібек жолы, «Жібек жолы Экономикалық белдеуі», Орталық Азия.

Бағитжанова Ж.Б.¹, Матақбаева Л.Х.²

*¹магистрант I-курса Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ имени Абая
²д.полит.н., профессор кафедры международных отношений КазНПУ имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

**ВОЗМОЖНОСТИ ЭКОНОМИЧЕСКОГО ПОЯСА ШЕЛКОВОГО ПУТИ ДЛЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Аннотация

В настоящее время проект «Новый шелковый путь» – это долгосрочная и глобальная стратегия, инициированная Китаем. Потенциал Казахстана играет важную роль в реализации этого проекта. Данная статья посвящена анализу роли и влиянию инициативы Китая «Один пояс - Один путь» в современных международных отношениях. Автор описывает приоритетные направления интересов Китая в Казахстане. В ходе исследования дана оценка взаимосвязанности китайской инициативы и крупнейшей казахстанской инфраструктурной программы «Нұрлы жол», и их влияние на дальнейшее развитие

казахстанско-китайских отношений стратегического партнерства. Кроме того, в работе рассмотрены возможности и угрозы для Республики Казахстан программы «Один пояс-один путь», предложенной по инициативе президента Китая.

Ключевые слова: Китай, Казахстан, инициатива «Один пояс – Один путь», новый шелковый путь, «Экономический пояс Шелкового пути», Центральная Азия.

Zh.B. Bagitzhanova¹, L.H. Matakbaeva²

¹master of the 1st year of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan at KazNPU Abay

¹d.p.s., professor, Institute Sorbonne-Kazakhstan Abay KazNPU

Almaty, Kazakhstan

POSSIBILITIES OF THE SILK ROAD ECONOMIC BELT FOR THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

Nowadays the New silk road project is a long - term and global strategy initiated by China. The potential of Kazakhstan plays an important role in the implementation of this project. This article is devoted to the analysis of role and influence of China's "one belt, One road" initiative in modern international relations. The author describes the priority areas of China's interests in Kazakhstan. In the course of the study, she assessed the interconnectedness of the Chinese initiative and the largest Kazakh infrastructure program "Nurly Zhol" and the impact on the further development of Kazakh-Chinese relations of strategic partnership. Moreover, the author clearly revealed the opportunities and threats for the Republic of Kazakhstan of the "one belt, one road" program, proposed at the initiative of the President of China.

Keywords: China, Kazakhstan, «One belt – One road» initiative, New Silk Road, «The economic belt on the Silk Road», Central Asia.

Бұдан үш жыл бұрын Швейцарияның Давос қаласындағы Бүкіләлемдік экономикалық форумның әр жыл сайынғы сессиясының ашылу салтанатында Қытай президенті Си Цзиньпин сөз сөйлеп, «Эпохалық жауапкершілікті біріге көтеріп, жаһандық дамуды бірлесіп ынталандыру» тақырыбында баяндама жасаған болатын. Оның барысында жүзден астам мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар «Бір белдеу - бір жол» бастамасы басталған кезден бастап үш жылдан астам уақыт бойы Қытайды белсенді түрде қолдады деп атап өткен еді. Оның ішінде, бұл елмен 40-тан астам мемлекет пен халықаралық ұйымдар ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған. «Бір белдеудегі бір жол» қатысушыларының тобы кеңейе түсіп, соңғы үш жыл ішінде қытайлық кәсіпорындардың «бір белдеу, бір жол» шеңберіндегі елдерге инвестицияның көлемі 50 миллиард доллардан артты. Бұл бастама Қытайдан шықса да, оның нәтижелері бүкіл әлемге пайда әкеледі десек болады.


Бүкіләлемдік экономикалық форумда ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин өзінің бағдарлы баяндамасында көпшілікті 2017 жылы мамырдың 14-15 Пекинде орын алған «Бір белдеу, бір жол» атты Халықаралық ынтымақтастық форумына қатысуға шақырған еді. Мұндағы мақсаты – халықаралық ынтымақтастықты тереңдету үшін өзара қарым-қатынастарды реттеу, жеткен жетістіктерді қорытындалап, бұдан кейінгі іс-шараларды жоспарлау, заманауи Жібек жолын жасауды жалғастыру тетігін өзара жан-жақты кеңесіп жүргізу арқылы құру, Жібек жолы бойы елдерінің әрекеттерінің жоспары мен стандарттарын бір жүйеге келтіру болды [1].

Пекинде өткен халықаралық ынтымақтастық форумының шеңберінде әлемнің қырыққа жуық мемлекеттерін қамтитын жобаның өзекті мәселелері қозғалған еді. Оған Қазақстан тарапынан салмақты делегация қатысқан болатын. Н.Ә. Назарбаев «Бір белдеу, бір жол» бастамасы жаңа геэкономикалық парадигманы қалыптастыруға мүмкіндік беретінін белгілеп өтті. Оның табысты іске асуы, жалпылай алғанда, 4,5 млрд адамды қамтитын елдерге пайда әкеледі. Бұдан бөлек, мемлекет басшысы жаңа Жібек жолы бойындағы мемлекеттердің сауда қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен ауыл шаруашылығы бірлестігін одан әрі дамытудың маңыздылығын және «Бір белдеу, бір жол» бастамасын ойдағыдай іске асыру үшін қызығушылықтары бар елдер арасында өзара сенімнің орнығуы, олардың тең құқықтылыққа және жан-жақты ынтымақтастыққа дайын болуы маңызды екенін атап өтті [2].


Сонымен қатар 2017 жылдың басында Қытайдан алғашқы пойыз Ұлыбританияның астанасына, Лондонға келіп жеткен белгілеп кетуге болады. Пойыздың жолда жүру уақыты 18 күнді және 12 мың шақырымды құраған. Ол қытай өнімдерімен, соның ішінде мата, киім және де тұрмыстық тауарлармен

бірге 58 контейнер әкелген болатын. Ол Қазақстан, Ресей, Белоруссия, Польша, Германия, Бельгия, Франция шекараларын кесіп өтіп, Ла-Манш бұғазы астындағы тоннель арқылы Лондонға жеткен.

Мұсатаев С.Ш., Байназар Ж.О. осы тақырыпқа сәйкес зерттеген жұмыстарына негізделе Қытайлық аталмыш бастама, негізінен, келесідей мақсаттарды көздейді [3]:



Аталған мақсаттарға жету үшін Қытайдың негізгі төмендегідей міндеттерін атауға болады:



Дуйсекина А.Б., Ашинова Ж.Е. белгілеп өткендей, Жібек жолының бойында орналасқан Еуразияның елдері әрқайсысы үшін делік осы бастаманың шеңберінде айрықша рөл атқаратын шартты түрде бес аймаққа топтасады. Атап айтқанда Еуропамен, Ресеймен, Иранмен, Түркиямен сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту форпосты ретінде Орталық Азия аймағы, яғни Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түрікменстан белгіленген. Бұл мемлекеттерде қымбат металдар, кендер мен металлургиялық шикізаттар, энергетикалық ресурстар бар. Аталмыш өңірде әлемдегі ірі орталықтардың (Ресей, Қытай, АҚШ, ЕО және т.б.) геосаяси және экономикалық мүдделерінің тоғысуын көруге болады. [4]



[4]


Инфрақұрылымға инвестициялар мен белгілі бір жеңілдіктер, трансконтиненттік сауда үшін де, Қазақстан экономикасы үшін де негізгі өсімге айналды.

Транзиттік дәліз ретінде Қазақстанда айтарлықтай дәрежеде инвестициялар жасалды. Соның ішінде Қытаймен шығыс шекарадағы құрғақ порт «Қорғас - Шығыс қақпасында» 3,4 млрд. астам доллар бар. Логистикалық қызметтердің әлемдегі ең ірі жабдықтаушыларының бірі COSCO Shipping және Lianyungang Port Holdings Group қазақстандық тарапқа өзінің серіктестерінің мол тәжірибесін пайдалану мүмкіндігін ашып, оған қоса трансұлттық жобаны іске асырған болатын.

Басқа маңызды инвестициялар Шалқар-Бейнеу темір жолы, Жезқазған-Сексеуіл теміржолы және Құрық портын қамтиды. Дәліздер мен әлеуетті арттыру нәтижесінде Қазақстанның транзиттік өңір ретінде рөлін күшейтеді. «Самұрық-Қазына» қорының мәлімдеуінше, инфрақұрылымға салынатын инвестициялар әр жыл сайын Қазақстанның экономикалық дамуына 0,1%-0,2% деңгейінде ықпалын тигізеді. [4]




Сонымен қатар аталмыш жобада «Қазақстан темір жолы» АҚ мен оның «Самұрық-Қазына» акционері транзиттік нүкте ретінде Қазақстанның дамуында орталық рөл атқаратынын көруге болады. Бұл ретте «Қазақстан темір жолының» айтарлықтай рөлі Қазақстан арқылы тауарлардың транзиті үшін сенімді платформаны құру үдерістерін арттыруға бағытталуы қажет және «Самұрық-Қазына» ұзақ мерзімді мультимодальды көлік жүйесін нығайтуға қолдау жасауы керек, ал ол электр және көлік инфрақұрылымын бөлу бойынша елеулі инвестицияларды, сондай-ақ Қазақстан арқылы өтетін транзиттік жолды қажет ететін бюрократиялық үдерістерді жеңілдету үшін нормативтік талаптарды төмендету үшін өз ықпалын қолдануды қамтамасыз ететіндігін айтуға болады.




[5]

Қазақстан экономикасының жай-күйіне, басқаруға және «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасын табысты іске асыруға әсер ететін негізгі көрсеткіштерден артта қалып отырғанын көруге болады.



[5]

Қазақстанның негізгі позициясы транзиттік хаб ретінде өз мүмкіндіктерін одан әрі нығайтуға оң әсерін тигізеді. Атап айтсақ, 2050 жылға дейін Үндістандағы жүк тасымалы 7 есеге артып, Қазақстан үшін мүмкіндіктерілі нығайтады деп болжануда.



[6]

Инфрақұрылымдық инвестициялар үшін арналған Азия банкі құру және Жібек жолының қоры – бұл Жібек жолындағы мемлекеттер арасында көпжақты ынтымақтастықты нығайту мақсатында елеулі маңызға ие қытайлық бастаманың табысты көрсеткіші болып табылады. Бұл өз кезегінде, энергетика, көлік, байланыс және экономиканың басқа салаларында да бірлескен жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда ЖЖЭБ-ны жүзеге асырудың SWOT-анализі

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ol style="list-style-type: none"> 1. Қысқа жолды континент арқылы бағыттауға мүмкіндік беретін елдің қолайлы географиялық орналасуы. 2. Көліктік-логистикалық инфрақұрылым (КСРО меншігі) дамыды. 3. «Нұрлы жол» және «Жаңа Жібек жолы» мемлекеттік бағдарламасының келісімі. 4. Елдегі және оның шекарасындағы тұрақты әлеуметтік-саяси жағдай. 5. Көлік инфрақұрылымын дамыту есебінен өндірістің өсуі және халықты жұмыспен қамту. 6. Транзиттік жүк ағындарының жоғары қауіпсіздігін қамтамасыз ету. 7. Мультимодальдық көлік жүйесі, маршруттар мен жеткізілім құралдарын таңдаудың кең спектрін қамтамасыз етеді. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстандағы көліктік-логистикалық жүйені дамытудың бірыңғай тұжырымдамасының болмауы. 2. Көлік инфрақұрылымының техникалық жай-күйінің төмендігі және нашарлауы. 3. Тауарлардың транзитінің жоғары құны. 4. Көлік және кедендік кедергілердің болуы. 5. Білікті мамандардың жетіспеуі және АТ-технологияларының әлсіздігі.
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Халықаралық нарықтарға шығу үшін көлік қатынасын әртараптандыру. 2. Көлік, логистика және ақпараттық-қаржылық жүйелерді халықаралық хаб деңгейіне дейін дамыту. 3. Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын және инвестициялық тартымдылығын арттыру. 4. Өзін-өзі дамыта отырып, қайта инвестициялаудың жоғары деңгейімен өзін-өзі қамтамасыз ететін тиімді логистика. 5. Айналымның ұлғаюы. 6. Экспортқа бағытталған өнімдерді өндіруге арналған әлемдік нарықтың қажеттілігін зерттеу. 7. Ішкіконтинентальды маршруттар бойынша контейнерлік тасымалдау үшін құрғақ порттарды дамыту қажеттілігі. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Көлік ағынының егемен мемлекеттер аумағынан өтеді. 2. Табиғи қауіптер мен техногендік апаттар. 3. Ұлттық экономиканың шикізаттық бағыттылығын сақтау. 4. Қазақстан нарығында Қытайдың сауда, экономикалық және көші-қон экспансиясының күшеюі. 5. Қазақстандық кәсіпорындар үшін бәсекелестіктің күшеюі. 6. Табиғи ортадағы экологиялық жағдай жүктемесінің артуы. 7. Елдегі қытай басымдықтарының нығаюы.

Қазіргі кезеңдегі экономикалық әріптестіктің жаңа өңірлік модельдерін қалыптасуында көлік инфрақұрылымы мен коммуникациялар негізінде қайта жандандырылған Ұлы Жібек жолы Еуропа мен Азия, сондай-ақ Жібек жолының бойындағы қатысушылардың арасындағы тауарлардың, қызмет көрсетулердің, капиталдар мен жұмыс күшінің жылдам дамуын қамтамасыз ете алады. Осы тұжырымда-

маның шеңберінде әртүрлі аймақтық интеграциялық топтардың (ШЫҰ, ЕЭҚ, ЭЫҰ, ОАӨЭЫ және т.б.) қатысушылары болып табылатын мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндігі одан әрі арта түседі. Әлемдегі ірі қаржы орталығы ретінде Қытай орта мерзімді келешекте аймақтық инфрақұрылымды дамытуға үлкен қаражат бөлуге қабілетті деуге болады, ол үшін Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар банкі және Жібек Жолы Қорын құруға бастама жасады. [7]

Сонымен, зерттей келе Қазақстан аталмыш жоба үшін кездейсоқ таңдалмағанын атап өткім келеді. Өйткені Қытай Қазақстанды Орталық Азия аймағындағы негізгі және перспективтік сауда-экономикалық серіктес ел ретінде көреді. Оған қоса, Қазақстан Қытайдың Орталық Азия елдерімен саудасының 70%-дан астамын құрайды.

«Жібек жолы экономикалық белдеуі» жобасы Қазақстанның өңірлік еңбек және бірлестік, тауарлар және қызметтермен сауданы нығайту, халықаралық бизнес және инвестицияларды бөлу, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құруға жаңа мүмкіндіктер туғызады. Оған қоса асуы көлік инфрақұрылымын жақсарту үшін, Қазақстанның Жібек жолы елдерінің теңіз порттарына қолжетімділігін қамтиды, қазақстандық тауарлардың әлемдік нарықтарға жеткізілуін одан әрі жеделдетуге, отандық экспорттаушылардың шығындарын елеулі түрде азайтуға, әсіресе, сауда кедергілері мен шектеулерін жоюға, сыртқы және өзара сауда-саттықты күшейтуге, жаңа инвестициялар мен бірлескен жобаларды тартуға мүмкіндік ашады.

Сондай-ақ, Жібек жолының экономикалық белдеуін қалыптастыру әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі мен елдердің өмір сүру деңгейіндегі өзгешеліктерге, яғни Орталық Азиядағы көліктік және экспедициялық қызметтердің нашар деңгейі, көліктік-логистикалық инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, жылжымалы құрамды пайдалану тиімділігінің төмен деңгейі, жергілікті кәсіпкерлердің сыртқы нарыққа шығуға дайын еместігі және халықаралық деңгейде бәсекеге түсуіне байланысты шектелетін болады. Қазақстан үшін бұл жобаның қауіпі ретінде ұлттық экономиканың шикізаттық бағыттылығын сақтау болуы мүмкін, өйткені қытайлық компаниялардың инвестициялық жобалары әсіресе мұнай мен табиғи газ өндіруге байланысты. Бұдан басқа да қатерлерге Қазақстан нарығындағы Қытайдың сауда, экономикалық және көші-қон экспансиясының күшеюі, Қытай кәсіпорындарымен демпингтің өсуі, жұмыссыздық деңгейінің өсуі, сауда балансының нашарлауы, контрабандылықтың көбейе бастауы, оған қоса елдегі Қытаймен құрылған кәсіпорындарындағы қытайлықтардың басымдығының орын алуы, Қазақстандық кәсіпорындардың бәсекелестігінің артуы, қоршаған орта жағдайының нашарлауы және тағы басқаларын жатқызуға болады.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, Қазақстанға Орталық Азияның басқа да мемлекеттеріне секілді «Жібек жолы экономикалық белдеуі» жобасын іске асыруға белсенді қатысу, аймақтық ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктері мен артықшылықтарын тиімді пайдалану, сонымен бірге кері әсерін тигізетін тәуекелдер мен қауіптерді барынша азайтып, алдын алу маңызды болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. http://russian.news.cn/2017-01/18/c_135991232.htm
2. http://www.akorda.kz/kz/events/international_community/foreign_visits/nursultan-nazarbaev-bir-beldeu-bir-zhol-atty-halykaralyk-yntymaktastyk-forumyna-katysty
3. Мұсатаев С.Ш., Байназар Ж.О. «Бір белдеу, бір жол» жобасы ауқымындағы Қазақстан мен Қытайдың ынтымақтастығының мәселелері мен келешегі // *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Международная жизнь и политика». №3 (58), 2019. – С. 7.*
4. Дүйсекина А.Б., Ашинова Ж.Е. ҚХР-дың «Бір белдеу-бір жол» халықаралық бастамасы туралы // *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Международная жизнь и политика». №1-2 (56-57), 2019. – С. 225.*
5. <https://www.pwc.kz/en/publications/new-2017/silk-way-publication-rus.pdf>
6. <http://ec.europa.eu/eurostat/>
7. Матакбаева Л.Х. К вопросу о формировании новых региональных моделей экономического партнерства // *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Международная жизнь и политика». №3 (58), 2019. – С. 33.*

УДК 327; 930.22
МРНТИ 23.00.04; 12.00.10

А.С. Бекмолданова¹, Н.Ш. Жамансарин²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ,
Сорбонна-Қазақстан институты, Халықаралық қатынастар кафедрасының 2-курс магистранты
²Фылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Сорбонна-Қазақстан институты, халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі

ҚАЗАҚСТАН МЕН КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Корея біз үшін басымды елдердің бірі және Азиядағы екінші сауда серіктесі болып табылады. Сауда және инвестициялық ынтымақтастықтың белсенді өсуі өзара қарым-қатынастың жоғары деңгейін көрсетеді. Корея Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындап, дипломатиялық қатынастар орнатты. Содан бері екіжақты қатынастар тұрақты дамып келеді. Оңтүстік Корея президенті Мун Джэ Иннің 2019 жылы Қазақстанға жасаған сапары екі тараптың стратегиялық диалогты одан әрі дамытуға деген өзара ұмтылысын көрсетеді. Сондықтан, осы мақалада Қазақстан – Корея ынтымақтастығының екі ел үшін үлкен теориялық және практикалық маңызы туралы талдау келтірілген. Сонымен қатар мақалада, Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы қатынастардың маңыздылығы, олардың сенімді қарым-қатынасы мен ұлтаралық қарым-қатынасты дамыту туралы айтылады.

Түйін сөздер: Қазақстан, Корея, Президент, инвестиция, экономика, сапарлар, мәдениет, білім.

Бекмолданова А.С.¹, Жамансарин Н.Ш.²

¹магистрант 2 курса кафедры международных отношений Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая

²Научный руководитель: к.и.н., доцент, заведующий кафедрой международных отношений Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая

ВЗАИМООТНОШЕНИЯ КАЗАХСТАНА С РЕСПУБЛИКОЙ КОРЕЕЙ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

Аннотация

Корея является для нас одной из наиболее приоритетных стран, а также вторым торговым партнером в Азии. Активный рост товарооборота и инвестиционного сотрудничества свидетельствует о высоком уровне взаимодействия. Корея – одной из первых стран признала независимость Казахстана и установила с ним дипломатические отношения. С тех пор двусторонние отношения неуклонно растут. Визит президента Южной Кореи Мун Джэ Ина в Казахстан в 2019 году подтверждает взаимное стремление сторон к дальнейшему развитию стратегического диалога. Поэтому анализ, содержащийся в данной статье казахстанско-корейского сотрудничества имеет большое теоретическое и практическое значение для двух этих стран. Также в статье рассматривается важность взаимоотношений между Казахстаном и Южной Кореей, развитию их доверительных отношений и межнационального общения.

Ключевые слова: Казахстан, Корея, Президент, инвестиция, экономика, визиты, культура, образование.

A.S. Bekmoldanova¹, N.S. Zhamansarin²

¹master student of 2nd course, Department of international relations at the Institute Sorbonne-Kazakhstan of the Kazakh National Pedagogical University named Abai

²Scientific adviser: candidate of historical sciences, assistant professor, head of department of International relations at the Institute Sorbonne-Kazakhstan of the Kazakh National Pedagogical University named Abai

CURRENT STATE OF RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND THE REPUBLIC OF KOREA

Abstract

Korea is one of the highest priority countries for us, as well as the second trading partner in Asia. Active growth in trade and investment cooperation indicates a high level of interaction. Korea was one of the first countries to recognize the independence of Kazakhstan and established diplomatic relations with it. Since then,

bilateral relations have been growing steadily. The visit of South Korean President Moon Jae In to Kazakhstan in 2019 confirms the mutual desire of the parties to further develop the strategic dialogue. Therefore, the analysis contained in the article of Kazakh-Korean cooperation is of great theoretical and practical importance for these two countries. The article also discusses the importance of relations between Kazakhstan and South Korea, the development of their trusting relations and interethnic communication.

Keywords: Kazakhstan, Korea, President, investments, economics, visits, culture, education.

2020 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан мен Корея Республикасының дипломатиялық қарым-қатынас орнатқанына 28 жыл толады. Нақтырақ айтсақ, 1992 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасының арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнады. Содан бастап еліміздің саяси және экономикалық өмірінде қыруар шаруалар атқарылды.

Соңғы 28 жыл ішінде, Қазақстан мен Корея Республикасының арасында мәдениет пен өнер, білім мен ғылым, туризм және спорт салаларында сандық қана емес сапалық өзгерістер де орын алды. Екі ел арасындағы экономикалық емес, рухани байланыстар, жеке тұлғалар мен делегациялардың сапарларынан бастап, ұйымдастырылған көрмелер, фестивальдер және ғылыми конференциялар қарқынды дамып келе жатқан гуманитарлық ынтымақтастыққа ұласты. Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасында алғашқы әдет-ғұрыптардың, діни сенімдердің, отбасы мен қоғам арасындағы қатынастар, қазақтар мен корейлердің антро-пологиялық типі арасындағы ұқсастықтар ерекше байланыс туғызады. Қазақстанда сан жағынан маңызды корей диаспораларының болуы да ел арасындағы достық қарым-қатынасқа әсер етеді. Оңтүстік Корея мәдениеті – фильмдер, телехикаялар және «Халлю» деп аталатын танымал музыка біздің елімізге де жетіп, мыңдаған жанкүйерлер жинады. Халықаралық мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық Қазақстанның халықаралық аренадағы саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Ол Қазақстан мен Корея Республикасының стратегиялық серіктестігінде негізгі мақсаттарға қол жеткізуге қомақты үлес қосуда [1, 169 б.].

Қазіргі таңда Қазақстан мен Оңтүстік Корея стратегиялық әріптестер және оның қарқынды тереңдеу деңгейіне шықты. Нұрсұлтан мен Сеул қалалары арасында саяси қарама-қайшылықтар жоқ. Оңтүстік Корея басшылығы ҚР-дың саяси және әлеуметтік-экономикалық саладағы жетістіктерін жоғары бағалайды, Қазақстанның АӨСШК, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін қолдап, олардың жүзеге асуына белсенді қатысады [2].

Соның дәлелі ретінде, 2019 жылдың 21-23 сәуірінде, Оңтүстік Кореяның президенті Мун Дже Ин Қазақстан Республикасының Перзиденті Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен мемлекеттік сапармен Қазақстанға келді. «Қазақстан, Корея Республикасының «Жаңа Солтүстік саясатын» алға жылжытудағы басты серіктес болып табылады, ол Еуразия құрылығында бейбітшілік орнатуды және экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуді қамтамасыз етеді. Менің сапарым екіжақты қатынастардың ғана емес, сонымен қатар Корея Республикасы мен Орталық Азия елдері арасындағы көпжақты ынтымақтастықты нығайтуға серпін береді деп сенемін» - деді Оңтүстік Корея басшысы.

Келіссөздер барысында екі мемлекет басшылары саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық, инновациялық, мәдениет, спорт және туризм саласындағы өзара тиімді және практикалық ынтымақтастықты нығайту туралы ортақ пікірге келді. Тараптар Қазақстан мен Корея арасындағы екіжақты сауданың өсуіне қанағаттанушылық білдірді және сауда-экономикалық және инвестициялық салаларда өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін одан әрі бірлескен күш-жігер жұмсауға шешім қабылданды. Олар Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы жаңа (жанар-тылған) экономикалық ынтымақтастық туралы «Fresh Wind» бағдарламасына қол қойылуын құптады, онда инфрақұрылым құрылысы, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және мәдениет сияқты түрлі салалардағы ынтымақтастықты дамытудың нақты бағыттары көрсетілген. Тараптар үкіметаралық комиссия құрамында осы бағдарламаның іске асырылуын қадағалап отыруға келісті [3].

Корея біз үшін ең басым елдердің бірі, сондай-ақ Азиядағы екінші сауда серіктесі болып табылады. Тауар айналымы мен инвестициялық ынтымақтастықтың белсенді өсуі өзара іс-қимылдың жоғары деңгейін көрсетеді. 2018 жылы тауар айналымының көлемі 4 млрд. АҚШ долл. құрады, ал 2019 жылдың бірінші жартысында 2,7 млрд. долларға жетіп, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінің көрсеткіштерінен екі есеге артық екенін көрсетеді. Корея тарапы еліміздегі инвестициялық ахуалды жетілдіру саясатымен егжей-тегжейлі танысып, Қазақстан экономикасына белсенді инвестиция салуға шақырды. 2005 жылдан бастап 2019 жылдар аралығында Корея ҚР экономикасына 5,3 млрд. доллар салды [4]. Екі ел арасындағы жүргізілген келісімдер барысында, тараптар сауда-экономикалық ғылыми-техникалық ынтымақтастық

жөніндегі үкіметаралық комиссияның сауда және инвестициялар саласындағы екіжақты қатынастарды дамытуда маңызды рөл атқаратындығын растады және 2019 жылы 20 наурызда өткен комиссияның 8-отырысының нәтижелерін құптады [3]. Айта кететін жайт, 2019 жылғы 20 наурызда Сеулде сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның 8-ші отырысы өтті. Өнеркәсіп, энергетика, жер қойнауын пайдалану, көлік, құрылыс, ауыл шаруашылығы, ғылым және АКТ, денсаулық сақтау, білім және т.б. салаларда екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, қатысушылар экономикалық және инвестициялық байланыстарды кеңейтуге өзара қызығушылықтарын растап, перспективалық екіжақты жобаларға ерекше көңіл бөлді [5].

Қазіргі таңда Қазақстанда 330-дан астам біріккен Қазақстан-Корея компаниялары жұмыс атқаруда, мысалы: Samsung, LG Electronics және LG International, SK Corp., Hyundai Motor Company, NTC, Ritex және құрылыс фирмалары Dongil Highvill, Yurim, SungWon және Hanjin [6]. Оңтүстік Корея президентінің Қазақстанға жасаған іс сапарында Корея «Цифрлық Қазақстан 2018-2022» мемлекеттік бағдарламасына қатысуға қызығушылық білдірді және экономиканың барлық салаларын цифрландыру тәжірибесімен бөлісуге дайын екендігін көрсетті. Сондай-ақ, Қазақстан Корея тарапынан Нұрсұлтан қаласында қазақстандық-корейлік бірлескен халықаралық IT-орталық құру туралы бастаманы қолдады.

Екі ел ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Кореяның Білім министрлігі арасындағы білім саласындағы ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қоюды құптай отырып, Корея үкіметінің түрлі бағдарламалары бойынша қазақстандық азаматтардың қолдауын күшейту арқылы білім беру саласындағы кадрлық ресурстармен алмасуды жандандыруға шешім қабылдады [3].

Екі елдің ЖОО-ның арасындағы ынтымақтастық формалары төмендегідей болуы мүмкін:

- студенттермен, аспиранттармен, докторанттармен, оқытушылармен алмасу;
- бірлескен ғылыми конференциялар, симпозиумдар, семинарлар өткізу;
- Корея тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарын бірлесіп әзірлеу;
- профессорлық оқытушылық құрамының ғылыми мақалаларын екі елдегі академиялық журналдарда, ұжымдық монографияларда жариялау;
- ғылыми білім беру гранттары мен стипендиялар ұсыну;
- бірлескен зерттеулер жүргізу;

Қазақстанның барлық дерлік ірі жоғары оқу орындары мен Кореялық серіктес университеттер арасында стандартты ынтымақтастық келісімдер, академиялық алмасулар немесе өзара түсіністік туралы меморандумдар бар [1, 203 б.]. Сондай-ақ, Қазақстан мен Оңтүстік Кореяның дипломатиялық қатынастардың орнауының 30 жылдығына орай 2022 жылды Мәдени алмасу жылы деп белгілеуге және түрлі мерейтойлық шараларды өткізуге келісті [3]. Оның себебі ретінде, соңғы 20 жыл ішінде Қазақстан мен Оңтүстік Кореяда өткен мыңдаған көрермендер мен тыңдаушылардың назарын аударған көптеген концерттер, көрмелер, театр қойылымдары, сән көрсетілімдері, көркем фильмдер және т.б. атап өтуге болады. Қазақстанға бірнеше рет республика туралы деректі фильм, телебағдарлама түсіру үшін Оңтүстік Кореяның ірі теле және радиокөрсеткіштерінің командасы келді. Соңғы жылдары еліміздің жетекші телеарналарында қазақ және орыс тілдерінде оңтүстік корейлік телехикаялар үлкен жетістікпен көрсетілуде. Өз кезегінде танымал қазақстандық әншілер, вокалды және хореографиялық ансамбльдер, музыканттар бірнеше рет Оңтүстік Корея сахналарында өнер көрсетті. Мәдени алмасулар үшін тек қана әртістердің гастрольдерге қатысып өнер көрсетуі ғана емес, сонымен қатар, Оңтүстік Кореяда өтетін маңызды мемлекеттік іс-шаралар, мемлекет басшыларының, үкімет делегациясының кездесулері, форумдар да аса маңызды орын алады [1, 170 б.].

Корея Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құру тәжірибесіне назар аударады. Қазақстанның ядролық қарусыздану және жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау саласындағы тәжірибесімен бөлісуге дайын екендігін ескере отырып, екі ел осы бағыттағы диалог пен ынтымақтастықты жалғастыруға шешім қабылдады. Тараптар КХДР ядролық мәселелерін бейбіт жолмен шешу және корейаралық қатынастардың дамуы тек Корея түбегінде ғана емес, бүкіл әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға ықпал етеді деген пікірде. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Кореяның толық ядролық қарудан арылуына қол жеткізу және Корея түбегінде тұрақты бейбітшілік жүйесін құру, сондай-ақ корейаралық қатынастарды дамытуда өзінің дәйекті қолдауын тағы да қуаттады [3]. Мәселен, Қазақстан қарусыздану жөніндегі өзінің тарихи тәжірибесімен, сондай-ақ ядролық қауіпсіздікке және жаппай қырып-жоятын қаруды таратпауға деген ерекше ықыластың арқасында табыстың ерекше үлгісін көрсетті. Бұл мысал, ең алдымен, ядролық мәртебе алғысы келетін елдерге ядролық қару жарқын болашақтың кепілі емес, керісінше болатындығын

айқын көрсетеді. Ядролық мәселе бойынша жаңа келісімдер жасау жөніндегі Қазақстанның ұсыныстары ядролық державалар мәртебесі бар елдердің бұл мәселені қайта қарауына қайта серпін беруі мүмкін [7].

Қорытындылай келе, Қазақстан мен Оңтүстік Кореяның аз уақыт ішінде дипломатиялық қатынастар орнатып, стратегиялық серіктестерге айналғанын көріп отырмыз. Қазақстан үшін Оңтүстік Корея – экономикалық, технологиялық және адами өлшемдердің барлық көрсеткіштері бойынша жетекші елдердің қатарына кіретін, қарқынды дамып келе жатқан және болашаққа ұмтылатын заманауи мемлекет. Корея мен Қазақ қатынасы әлі де болашақта жаңа белең алып, жаңаша дамып, келешекте екі елдің ынтымақтастығы нығая түседі деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ким Г.Н. *Казахстан – Южная Корея: по пути стратегического партнерства: монография, - в двух книгах. Книга 1. Этапы партнерства и сотрудничества.* – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2012. – С.390.

2. *Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы қатынастар. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты.* [Электронды ресурс]- 2018 ж. – URL: <http://www.mfa.kz/kz/content-view/sotrudnichestvo-respubliki-kazakhstan-s-respublikoj-koreya> (2020.14.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

3. *Казахстан и Южная Корея договорились о сотрудничестве. Forbes Kazakhstan.* [Электронды ресурс]- 2019 ж. – URL: <https://forbes.kz/process/kazakhstan-i-yujnaya-koreya-dogovorilis-o-sotrudnichestve/> (2020.14.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

4. *Қазақстан мен Корея жан-жақты ынтымақтастықты нығайту ниетін растады. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты.* [Электронды ресурс]- 2019 ж. – URL: <http://www.mfa.kz/kz/content-view/kazakhstan-i-korea-podtverdili-namerenie-ukreplat-vsestoronnee-sotrudnicestvo> (2020.14.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

5. *Сеулде сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Корея үкіметаралық комиссиясының 8-ші отырысы өтті. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты.* [Электронды ресурс]- 2019 ж. – URL: <http://mfa.gov.kz/kz/content-view/v-seule-sostoalos-8-e-zasedanie-kazahstansko-korejskoj-mezpravitelstvennoj-komissii-po-torgovo-ekonomiceskomu-i-naucno-tehniceskomu-sotrudnicestvu> (2020.14.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

6. Құрмашев Е.Д. *Оңтүстік Кореяның Қазақстан экономикасына салған инвестициялық саясатының аспектілері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Халықаралық өмір және саясат» сериясы – 2015. – №2(41). – С.110.*

7. Камбар Н.С., Сембинов М.К. *Пример Казахстана по разрушению и нераспространению ядерного оружия как решение проблемы века // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Халықаралық өмір және саясат» сериясы – 2019. – №1-2(56-57). – С.50.*

УДК 330.34
МРНТИ 08.00.01

Бектемир Х.А.¹, Канафина Г.Е.²

¹магистрант 2 курса, Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая
²к.п.н., старший преподаватель, Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

ДИНАМИКА И ПЕРСПЕКТИВЫ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

Экономика Казахстана испытала в 2020 году двойной шок – внешний и внутренний. Первый был вызван ухудшением ситуации в ключевой для страны нефтегазовой отрасли (резкое снижение цен на нефть и сокращение добычи), второй – введением карантинных мер из-за пандемии коронавируса. В рамках базового сценария Аналитического кредитного рейтингового агентства используются следующие ключевые допущения: цены на нефть в прогнозный период (до 2024) будут находиться в диапазоне \$40-\$55/барр., ограничения по добыче нефти, действующие по условиям ОПЕК+, окажутся непродолжительными (затронут лишь 2020), а негативное воздействие карантинных мер на реальный сектор экономики будет особо ощутимым в текущем году и снизится в 2021-м.

Ключевые слова: экономика, динамика, перспективы, пандемия, нефть, влияние.

Х.А. Бектемир¹, Г.Е. Канафина²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институты, 2 курс магистранты.
²Ph.D., аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институты,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ДИНАМИКАСЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Аңдатпа

В заключении нужно отметить что, одним из главных факторов при проекте «Один пояс, один путь» является не подготовленность научной и профессиональной базы Казахстан к новым вызовам. Тем самым это говорит о привлечении рабочей силы из вне, что конечно же не даст казахстанцам новых мест работы. Что вызовет может вызвать среди населения массу недовольств и распрей. Для предотвращения конфликта нужно ее решить в самом начале пути, то есть требуется подготовить и обучить отечественные кадры для реализации проектов, постройка и подготовка институтов для осваивания новых технологий является одной из важных задач. Конечно рабочие места не единственная проблема, а одна из Китайская волна может поглотить Казахстан медленно и полностью. А для решения этих проблем, как говорилось выше, нужно составить четкую стратегию по защите национальных интересов страны, построение четкого плана, основывая на ракурсе внешнеполитических и экономических планов КНР. Анализ рынка Китая, зоны ее влияния, сильные и слабые стороны для уменьшения урона по экономике Казахстана. Для того что бы быть подготовленным к новой экономической матрице требуется четкий анализ внешней политики восточного соседа, и ответ капиталистического мира на его вызовы. В быстро развивающемся мире каждый шаг экономических гигантов должен быть проанализирован и конечно же подготовлена стратегия на новые реалии мира.

Список использованной литературы:

- 1 Статистические данные «World Bank» ВВП Китая [Электрон.ресурс]. – 2020. – URL: <https://data.worldbank.org/country/china> (дата обращения: 03/18/2020).
- 2 Чумаченко Т.Н. Отдельные аспекты взаимодействия Китая и Казахстана в сфере безопасности //Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Международная жизнь и политика», №1-2(56-57), 2019 г. – С.91.
- 3 Доклад Си Цзиньпина на 19-м съезде партии КПК в Синьхуа 2017г. Казахстане [Электрон.ресурс]. – 2017. – URL: http://russian.china.org.cn/exclusive/txt/2017-11/04/content_41845752.htm (дата обращения: 03.11.2017).

УДК 327; 339.9
ВАК 23.00.04

Б.С. Шокенов¹

¹т.ғ.к., Тарих және қоғамдық ғылымдар Академигі,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
Сорбонна-Қазақстан институтының халықаралық қатынастар кафедрасының доценті

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ ЫНТЫМАҚТАСТАҒЫНЫҢ ЖАРАСЫМДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада автор бүгінгі таңдағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы өзара шекаралық межелеу мәселесін қарастырады. Қытай мен Қазақстан арасындағы XVII-XVIII ғасырларда «Жібек жолы» бойында жүзеге асқан қарым-қатынас, 1993 жылы ҚР Предиценті Н.Ә. Назарбаевтың Қытай Халық Республикасымен «өзара достық қарым-қатынастарының негіздері туралы Бірлескен декларациядан» бастау алды. 2002 жылы 10 мамырда ҚР мен ҚХР арасындағы мемлекеттік шекара сызығын декларациялау жөніндегі хаттамаға қол қойды. Осыған сәйкес, Қазақстан-Қытай шекарасының жалпы ұзындығы 1782 шақырым; оның 1215 шақырым құрлықтағы шекараға, ал 566 шақырымы өзен көлдердегі шекарамен өтеді. Шекараның анықталуы нәтижесінде, екі жақ шекаралық қалыпты жағдайдың тұрақтануына, сондай-ақ, ХХІ ғасырға бағытталған Қытаймен тату көршілік қарым-қатынастың дамуына себін тигізері сөзсіз.

Түйін сөздер: сауда қарым-қатынастар, экономикалық серіктестік, халықаралық проблемалар, мемлекеттік жүйе, Қазақстан-Қытай шекарасы, мәдени ақпараттық ынтымақтастық.

Шокенов Б.С.¹

¹к.и.н., доцент кафедрасы *Международных отношений*,
Институт Сорбонна-Казakhstan при КазНПУ им. Абая

СОВМЕСТИМОСТЬ СОТРУДНИЧЕСТВА МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КИТАЕМ

Аннотация

В статье рассматриваются геополитические и межпограничные отношения между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой на современном этапе. Установленные в XVII-XVIII веках первые таможенные отношения между Казахстаном и Китаем, положившие начало «Шелковой пути», были возобновлены в 1993 год после подписания Президентом РК Н.А.Назарбаевым с Китайской Народной Республикой «Взаимной декларации о дружественных взаимоотношениях». 10 мая 2002 года была подписана декларация об определении границы между РК и КНР. В соответствии с ней общая продолжительность казахстанско-китайской границы составляет 1782 километра; 1215 километров которой простираются на суши и 566 километров занимают реки и озера. В результате определения границы были упрочены геополитические отношения обеих сторон, а также были заложены на перспективное развитие в ХХІ веке идеи взаимного добрососедского сотрудничества.

Ключевые слова: торговые отношения, экономическое партнерство, международные проблемы, государственная система, Казахстанско-китайская граница, культурное информационное содружество.

B.S. Shokenov¹

¹PhD in Historical sciences., associate Professor of the Department of International relations,
Sorbonne-Kazakhstan Institute at Abai KazNPU

COMPATIBILITY OF COOPERATION BETWEEN KAZAKHSTAN AND CHINA

Abstract

The article examines the geopolitical and cross-border relations between the Republic of Kazakhstan and the People's Republic of China at the present stage. The first customs relations between Kazakhstan and China, established in the XVII-XVIII centuries, which initiated the "Silk road" were renewed in 1993 after the signing of

the President of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev with the people's Republic of China "Mutual Declaration of friendly relations". On May 10, 2002, the Declaration on the definition of the border between the RK and the PRC was signed. In accordance with it, the total duration of the Kazakh-Chinese border is 1782 kilometers; 1215 kilometers of which stretch on land and 566 kilometers are occupied by rivers and lakes. As a result of the definition of the border, the geopolitical relations of both sides were consolidated, and also the ideas of mutual good-neighborly cooperation were laid long-term development in the 21st century.

Key words: trade relations, economic partnership, international problems, state system, Kazakh-Chinese border, cultural information workforce.

Атам замнан бері жер дауы, дүние жүзінде алпауыт соғыстар туғызып келгенін халық жақсы біледі. Сондықтан да Қазақтар өз жерлерін найзаның ұшымен білектің күшімен, қасықтай қандары қалғанша қорғап келді. Ал, өзінің азаттығына тек XX ғасырдың соңында ғана қол жеткізді. Кеңес Одағының ыдырауы ең ірі оқиғаның бірі болып, жалпы халықаралық жағдайдың өзгеруіне тікелей әсер еткені барша жұртқа белгілі. Бұрынғы Кеңес одағының үлкен шаңырағынан бөлініп, жаңа отау көтерген дербес елдердің бірнешеуі Қытай Халық Республикасымен жаңа мәдени, саяси байланыстар орнатты. Олардың қатарында Еуропа мен Азияның тоғысында тұрған Қазақстан Республикасы және бірнеше жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Қытай Еуразияның жүрегінде орналасқан Қазақ елі үшін дүниежүзілік сауда қарым-қатынастарын жүргізуде теңіздерге шығар мүмкіндік, әрі маңызды экономикалық серіктес мемлекет болып табылады. Сол себепті де өзара экономикалық, мәдени ақпараттық ынтымақтастықтың орнауы екі жаққа да тиімділігімен ерекшеленеді.

Қытайдың алға қойып отырған басты міндеті-реформа жүргізіп, ел экономикасын дамыту. Бұл міндетті орындау үшін бейбіт және тұрақты халықаралық орта қажет. Сол үшін Қазақстанмен бейбіт жағдайда тепе тең тұру принципінің негізінде қарым-қатынасты дамыту, Қытай сыртқы саясатының басты бір бағыттарының бірі болып табылады.

Қазақстан мен Қытай мемлекеттері арасындағы өзара қарым-қатынас кезіндегі Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы заманында, үзіліп қалған ежелгі «Жібек жолын» қайта жаңғыртып, қазіргі заманауи даму жолын жалғастырып, проблемалық міндеттерді шешіп отыр.

Соған орай еліміздің бұрынғы Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан-Қытай қатынасына ерекше назар аударып, үлкен мән береді және соған орай былай деп өз ойын ашық білдірген болатын: «Меніңше адамзаттың ХХІ ғасырдағы дамуы көбінен көп қытаймен байланысты болады. Көптеген елдер Қытаймен арақатынасты өзінің сыртқы саясатының негізгі өзегі деп түсінеді. Ал Қазақстан үшін осындай болашағы зор, экономикасын қарышты қадаммен дамытып келе жатқан мемлекетпен ойдағыдай қарым-қатынас орнату айрықша маңызға ие». Сөз жок, өз тарапынан Қытай елбасшылары да Қазақстанмен өзара қарым-қатынасына баса мән беріп отыр. Мәселен, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзянь Цземинь былай дейді: «Қытай мен Қазақстан басшылары екі елдің дәстүрлі достық қарым-қатынастарын дамытуға зор маңыз береді. Соңғы жылдары менің және президент Н.Ә. Назарбаевтың арасында осы күнге дейін көп кездесулер өтті. Біздің арамызда қазірдің өзінде бірлескен саяси құжаттарда өз бейнесін тапқан және екі жақты қарым-қатынастарымыздың тұрақты дамуы үшін берік саяси жаңа қарым-қатынастың заңды ірге тасы болып отырған екіжақты қарым-қатынастардың және ірі халықаралық проблемалардың үлкен тобы бойынша ортақ түсініктің бірқатарына қол жеткіздік» - деп көрсетеді. Жалпы, Қазақстан Қытай қарым-қатынас және оны дамыту, әсіресе шекаралық межелеудегі өзара бір байламға келу сынды мәселелер екі ел үшін де өте маңыздылығымен ерекшеленеді. Сондықтан бұл мәселелерді талдап, сараптау қажетті және маңызды.

Әсіресе, Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасына қатысты ұстанып отырған саясаттағы стратегиясы жалпы Қытайдың даму потенциалы мен дүние жүзіндегі геосаяси жағдайына және оның елімізге қатысты сыртқы саясаттағы алар орнынан туындайды.

Жалпы, Қытай мен Қазақстан арасындағы қарым қатынастардың мыңдаған жылдық тарихы бар. Ежелгі Қытай жылнамаларындағы Қытай тілінен аударғандағы Батыс аймақ деген ұғым беретін Сиюи атты сөз, ең алдымен, Шығыс Түркістан мен Қазақстан және Орта Азия өлкелерін меңзейді және Батыс пен Шығыстың жалғаушы Ұлы Жібек жолы да осы елдер арқылы өткендігін барша жұрт біледі. Ал осы байланыстардың орнауы б.э.д. II ғасырда үйсін тайпалық бірлестігі мен Хан патшалығы заманынан басталады. Содан бергі ұзақ тарихи дәуірде қазақ халқының арғы тегі болған тайпалар Азияның орталығындағы Қытай патшалығымен тығыз қарым-қатынастарын бірде жиілетіп, бірде сиретіп отырғаны бізге тарихтан белгілі.

Ал қазақ халқы бүгінде, өзі жеке ұлт болып қалыптасып, өз алдына біртұтас мемлекет ретінде Қытай елімен өзара қарым-қатынас орнатып отыр Ұлы көршісіне қатысты сыртқы саясатын анықтауы XVII-XVIII ғасырлардан бастау алды.

XVII-XVIII ғасырда қазақ халқы үшін Жоңғарлардың шапқыншылық соғыстарының өршіген, жұт пен жоқшылық жылдары болды. Жоңғар шапқыншылығы қазақ хандығының ішкі тұтастығына үлкен іріткі салды. Өзара феодалдық қақтығыстар да туғызды. Құлдыраған елді біріктіру мақсатындағы атқарылған басты шара XVIII ғасырдағы Цин империясымен тікелей байланысқа мүдделі етті. Шын мәнінде бұл байланыс екі жақтың да мүдделігінен туындаған болатын. “Қазақтар Цин империясына арқа сүйеу арқылы өзінің саяси дербестігін сақтап қалуды көздеумен бірге Цин патшалығының қарауына өткен ата мекендерін бейбіт жолымен қайтарып алуды мақсат етті, сондай-ақ экономикалық жағынан Қытайлықтармен айырбас сауда жасау арқылы өздерінің тұрмыстарын жақсартуды көздеді - деген ойды осы кезеңді зерттеуші Н.Мұхаметханұлы тарихи деректермен дәлелдеп берді. Ал, Цинь патшалығы өз тарихында қазақтармен достық қарым-қатынастар орнату арқылы, қазақтарды Ресейдің шығысқа қараған шабуылына тосқауыл жасағысы келді және сол арқылы өздерінің батыс шекараларының тыныштығын қамтамасыз етуді мақсат етті. Дегенмен бұл байланыс ұзаққа созылмай, XIX ғасырдың 60 жылдарына дейін жетті. Оның себебі, Цин патшалығы іштей құлдырап, бұрынғы империялық құдіретінен айырыла бастады. Европа мен АҚШ елдері Қытай мемлекетін жартылай отар, жартылай феодалдық мемлекетке айналдырды. Ел ішінде қырқыстар күшейіп, бұқаралық қозғалыстар белең алды. Ал патшалық Ресейдің отаршылдары дәл осы кезде Орта жүзбен Ұлы жүзді өзіне бағындырып бүкіл Қазақстанға өзінің үстемдігін орнатқан соң, қазақтардың Цин патшалық үкіметі мен тіпті олардың Тянь-Шань өңіріндегі халықтармен байланыс жасауын шектеткен еді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның Ресейге толық қосылып, өлкеде патша үкіметінің мемлекеттік жүйесінің күшпен енгізілуі екі ел арасындағы байланысты тоқтатқан болатын.

Сондай-ақ, ең басты нәрсе қазіргі Қазақстанның Қытаймен шекарасының нобайы XIX ғасырдың 60-90 шы жылдары-ақ анықталды. Ол төмендегі шарт негізінде белгіленген болатын:

- 1860 жылғы 2 қарашадағы Пекин қосымша шарты. Онда шекараның жалпы бағыты анықталды;

- 1864 жылғы 25 қазандағы Шәуешек хаттамасы. Шекраның географиялық бағыттар бойынша өтуін нақтылап берді;

- 1881 жылғы 12 ақпандағы Санкт Петербург шарты. Шекараның Зайсан көлі ауданы арқылы өтуі нақтыланды және Қытайға Құлжа қаласы орталығы болып табылатын Іле өлкесі қайтарылды.

Бұдан кейін 1882-1890 жылдары шекаралық бағандармен жұмыстар жүргізіліп, 1894 жылдың басында Ресей және Цин үкіметінің ұзақ жылдардағы жұмысы Орталық Азия шетіндегі Ресей-Қытай шекарасының белгіленуімен аяқталған еді.

Сонымен бірге аталған уақытта Шәуешек хаттамасы бойынша бұрын қазақ хандығына тиесілі болған үш аймақ Қытайдың қол астына өтіп, миллионға жуық Қазақ қандастарымыз көрші мемлекеттің диаспорасына айналған еді.

Ал Патшалық Ресей, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мемлекеттерінің құрылымын қалыптастырған тұста олардың Қытайға қатысты арнайы анықталған саясаты болған жоқ. Оның үстіне бұл кезде Батыс Европа мен АҚШ экспансиясына ұшыраған Цин империясы белгілі бір сыртқы саясат жүргізуге қабілетсіз болатын. Тек 1917-1922 жылдары жаңа қалыптасқан Кеңес үкіметіне жергілікті орында жоғалған барлық дерлік шекараны күзетке алып, екі жақтың келісімінсіз біржақты түрде шекраны жылжытты. Мәселен, қазіргі Шығыс Қазақстан аймағындағы Мақаншы және Алакөл аудандарының шекара учаскелерінде 20-дан астам шекара белгілерін алып тастаса, ал Панфилоф аданындағы Қорғал өзенінің жоғары жағында және Алакөл ауданындағы біраз жерлер (Сарышілде өзені) 10-20 шақырымға дейін Қытай жағына жылжытылды.

Бұдан соң 1949 жылы Қытай коммунистерінің өкімет басына келуінен бастап Кеңес-Қытай қатынастары бір жүйеге түсіп, оның ішінде Орталық Азия аймағына байланысты мәселелер де бір қалыпқа енді. 50 жылдардың ортасына қарай, Шыңжаң Қытайдың тәуелсіз провинциясы құқығымен қоштасып, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданына айналды, бұл аймақтың Орта Азия мен Қазақстан Кеңестік Республикалармен өзара байланыстары тек Мәскеу мен Пекин арқылы ғана жүзеге асырылатындай дәрежеге жеткенеді.

1950 жылы 14 ақпанда қол қойылған Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы «Достық, одақтастық және өзара көмек келісіміне» орай екі ел арасында

әскери-саяси одақтарға лайық, жаңа қарым-қатынастар өз бастауын алды. Дегенмен екі ел арасындағы шекара мәселесін шешуді қайта қолға алу нақты жолға қойылмаған болатын.

Ал, Қазақстан мен Қытай арасындағы шекаралық келісімдер 1993 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына алғашқы ресми сапары кезінде қол қойған болатын. Екі ел арасындағы нағыз келісім, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы «өзара достық қарым-қатынастарының негіздері туралы Бірлескен декларациядан» бастау алды. Бұл байланыс жас тәуелсіз мемлекеттің мемлекет аралық межелеу көрші мемлекеттермен бейбіт дипломатиялық жолмен шешуі үшін маңызды шаралардың бірі болды.

1964 жылдан бері қытай үкіметі ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында белгіленген шекаралық сызықты нақты емес деп есептеді, яғни, ол Қытай әлсіз Ресей мықты держава кезінде жүргізілді, сондықтан да Қытай Халық Республикасының қазіргі үкіметі қайта қарауға тырысқан болатын. Нәтижесінде тәуелсіздік алғаннан кейін жалпы көлемі 34000 шаршы шақырым болатын 19 учаскеде бұрынғы кеңес Республикалары – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Қытай арасында территориялық таластар туғызды.

Көлемі 2235 шаршы шақырым болатын 11 учаске шекараның қазақ-қытай бөлігіне, көлемі 3728 шаршы шақырым 5 учаскелік қытай-қырғыз бөлігіне және көлемі 28430 шаршы шақырым 3 учаске қытай-тәжік бөлігіне келді.

Қытай қол астында 19 учаске оның ішінде шекараның қазақ-қытай бөлігінде көлемі 200 шаршы шақырым 1 учаске болды. Қырғызстан мен Тәжікстанның бақылауында көлемі 230 шаршы шақырым және 2800 шаршы шақырым бір-бір учаске болды. Бұдан өзге 11 учаскеге екі жақтың да адамдары кіре алатын, оның сегіз учаскесі қытай-қазақ шекарасында қалды.

1994 жылы сәуірде Қытай премьерінің Қазақстанға сапары кезінде ел басшымыз Н.Ә. Назарбаев пен Ли Пэн қазақ-қытай мемлекеттік шекарасы жөнінде келісімге қол қойды. Бұл құжат күрделі мәселені шешудің ең алғашқы қадамы болды. Цзянь Цземинь Н.Назарбаевтың шекараны заңды бекіту туралы ұсынысын қуаттай отырып: «Қытайдың - Қазақстанға ешқандай территориялық талабы жоқ, шекаралық мәселелер бізге тарихтан қалған. Оларды келіссөздер арқылы шешуге болады», - деп атап көрсетті.

Осы жылы құжат бойынша шекара сызығы түгелдей анықталды, тек екі кішігірім учаске - Алматы облысындағы Алакөл ауданындағы Сарышілде өзенінің аңғарында көлемі 315 шаршы шақырым учаске мен Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданындағы Шоған Оба мен Баймырза ауданындағы көлемі 629 шаршы шақырым учаске қалғанын сол уақыттағы Сыртқы істер Министрі болып отырған кезде Қ.Тоқаев мәлімдеген болатын.

1998 жылы 4 шілдеде Қазақстан – Қытай мемлекеттік шекарасы жөнінде ұзаққа созылған келіссөз процесі аяқталды. Қытай Халық Республикасының төрағасы Цзянь Цзэминнің Қазақстанға келген екі күндік сапары кезінде екі ел басшылары шекараны түпкілікті белгіленген және ортақ шекарадағы екі таласты учаске жөнінде мәселені шешкен тарихи келісімге қол қойды.

1998 жылы 4 шілдеде қол қойылған қосымша мәселе бойынша Сарышілде өзені ауданындағы учаскеде, өткен ғасырдағы келісімге негізделген Қытай жағының дәлелдерінің мықтылығын ескере отырып, Қазақстан жағына жалпы көлемі 95 шаршы шақырым территория тиді. Қытай Сарышілде өзенінің оң жағалауы, сондай-ақ, оның сол саласы Құлағансай бастауының ауданына ие болды.

Шоғаноба мен Баймырза асулары ауданындағы учаскеде Қазақстан жағының дәлелдерінің артықшылығына орай, Қазақстанға батысынан Сауыр жотасының Оңтүстік етегінен Шоғаноба асуына дейінгі жер, Жүректау жотасы және Шоғаноба мен Керегетас өзендерінің салалары мен аңғарлары, жалпы көлемі 442 шаршы шақырым территория тиесілі болды. Оның үстіне Қазақстан жағына екі шекара заставасы, орманшылар мекені, барлық ормандар мен көшпелі мал шаруашылығы аудандарының көбі қалды. Қытайға 7 жалпы көлемі 187 шаршы шақырым жер берілді. Осылайша келісілген екі учаскенің 944 шаршы шақырымы жалпы көлемінен Қазақстанға 537 шаршы шақырым (56,9%), Қытайға 407 шаршы шақырым (43,9%) тиді.

Ал 2002 жылы 10 мамырда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы және Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаев ҚХР ның Мемлекеттік кеңес премьері орынбасары Цзянь Циченмен және сыртқы істер министрі Тан Цзясюанмен кездескен болатын. Екі мемлекеттің сыртқы саяси ведомстволарының басшылары Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара сызығын декларациялау жөніндегі хаттамаға қол қойды. Бұл құжат екі ел арасындағы көптен шешімін таппай келе жатқан шекара мәселесін шешу үрдісіне нүкте қойды. Хаттама мен оған қосымша құжаттарға сәйкес, Қазақстан-Қытай шекарасының жалпы ұзындығы 1782 шақырым; оның 1215

шақырым құрлықтағы шекараға, ал 566 шақырымы өзен көлдердегі шекарамен өтеді. Шекара сызығы 599 шақырымы шекара белгілерімен белгіленген. Шекараның анықталуы нәтижесінде, екі жақ заңды бекітілген шекараға ие болды. Бұл әрине, шекаралық қалыпты жағдайдың тұрақтануына, сенімнің беки түсуіне, сондай-ақ, ХХІ ғасырға бағытталған Қытаймен тату көршілік қарым-қатынастың дамуына себін тигізері анық.

Қорыта келе айтарымыз Қазақстан мен Қытай қазіргі кезде жаңа геосаяси жағдайда өмір сүріп отыр. Екі елдің шекарасы өте ұзын әрі шекара маңында орналасқан көптеген ұқсас ұлттар мен ұлыстар бар және соған орай өзара саяси, әлеуметтік-экономикалық мәдени қатынасы жанданған елді мекендер өте көп. Осы екі елдің ежелден шешілмей келе жатқан жер дуын шешуде Қ.Тоқаев сыртқы істер миистірі болып жүрген кездің өзінде-ақ даусыз, тарихи жағдайларды ескере отырып, дипломатиялық тұрғыда әділ шешіп берген еді. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтің екі ел арасындағы даулы жағдайды әділ шешудегі сіңірген еңбегі өте зор. Сол себепті де екі ел арасындағы татуластық пен өзара ынтымақтастық болашақта жалғасын тауып, тиімді жолдармен шешіле бермек және оның одан әрі дамуын жалғастыру өзара ұстаным мен ой түйіндеу, жас ұрпақтың еншісінде қала бермек деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. *Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен даму стратегиясы.* – Алматы: «Атамұра», 1992. – 138-бет.
2. Абенов Е. *Внешние политические интересы РК урок и перспективы. Саясат.* – Алматы, 1995. – С.187.
3. Мұхаметханұлы Н., Сейдин Н. *Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасында мемлекеттік шекара мәселесінің шешілуі.* (Ақиқат, 2002, 11. – 20-б.
4. Тоқаев К. *Откуда взялись эти спорные участки.* (Новое поколение, 1999, 12 марта. – С.21.
5. Чжен Кун Фу. *Геополитика Казахстана. Межд прошлым и будущим.* – Алматы: «Жеті жарғы», 1999. – С.269.
6. Калибетов М., Назарбаева Д. *Политика Казахстана: От интеграции к сотрудничеству.* Саясат, 1996, 10. – С.15-16.
7. *Қазақстан Республикасымен Қытай Халық Республикасының арасындағы біріккен декларация.* Егемен Қазақстан, 1996, 27 сәуір.
8. Тоқаев Қ. *Даудың үлкені - жер дауы. Қытаймен шекара туралы келісім. Ол қалай шешілді?* Егемен Қазақстан, 2000, 21 сәуір.
9. Тоқаев К. *Под стягом независимости. Очерки внешней политики Казахстана.* – Алматы: «Жеті жарғы», 1997. – С.192.
10. Абиев Б. *Қазақстан Республикасымен Қытай Халық Республикасының арасындағы шекара мәселелері.* (Егемен Қазақстан, 2000, 31 мамыр. 7,8 б.).

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖҮЙЕСІН
ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ
ТРАНСФОРМАЦИЯ СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЫ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ
TRANSFORMATION OF THE MODERN SYSTEM OF INTERNATIONAL RELATIONS**

УДК 327.55
МРНТИ 23.00.04

Ж.Д. Әлен¹, М.К. Сембинов²

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті,
Сорбонна-Қазақстан институтының I-курс магистранты

²Ғылыми жетекші: т.ғыл.к., доцент, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті,
Сорбонна-Қазақстан институтының халықаралық қатынастар кафедрасының профессоры
Алматы қ., Қазақстан

ФРАНЦИЯНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

Аңдатпа

Бұл мақала Францияның Орталық Азияға инвестициялық саясатына арналған. Қазіргі таңда, Орталық Азия, Еуропа мен Азия елдері арасындағы интеграцияның орталығына айналуы мүмкін. Дамыған елдердің әлемдік тәжірибесіне сүйенсек, шетелдік инвестициялардың келуі және оларды пайдалануда тиімді мемлекеттік реттеу ел экономикасына оңтайлы әсер етеді. Инвестициялар экономикалық дамудың орташа және төмен деңгейіндегі елдерде жеке кәсіпкерліктің қалыптасуына және нығаюына ықпалын тигізеді. Елдің экономикалық тұрғыдан дамуы үшін, инвестициялар экономикалық өсуге және халықара-лық нарыққа қол жеткізуге мүмкіндік беретін катализатор болып табылады. Осы зерттеу аясында Францияның Орталық Азияға инвестициялық саясаты зерттелді, сонымен қатар Қазақстаннан басқа Орталық Азия елдеріндегі Францияның инвестициялық саясатының проблемалары анықталды, сондай-ақ Қазақстандағы Францияның инвестициялық саясатының дамуы көрнекті түрде көрсетілді.

Түйін сөздер: инвестициялық саясат, Франция, Орталық Азия, Еуропа, экономика

Әлен Ж.Д.¹, Сембинов М.К.²

¹магистрант I курса, Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая,
²Научный руководитель: кандидат исторических наук, доцент ВАК, профессор кафедры
международных отношений в Институте Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая
г. Алматы, Казахстан

ИНВЕСТИЦИОННАЯ ПОЛИТИКА ФРАНЦИИ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Аннотация

Данная статья посвящена инвестиционной политике Франции в Центральной Азии. В настоящее время, именно Центральная Азия может стать центром интеграции между странами Европы и Азии. Мировой опыт развитых стран показывает, что приток иностранных инвестиций и действенное государ-ственное упорядочение их использования положительно воздействует на экономику страны. Так как, инвестиций содействуют становлению и укреплению частного предпринимательства в странах со средним и низким уровнями экономического развития. Инвестиций являются важным катализатором для экономического развития страны, которые влияют на экономический рост и дают возможность получить доступ к международному рынку. В рамках настоящего исследования была изучена инвестиционная политика Франции в Центральной Азии, кроме того были выявлены проблемы развития инвестиционной политики Франции в Центральной Азии, а также наглядно продемонстрировано динамическое развитие инвестиционной политики Франции в Казахстане.

Ключевые слова: инвестиционная политика, Франция, Центральная Азия, Европа, экономика
D.Zh. Alen¹, K.M. Sembinov²

¹master of 1 year of the Institute Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU,

¹Scientific supervisor, assistant professor of historical sciences, Professor of the Department of International Relations at the Institute Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU

FRENCH INVESTMENT POLICY IN CENTRAL ASIA

Abstract

This article is devoted to France's investment policy in Central Asia. Currently, it is Central Asia that can become the center of integration between the countries of Europe and Asia. The world experience of developed countries shows that the inflow of foreign investment and effective state regulation of their use lays on the economy of countries. Since investment suits the formation and strengthening of private entrepreneurship in countries with medium and low levels of economic development. Investment is an important catalyst for the economic development of countries, which affects economic growth and provides access to the international market. In the present study was studied the investment policy of France in Central Asia, also revealed problems of development of investment policy of France in Central Asia and demonstrated the dynamic development of the investment policy of France in Kazakhstan.

Keywords: investment policy, France, Central Asia, Europe, economy

Франция - көшбасшы елдердің бірі. Әлемдік аренада беделге ие болу үшін Франция көптеген елдермен ынтымақтасуы керек [1]. Қазіргі замандағы Францияның инвестициялық саясатын алатын болсақ, ол экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, білім қоғамын құруға, бәсекеге қабілеттілікті арттыруға бағытталған. Францияда ғылымды негізінен мемлекеттік сала ретінде, ал инновациялық қызметті жеке бизнес саласы ретінде қарастырған. Аймақтық инновациялық жүйелерді басқару және инвестициялық қолдау, инвестициялық және ақпараттық қолдау, технологиялық дамуды қамтамасыз ету, Франция үкіметінің экономикалық саясатының басымдықтары [2]. Франция-әлемдегі ең танымал туристік бағыт. Франция әлемнің экономикасы дамыған елдердің ондығына және шетелдік инвестициялар үшін тартымды елдердің бестігіне кіреді. Қазіргі таңда, Франция Орталық Азиямен экономикалық байланыстарды нығайтуға баса назар аударады. Орталық Азия Франция үшін инвестиция тарту тұрғысынан үлкен экономикалық әлеуеті бар ауқымды экономикалық аймақ. Орталық Азия-Еуропа мен Азияны байланыстыратын дәліз. Қытайдан Орталық Азия дәлізі бойынша шетелдік нарықтарға, қосалқы Еуропа нарықтарына жеткізудің экспорттық мүмкіндіктері бар. Сол себепті, Орталық Азия Франция үшін өте маңызды стратегиялық өңір. Әрине, мұндағы саяси жағдай географиямен тығыз байланысты: солтүстігінде – Ресей, шығысында – Қытай орналасқан. Франция үшін осы өңір табиғи және адами ресурстар шоғырланған, өте жақсы индустриалды және туристік әлеуеті бар аймақ. Әлемдік деңгейдегі фирмалары бар және әлемдік идеялардың барысына сөзсіз әсер етуге тырысатын Франция, жергілікті кәсіпорындармен серіктестікті орнату үшін Орталық Азиямен серіктестігін дамытқысы келеді. Франция өз міндеті ретінде Орталық Азияның экономикасын дамуына көмектесу және қолдауын көздейді. Орталық Азия үшін Францияның басқа елдер көшбасшыларына қарағанда екі үлкен артықшылыққа ие. Біріншісі – Францияның жоғары технологиялар саласында үлкен жетістіктері мен атқарымдары бар және Франция осы тәжірибемен Орталық Азия елдерімен бөлісуге дайын.

Екінші – Франция басқа елдердің ішкі саясатына араласпайды, тәуелсіздікті құрметтейді, сұрауларына жауап береді және қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысады. Бірақ, Орталық Азияда ең үлкен экономикалық және адами әлеует шоғырланған өңірдің экономикалық дамуының локомотиві болып табылатын ел бар екенін мойындау керек – бұл Қазақстан. Франция Қазақстанның негізгі серіктестерінің бірі. Франция – осыдан 10 жыл бұрын Қазақстанмен стратегиялық әріптестік орнатқан Еуропадағы алғашқы ел. Франция Қазақстан экономикасына инвестициялар көлемі бойынша Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындаған үшінші ел болып табылады. Сонымен қатар Франция Қазақстанның басты сауда серіктестерінің бірі [3].

Франция мен Қазақстан арасындағы экономикалық қарым-қатынастар 2000 жылдары пайда болып, Николя Саркозидің президенттігі кезінде анағұрлым қарқынды бола түсті, оның салдарының бірі Француз-Қазақстан Іскерлік кеңесін құрылуы [1]. Екі жақты ынтымақтастықты іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ол экономика саласындағы шарттық-құқықтық база. Жыл сайын Іскерлік

кеңес экономикалық қатынастарды дамыту үшін бас қосып тұрады. Искерлік кеңестің негізгі мақсаттары: екі елдегі Қазақстандық және француз экономикалық имиджін арттыруға жәрдемдесу, екі елдің әрқайсысында экономикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және Қазақстан Республикасы мен Франция Республикасы арасындағы инвестициялардың сауда алмасу саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға және тереңдетуге жәрдемдесу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Франция Республикасы арасындағы экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі тұлғаларға ақпараттық-консультациялық көмек көрсету болып табылады. 2016 жылы 24 мамырда Алматы мен Астанада, Франция-Қазақстан сауда-өнеркәсіп палатасының ашылуы маңызды оқиға болды [3]. Осы палатаның мақсаты: Қазақстанға инвестиция салған кәсіпорындарға және екі ел арасындағы берік әріптестікті дамытуға көмектесу, сондай-ақ қолдау көрсету және Қазақстандағы бар мүмкіндіктер туралы хабарлау арқылы кәсіпорындарды қолдау болып табылады. Франция-Қазақстан сауда-өнеркәсіптік палатасына сәйкес Қазақстанда мүдделері бар француз компанияларының тізімі үлкен: Danone, Areva, Alstom, Eurocopter, GDF Suez, Saint Gobain, EADS, Total, Airbus, Vicat, Vinci, Schneider Electric. Қазіргі уақытта француз компанияларының 73%-ы палата мүшелері, Қазақстандық компаниялардың 21%-ы және басқа компаниялардың мүшелері шамамен 6%-ды құрайды. Оған қоса палата Қазақстанның Франциядағы қатысуын күшейтумен айналысып, Қазақстандық инвестицияларды Француз экономикасына әкеледі [3].

Қазақстан Республикасында француз капиталының қатысуымен 112 кәсіпорын жұмыс істейді. Қазақстан мен Францияның өзара қарым-қатынасы жақсы дамуда. 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Франция арасындағы тауар айналымы бір жылда 32,5%-ға артып, 4,5 млрд АҚШ долларын құрады. 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында екі ел арасындағы тауар айналымы 2,3 млрд АҚШ долларын құрады. Тауар айналымындағы негізгі үлес экспортқа тиесілі-87,9% немесе 2 млрд АҚШ доллары. Өз кезегінде француз тауарлары мен қызметтерінің импорты 272,1 млн. АҚШ долларын немесе тауар айналымы көлемінің 12,1%-ын құрайды. 2019 жылғы 30 шілдеде Қазақстан Республикасының премьер-министрі Асқар Мамин Францияның Экономика және қаржы министрі Б.Ле Мэрмен кездесті. Келіссөздер барысында Қазақстан мен Франция арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық ынтымақтастықтың өзекті мәселелері мен перспективалары талқыланды. Қазіргі уақытта көліктік машина жасау, құрылыс материалдарын, дәрі-дәрмектерді, тамақ өнімдерін өндіру саласында бірлескен өндірістер табысты жұмыс істеуде.

Энергетика және ғарыш салаларында, жанартылатын энергия көздері, инфрақұрылымды дамыту, Smart City жобалары бойынша бірлескен жұмыс жүргізілуде. Кездесуде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға, көлік инфрақұрылымы, цифрлық технологиялар, адами капитал саласындағы бірлескен жобаларды іске асыруға мүдделілігін атап өтті. Француз инвесторларына бірлескен өндірістерді ашу, импортты алмастыру және агроөнеркәсіптік өнімді одан әрі экспорттау бойынша жан-жақты жәрдем көрсетілетін болады. 2019 жылдың шілде айының соңында Қазақстанда француз капиталының қатысуымен 112 кәсіпорын жұмыс істейді, оның ішінде "Тоталь", "Орано", "Данон", "Викат", "Пежо", "Альстом". Сонымен қатар, Франция Қазақстан Республикасындағы ең ірі шетелдік инвесторлардың бестігіне кіреді. 2019 жылдың наурыз айының соңында Францияның Қазақстанға инвестиция көлемі 13,8 млрд АҚШ долларын құрады. Инвестициялардың негізгі бөлігі тау-кен өндіру саласына тиесілі: 97% немесе 13,4 млрд АҚШ доллар. Сондай-ақ, үш салаға Көлік және қоймалау (163,9 млн. АҚШ доллар) және көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді жөндеу [4]. екі ел арасындағы қарым-қатынас тұрақты және жоғары деңгейде.

Франция Қазақстанның Еуропалық Одақ шеңберіндегі негізгі серіктестерінің бірі және елімізде екіжақты өзара іс-қимылды дамытуға үлкен көңіл бөледі, деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев. Қазақстандағы инвестициялық ахуал жыл сайын жақсарып келеді. Француз инвесторлары елдегі тұрақтылықты, қолайлы инвестициялық жағдайды мұқият зерттеп, бағалады. Нәтижесінде, Еуропаның ең беделді компаниялары Қазақстан нарығында инвестициялауға және бірлескен жұмысқа мүдделі. Олардың арасында француз бизнесі де бар. Қазіргі уақытта Қазақстанда француз капиталының қатысуымен Orano, Alstom, Air Liquide, Airbus және басқа да ірі компанияларды қоса алғанда, 160-тан астам компания жұмыс істейді. Елдер арасындағы тауар айналымы 2018 жылы 32%-ға өсіп, 4,5 миллиард долларды құрады [5]. Мысалы Орта Азияның басқа елдерінде, Өзбекстанды алсақ, сол жердегі сумен жабдықтау, суды тазарту, қалдықтарды кәдеге жарату саласында көптеген француз фирмалары жұмыс істейді. Сондай-ақ туризм саласында қазір бірқатар француз компаниялары Ташкент маңындағы Бостанлық турзонын дамытуда, жақында бұл Орталық Азия аймағындағы ең

үлкен тау шаңғысы курорты болады. Қазір Өзбекстанда қуаттылығы 100 МВт фотоэлектрлік станция – Total Eren компаниясы үлкен жобаны жүзеге асыруда [2]. Франция-Өзбекстанның маңызды еуропалық серіктестерінің бірі. Францияның даму агенттігі Өзбек-станның гидроэнергетикасын дамытуға 20 жылға қол қойылған кредиттік келісім негізінде 55,8 млн.еуро бөледі [6]. Қырғызстанға 2016 жылдың 9 айында Франциядан тартылған шетелдік инвестициялар көлемі 171,1 мың долларды құрады. 2016 жылғы қаңтар-қыркүйекте Қырғызстанның Франциямен сыртқы сауда айналымы \$19 млн құрады[6]. Бүгінде Франция мен Қырғызстан агроөнеркәсіп, туризм, авиақұрылыс, қорғаныс өнеркәсібі салаларында ынтымақтастық орнатқан. Экономикалық тұрғыдан алғанда, екіжақты қарым-қатынастарда айтарлықтай үлкен жетістіктер бар. "Сюг ден" қант өндіретін компаниялар сияқты бірлескен жобаларды атап өткен жөн, бұл "Новотель" қонақ үйі, бұл "Мазар" компаниясы және т.б. Мұның бәрі Францияның шынымен де үлкен нарық екенін, сондай-ақ Қырғыз бизнесмендеріне Еуропа елдеріне тауарлар экспортын жөнелту үшін преференциялар алуға мүмкіндік беретін ВСП+.

Сондай-ақ, Францияның Ресей мен Қазақстанда ғана емес, жалпы өңір бойынша да басты шетелдік инвесторлардың бірі болып табылатынын айту қажет. Одан басқа, мәдениет және білім беру саласындағы ынтымақтастыққа қатысты бұл жерде біршама жұмыстар атқарылды. Айта кету керек, жақын арада Қырғызстанда Пуатье қаласынан университетаралық қатынастар қозғалған "Эразмус" жобасы бойынша делегацияны қабылдайтын болады. Оған қоса, Қырғызстанда жыл сайын Француз өкілдіктерімен әр жылдың наурыз айында франкофония аптасын ұйымдастыратын Француз Альянсы бұрыннан бар екенін айту керек. Парижде Қырғызстанда француз тілін үйренуге қолдау көрсету жобасы бар. Басқа да бірқатар бастамалар бар [8]. 2016 жылғы мәлемет бойынша Франция Тәжікстанға 7,6 млн. доллар тікелей инвестиция жасады [9]. 2017 жылы Франция мен Түрікменстан арасындағы экономикалық тауар айналымы 72,9 млн еуроны құрады, бұл 2016 жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмен (131,3 млн еуро). Дәстүрлі түрде артық Франциялық экспорты негізінен өнеркәсіптік тауарлармен, ал импорт шикі мұнайдан тұрады. 2017 жылы Түрікменстаннан Француз импортының едәуір қысқаруы (2016 жылғы 31,8 млн евромен салыстырғанда 4 млн еуро) көмірсутектер жеткізілімінің болмауымен түсіндіріледі. Франция Түрікменстанның 18-ші жеткізушісі болып табылады, бұл 2016 жылғы көрсеткіштерден едәуір төмен (10-шы орын), атап айтқанда Түркия, Қытай және Ираннан кейін. Оның қатысуы ел үшін стратегиялық болып саналатын секторлардың шектеулі санына (құрылыс, энергетика, ғарыш өнеркәсібі) бағытталған.

Түрікменстандағы француз институты француз тілі курстарын ұсынады, мұғалімдерді дайындайды және мәдени іс-шаралар ұйымдастырады (кино, би, музыка). Сонымен қатар, Түрікменстандағы Француз археологиялық миссиясы шамамен 20 жыл бойы елдің ғылыми мекемелерімен, атап айтқанда, ежелгі Улуг-Депе қонысын қазу және қалпына келтіру аясында жұмыс істеп келеді [10].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрбаева А.Т. Роль Франции в расширении сотрудничества со странами Евразийского пространства // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Международная жизнь и политика». – № 3-85), 2019 г. – С42
2. Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Французской Республики о создании Казахстанско-французского делового совета 11 июня 2008 года. [Электронный ресурс]. URL :zakon.kz
3. Fabien GLEIZES, Léa Les IDE et la présence française au Kazakhstan. – 2016. – 3 б.
4. Energyprom.kz [Электронный ресурс] <http://www.energyprom.kz/ru/a/monitoring/kazakhstan-i-franciya-primer-uspeshnogo-sotrudnichestva-za-god-obyom-pryamyh-inostrannyh-investicij-iz-francii-v-ekonomiku-kazahstana-uvlichilsya-na-21>
5. Северо-Казахстанский областной филиал АО «РТПК «Казахстан» [Электронный ресурс] https://petropavltv.kz/ru/news/politika_sko/kazahstan-franciya-razvitie-osotrudnichestva-2
6. «Красная весна» информационное агентство [Электронный ресурс] <https://rossaprimavera.ru/news/51c6cd7d>
7. Tazabek [Электронный ресурс] <http://www.tazabek.kg/amp/news:1354387>
8. KABAR [Электронный ресурс] <http://kabar.kg/news/potencial-segodniashnikh-otnoshenii-kyrgyzstana-i-francii-ne-ischerpan-posol-mikael-ru/>

9. *Central Asia Monitor [Электронный ресурс]* <https://camonitor.kz/24440-kakie-strany-investiruyut-v-tadzhikistan.html>

10. *Ministère de l'Europe et des affaires étrangères Дипломатия Франции [Электронный ресурс]* <https://www.diplomatie.gouv.fr/ru/dossiers-pays/turkmenistan/relations-bilaterales/>

**УДК 327(4/9)
МРНТИ 23.00.04**

Т.А. Алмасқызы¹, Ж.С.Әлдібайұлы²

¹*Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Сорбонна-Қазақстан институтының “Халықаралық қатынастар” мамандығының 1-курс магистранты*

²*Ғылыми жетекшісі: тарих ғылымдарының кандидаты,*

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Сорбонна-Қазақстан институты
Алматы қ., Қазақстан*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ГЕОСАЯСИ ҮРДІСТЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада ХХ-ХХІ ғасыр тоғысындағы Таяу Шығыстағы саяси жағдай, ең алдымен, халықаралық қатынастардың бүкіл жүйесіндегі елеулі өзгерістермен анықталды. Аймақ мемлекеттерінің саясаты және аймақтан тыс күштердің бәсекелестігі, сыртқы фактор көбінесе шешуші рөл атқаратын факторлармен қарастырылған. Қырғи-қабақ соғыс жылдарында биполярлы әлемде жұмыс істеуге дағдыланған және тіпті одан үлкен пайда көруді үйренген араб саяси элиталары жаңа геосаяси шындықтарға бейімделуге қатысты мәселелер талданған. ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы Таяу Шығыстағы саяси жағдайдың ерекшеліктері мен күштер тепе-теңдігінің өзгеруі, сондай-ақ аймақтағы әртүрлі халықаралық субъектілердің геосаяси ұмтылыстары зерттеледі. Автор Таяу Шығысты жаһандану процестері аясында қарастырады және аймақтағы күштердің өзгеруі мен әлемдік саяси процестегі геосаяси мәртебесін баяндайды.

Түйін сөздер: Таяу Шығыс, геосаясат, мемлекет, сыртқы саясат, қақтығыстар, халықаралық қатынастар, батыс державалары, аймақтық саяси процесс, қауіпсіздік.

Алмасовна Т.А.¹, Алдибайұлы Ж.С.²

¹*Магистрантка 1-курса специальности “Международные отношения”*

Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ имени Абая

²*Научный руководитель: кандидат политических наук*

Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ имени Абая

г. Алматы, Казахстан

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ В МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЯХ

Аннотация

В статье выявляется политическая ситуация на Ближнем Востоке на рубеже ХХ-ХХІ веков, прежде всего, со значительными изменениями во всей системе международных отношений. Политика государств региона и соперничество сил за пределами региона часто учитываются факторами, играющими ключевую роль. Во время «холодной войны» арабские политические элиты, привыкшие работать в биполярном мире и даже научившиеся извлекать из него выгоды, анализировали вопросы адаптации к новым геополитическим реалиям. Изучаются особенности политической ситуации и изменения баланса сил на Ближнем Востоке в конце ХХ - начале ХХІ веков, а также геополитические устремления различных

международных акторов в регионе. Автор рассматривает Ближний Восток в контексте глобализации, описывает смену сил в регионе и геополитический статус мирового политического процесса.

Ключевые слова: Ближний Восток, геополитика, государство, внешняя политика, конфликты, международные отношения, западные державы, региональный политический процесс, безопасность.

T.A. Almasovna¹, Zh.S. Aldibaiuly²

¹the 1st year master's student of International Relations of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan in KazNPU named after Abai

²Scientific supervisor: assistant professor of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU Almaty, Kazakhstan

THEORETICAL BASIS OF GEOPOLITICAL PROCESSES IN INTERNATIONAL RELATIONS

Abstract

The article reveals the political situation in the Middle East at the turn of the XX-XXI centuries, first of all, with significant changes in the entire system of international relations. The politics of the states of the region and the rivalry of forces outside the region are often taken into account by factors that play a key role. During the "Cold War", Arab political elites, accustomed to working in a bipolar world and even learning how to benefit from it, analyzed the issues of adaptation to new geopolitical realities. The features of the political situation and changes in the balance of power in the Middle East in the late XX - early XXI centuries, as well as the geopolitical aspirations of various international actors in the region are studied. The author examines the Middle East in the context of globalization, describes the change of forces in the region and the geopolitical status of the world political process.

Keywords: Middle East, geopolitics, state, foreign policy, conflicts, international relations, Western powers, regional political process, security.

Қазіргі геосаясат мемлекеттің сыртқы саясатын, оның бірқатар анықталмаған факторларына кешенді талдау арқылы зерттеу жүргізетін ғылым болып табылады. Геосаяси зерттеулердің негізгі объектісі - елдің географиялық ортасы болып табылады, ол аумақтың рельефімен, көлемімен, әлемдік геосаяси кеңістікте орналасу жағдайымен; мемлекеттік шекаралардың түрі және формасымен; қоршаған ортаның жай-күйімен; табиғи ресурстардың болуымен сипатталады.

Белгілі бір аймақты зерттеу әдетте географиялық, геостратегиялық, экономикалық, әлеуметтік-саяси, әскери, демографиялық және басқа да көптеген деректерді қамтиды. Ұлттық қуаттың осы әртүрлі факторлары өңірдегі немесе жалпы әлемдегі күштердің арақатынасын бағалау талаптарына сәйкес жүйеленеді.

Геосаясат кеңістіктік-географиялық бірліктер – елдер, өңірлер, континенттер арасындағы қарым-қатынастармен тікелей байланысты болып келеді. Бірінші геосаясатшылар португалдықтар, испандықтар, голландиялықтар болды. Дәл солар кеңістікте халықаралық жағдайлардың қалыптасуына себепші болды [1].

Геосаясат – салыстырмалы түрде ғылымның жас саласы. Шведтік ғалым Р.Челлен бұл ұғымды Бірінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында Германияның басқа елдерге қарсы соғысқа құқығын дәлелдеу және өмірлік кеңістікті жаулап алу үшін қолданған. XIX ғасырда бұл ұғымды неміс зерттеушісі Ф.Ратцель де қолданды. А.Гитлер Челлен мен Ратцельге сүйене отырып, өзінің «Менің күресім» атты кітабында Германияның шығысқа экспансиясын ақтап алуы кездейсоқтық емес (Drangnach Osten). Нацистердің өз экспансиясын геосаяси уәждермен негіздеуге талпынысы, бірнеше зерттеушілердің пікірінше, онжылдықтарда саяси географияның ғылыми беделге ие болуына септігін тигізді. Мүмкін, осы жағдайдан кейін кеңестік ғылым «геосаясат» терминіне теріс көзқарас қалыптастырды, себебі ол империализмнің сыртқы саяси экспансиясының «қажеттілігі мен табиғилығын» дәлелдеуге арналған ғылым болатын. КСРО геосаясатты ғылым ретінде мойындамағанымен, іс жүзінде бұл ұғымды қолдана білді. Геосаясат – бүгінгі күні мағынасы жағынан кеңірек және мазмұны жағынан тереңірек ұғым. Ол мемлекеттер арасындағы сыртқы саяси қатынастардың барлық спектрін зерттейді, өйткені кез келген саяси шешімнің кең көлемдегі көрінісі бар. Мемлекет өзінің географиялық жағдайын негізге ала отырып, әлемдегі өз саясатын анықтайды. Мысалы, Ұлыбританияның теңіз бағдары осылайша қалыптасқан болатын (қуатты флоттың және отарлық иеліктердің тұрақты болуының нәтижесінде). Аралдық жағдай еуропалық қақтығысқа тікелей араласпай-ақ, оның нәтижесін анықтай алатын мүмкіндікті берді: «Англияның тұрақты жаулары да, тұрақты достары да жоқ. Англияның тұрақты мүдделері ғана бар» [2].

АҚШ өзінің құрылған сәтінен бастап өзінің географиялық орналасуының ерекшеліктерімен және оның артықшылықтарын ескере отырып сыртқы саясатты жүргізуге бет бұрды. Еуразиядан алшақ орналасуы оларға қираудан, соғыстардан, әлемнің көшуі үшін күресуден аулақ болып, салыстырмалы түрде дербес, тез және тиімді дамуға мүмкіндік берді. Мұхиттық кеңістіктер теңіз-әскери флотының дамуына өз септігін тигізді. Сондықтан әскери күштің негізін атомдық су асты қайықтарын құрайтын КСРО-ның алдындағы мемлекет болып табылатындығы еш таңқаларлық жағдай емес, содан кейін Ресей – жер үсті зымыран жүйелерін жасаумен айналысады. Елдердің теңіздік және құрлықтық болып бөлінуі әлі күнге дейін бар және олардың экономикасының дамуына тікелей әсер етеді. Қазіргі заман геосаясат ұғымына көптеген жаңалықтар енгізді. Бірақ, елдің экономикалық, әскери және саяси салаларға әсерін кеңейту туралы мәселе күн тәртібінен әлі де түсер емес [3].

Американдық саясаткер П.Бьюкенен өзінің «Республика империя емес» кітабында АҚШ-тағы үш сыртқы саяси мектептерге: «глобалистік», «гегемонистік» және «ағартылған ұлтшылдыққа» қарсы тұру туралы айтады. Бүгінде әлем мемлекеттері геостратегиялық және геоэкономикалық жағдайдың маңыздылығымен бетпе-бет келеді. Мемлекет мүддесінің дәстүрлі түсінігі барлығына белгілі: ұлттың еркін және тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы, экономиканың өсуі, қауіптің алдын алу, одақтастардың сақталуы. Бұрынғы геосаяси тәртіп 1975 жылы Хельсинкидің қорытынды актісімен расталған Екінші Дүниежүзілік соғыстың қорытындысы ретінде белгіленді. Ол идеологиялық тұрғыдан бейбітшілік пен өркениеттің әр алуандылығын мойындауға негіз болды. Шынымен де, биполярлық жүйе аясындағы субъектілердің құқығы қатаң бақыланды. БҰҰ бас хатшысы Кофи Аннан былай деп жазады: «Жиырмамыншы жүзжылдықтың біраз бөлігінің ішінде халықаралық қатынастар жүйесі бөлу туралы пікірлер мен қатаң геосаяси есептерге негізделген болатын. Алдағы ғасырда біз осы жүйені жақсартуға тиіспіз және жақсартпа аламыз» [4].

Халық мен мемлекеттердің тарихи дамуы үшін географиялық факторлардың (кеңістік, табиғи ресурстар, климат және т.б.) маңыздылығын халықаралық саясаттың барлық зерттеушілері растайды. Бірақ халықаралық қатынастарды талдау кезінде географиялық тәсілді абсолюттеу – әлемдік саясат саласындағы бұрмаланған көріністер мен іс-қимылдардың тууына себепші болуы мүмкін. Алайда, геосаясаттың теңестірілген тәсілінде **теория және қазіргі жағдайдағы тиісті саяси тәжірибе** халықаралық өмірдің маңызды аспектісіне айналып отыр. Геосаясат соңғы бір жарым-екі онжылдықта ерекше өзекті болды. Атап айтатын болсақ, адамзат тарихының қазіргі кезеңі биліктің **халықаралық қатынастардағы қайта бөлінуімен** сипатталатын өзгерістерге ұмтылып отыр. КСРО мен АҚШ державаларының қақтығыстары өткеннің еншісінде қалды. Биполярлық, яғни екіұштылық деп аталатын халықаралық қатынастардың ескі жүйесі бұзылды, ХХІ ғасырдағы әлем құрылымының жаңа контурлары белгіленіп келе жатыр, бірақ бұл әлі анық емес. Зерттеушілердің барлығы болашақтағы халықаралық қатынастар жүйесі туралы әртүрлі пікірде. Кейбіреулер қазір халықаралық проблемаларды ұжымдық реттеу жүйесін қалыптастыру болып жатыр деп санауға бейім келеді. Ал енді біреулері, АҚШ-ты әлем елдерінің көшбасшысы деп санайды. Үшіншілері, АҚШ-пен идеологиялық және әскери-саяси қарама-қайшылықтағы КСРО-ның орнын Қытай басуы мүмкін деп биполярлы жүйенің қайта жаңғыруын жоққа шығармайды [5].

Қазіргі уақытта Таяу Шығыс Египет, Кипр, Израиль, Иордания, Ирак, Иран, Ливан, Сирия, сондай-ақ Араб түбегінде және Парсы шығанағының айналасында орналасқан мемлекеттерді қамтиды деп есептеледі. Кез келген жағдайда Таяу Шығыс – кеңейтілген түсінік бойынша қазіргі заманғы әлемдік саясаттың ауыр нүктелерінің бірі болып табылатындығы еш күмән тудырмайды. Таяу Шығыстағы шиеленіс пен қақтығыс жағдайлары алдағы уақытта да сақталады және бұл өңір әлемдік саясаттың басты назарында қалады деп айтылуда. Мұндай пайымдаудың куәсі ретінде бұл жерде дәстүрлі мүдделер мен жаһандық және өңірлік болып табылмайтын ойыншылардың күш-жігері шоғырланатынын дәлелдейді, бұл Таяу Шығысты сан түрлі жағдайларға әкеп соғады. Көрсетілген жағдайлар мен бағалаулар өңірді қабылдау, оның әлемдік саясаттағы орнын түсіну және оның геосаяси мәртебесі туралы мәселені негізді түрде қояды. Интегративтік құрылым ретінде өңірдің геосаяси мәртебесін бағалау үшін барлық жағдайларды ескереді, мән-жайлар мен сипаттамалардың тұтас кешенін есепке алуды болжайды:

- Қазіргі табиғи-географиялық және климаттық шарттары.
- Аймақтың орналасқан жері.
- Территорияның алып жатқан көлемі.
- Табиғи ресурстардың болуы немесе болмауы.
- Халық саны және адам потенциалының сапасы.
- Экономикалық және әлеуметтік даму деңгейі.
- Әскери потенциал, оның ішінде жалпы қару-жарақтың болуы және жеткізу құралдары.
- Аймақ мемлекеттерінің ықпалды халықаралық ұйымдарға мүшелігі.
- Әскери-саяси блоктарға қатысу.
- Басшылықта және мемлекеттердің саяси элитасында болуы.

– Елдің мәртебесін арттыруға, өңірлік көшбасшылыққа және қалыптасқан мәртебені өзгертуге наразылықтар.

– Аймақтағы мемлекеттер арасындағы қатынастардың жағдайы (оның ішінде қақтығыстардың болуы).

Таяу Шығыстың геосаяси мәртебесінің ерекшелігі.

Таяу Шығыстың геосаяси мәртебесінің анықтамасы осы аймаққа қандай өңірлердің қосылатынының нәтижесіндегі айырмашылықтардың салдарынан айтарлықтай күрделене түседі. Іс жүзінде өңірді қабылдау, өзін және оның шектерін өзгерту туралы және уақыт өте келе оның шекараларын кеңейту туралы бекітулерге негіз бар. Таяу Шығыстың геосаяси мәртебесінің өзгерістерін қарастыра отырып, «трансформация» ұғымының мағынасымен танысқан жөн. Жалпы түрде «трансформация» деп ішкі және сыртқы факторлардың әсер етуі барысында жүйе сипаттамаларының сапалы түрде өзгеруін атаған. Трансформация алдыңғы кейіптен тұтас барлық элементтердің және құрылымның жаңа бір әсерге ауысуын білдіреді [6].

Таяу Шығыстың геосаяси мәртебесінің қазіргі жағдайын бірқатар компоненттер бойынша айтуға болады:

1. Таяу Шығыс – үш ірі діннің «бесігі», олардың ішінде екеуі (ислам және христиан) әлемдік діндер болып табылады. Аймақта аталған конфессиялардың киелі ғибадат орындары бар, кезінде олар үшін талай қақтығыстар болған, ал бүгінгі күні бүкіл адамзат руханиятының қазынасы болып табылады. Аталған жағдайлардың көбісіне қарап, Таяу Шығысты өркениет ортасы деп те сипаттап жатады.

2. Аймақ негізгі экономикалық мәнге ие. Бірінші кезекте көмірсутегі шикізатын және мұнай қорын атауға болады. Мұнайдың жетекші өндірушілері – Сауд Арабиясы, оның қорлары бойынша әлемде бірінші орын алатын Иран, Ирак және Кувейт елдері. Мұнай экспорттаушылары болып табылатын мемлекеттер үшін (араб монархиясы) экономиканы әртараптандырудың төменгі деңгейі, жоғары ЖІӨ және жан басына шаққандағы табыстың жоғары деңгейі тән болып келеді.

Жалпы, Таяу Шығыс елдеріндегі оқиғалар, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық саладағы көптеген өткір мәселелердің шешілмегендігі және оларды шешуде биліктің тиімсіздігінің салдары болып табылады. Ретсіздіктердің басқа салдары да бар. Мұнай тасымалдаудың маңызды торабы - Египеттегі, Еуропа-ның оңтүстігіне мұнай мен газдың негізгі жеткізушісі болып табылатын Ливиядағы және аймақтағы басқа елдердегі оқиғалар мұнай бағасының өсуіне ықпал етті [7].

3. Таяу Шығыстағы қақтығыстың жоғары деңгейі. Бәрімізге белгілі, Таяу Шығыс бірнеше ондаған жылдар бойы әлемдегі ең тұрақсыз және қақтығысты аймақтардың бірі болып табылады [8]. Аймақтың конфликтілігі факторлар кешенінің ықпалымен қалыптасады, оларды қақтығыс көзі мен қозғаушы күштерінің байланысына қарап жіктеуге болады. Бірқатар онжылдықтар ішінде аймақтағы қақтығыстардың жоғары потенциалы араб-израильдік қақтығыстар, Иран мен Сауд Арабиясы арасындағы және Иран мен Түркия арасындағы аумақтық даулардың болуы, курд мәселесінің шешілмеуі шеңберінде қалыптасып отыр. Таяу Шығыс елдері әлі күнге дейін Араб мемлекеттерінің лигасы сияқты ірі аймақтық ұйым шеңберінде де бірыңғай саясатқа қол жеткізе алмай отыр. Мамандардың пікірінше, ислам политизациясы мен «Араб көктемінің» негізгі себептері – саяси элитаның арасында жемқорлықтың кең етек алуы [9, 111 б.]. Сонымен қатар аймақ су ресурстарымен жеткілікті қамтамасыз етілмеуінің және трансшекаралық өзендердің суын бөлу салдарынан зардап шегуде, бұл қосымша қиындықтар туғызады және Сирия мен Израиль (Иордан өзені), Сирия мен Түркия арасындағы (Тигр және Евфрат) су ресурстарын бөлу бойынша қарым-қатынастардың шиеленісуіне әкеп соғады [10, 152-154 б.]. Түркия саяси оппоненттерге қысым көрсету үшін қалыптасқан жағдайды белсенді пайдаланады.

Бірқатар елдер мен аймақтың қауіпсіздігі мен тұрақтылығына жалпы террористік және экстремистік топтардың қызметі теріс әсер етеді. Таяу Шығыста қазіргі уақытта Иракта, Сирияда, Йеменде, Ливияда тұтас мемлекеттік режимдерге шақыратын ұйымдар мен құрылымдар бар: «Әл-Каида» және оның түрлері, «Ислам мемлекеті», «Джабхат-ан-Нусра», «Мұсылман бауырлар», «Палестинаны босатудың халықтық майданы», «Ислам джихад», «Хамас», «Хизб-ут-Тахрираль-Ислами». Аталған ұйымдар кейбір жағдайларда мемлекеттілікті бұзуды, егеменді мемлекеттерді жоюды және жаңа халифатты жариялауды мақсат етеді. Қалай болғанда да бұл оқиғалардың дамуының кез келген жағдайында өңірде әлеуметтік-экономикалық, саяси, діни қайшылықтар мен дамудың теңгерімсіздігі сақталып отырады, бұл Таяу Шығыстың ішкі және сыртқы жағдайларына кері әсерін береді. Қазіргі уақытта өңірде қалыптасқан шиеленіс үшінші күштердің араласуының салдарынан жасанды түрде жүргізіліп, қолдау табуға деген болжамдар да бар, бұл ерекше бақылауды талап етеді.

Таяу Шығыс геосаяси мемлекеттік статусының сыртқы детерминациясы.

Таяу Шығыстың геостратегиялық жағдайын бағалаудан бастайды [11].

Үш континенттің түйіскен жерінде, мұсылман және Батыс Еуропа өркениеттері, исламның суннит және шиит тармақтары, араб, парсы және түркі этностары, еуропеоид және негроид нәсілдері арасында

болғандықтан, аймақ тек өңірлік ғана емес, сонымен қатар жаһандық факторлардың назарында болуға тиіс. Бұл өңірдегі байлыққа қол жеткізу үшін күрес үнемі болған, әлі де өршіп келеді. Негізгі жаһандық ойыншылар өз геосаяси мақсаттарында өңір мен оның ресурстарын ХІХ ғасырда пайдалана бастады. Сол кезең Таяу Шығысты "оқ-дәріге" айналдырумен тұспа-тұс келді. Газ және мұнай кен орындарының табылуы геосаяси акторлар үшін өңірдің құндылығын арттыра түсті. Аймақтың геосаяси мәртебесі әлемдік саяси үдерістегі объектінің жай-күйімен сипатталады. "Қырғи-қабақ соғыс" және екі әлемдік жүйеге қарсы тұру кезеңінде Таяу Шығыс іс жүзінде екі лагерь бөлінген болатын. Олардың бірі КСРО-ның, екіншісі – АҚШ-тың қарамағында болды. «Қырғи-қабақ соғыс» аяқталғаннан кейін, АҚШ осы өңірде басымдыққа ие болды. Іс жүзінде бұл балансты жою өңір үшін теріс салдарларға жол ашатын еді, өйткені кейіннен тұрақсыздыққа, халықаралық терроризмнің жандануына, бірқатар үкіметтердің күшпен нығаюына, гуманитарлық интервенцияларға әкеп соқты. Белгілі болғандай, әлемнің белгілі бір аймағында басқарылатын хаос құру АҚШ-тың өңделген технологияларының бірі болып табылады [12, 9-13 б.]. Дегенмен, аймақта ұлы державалардың болмауы жағдайында Таяу Шығыстың бірқатар мемлекеттері өз егемендігін ағылшын-саксондық әлем тарапынан ұстап тұруға күш салады немесе өңірлік көшбасшы мәртебесіне қол жеткізуге ұмтылады. Ливиядағы азаматтық соғыстар, Ирактағы америкалық интервенция, шын мәнінде, барлық өңірде сепаратизм мен радикализация үшін жағдай жасай отырып, оларды тұтас мемлекеттер ретінде жойған болатын. Бұл жағдайда Сириялық Араб республикасы да өз егемендігін бірнеше жыл бойы қорғап келеді, бірақ бұл біраз қиындықтар туғызды.

Аймақтағы геосаяси жағдай АҚШ-тың Ауғанстандағы халықаралық лаңкестікке қарсы күрес жөніндегі науқаны басталғанға дейін тұрақты болды. 2003 жылдың наурыз айында С.Хуссейннің режимін құлату мақсатында АҚШ-тың басшылығымен Иракқа халықаралық коалицияның басып кіруі геосаяси жағдай үшін елеулі салдар туғызды. Ресми түрде соғыстың іс-қимылдары тек 2011 жылы ғана аяқталды.

Таяу Шығыстың тұрақсыздық ошағына айналуы ең алдымен өңірдің проблемаларына белсенді араласпаған, еуропалық мемлекеттерге өте теріс әсер еткенін атап өткен жөн. Олар қақтығыстардың салдарларына тап болды: Еуропаға босқындар ағыны қалыптасты, террористік актілер жиілеп кетті, ксенофобияның өсуінің алғышарттары пайда болды. Ақыр соңында геосаяси ұтыс жағдайында ағылшын-саксон әлемінің мемлекеттері болды. Өңірдегі геосаяси жағдай техногендік, гуманитарлық және табиғи сипаттағы бірқатар қауіп-қатерлерді күрделене түсуде, олардың ішінде заңсыз көшіп келу, қару-жарақ пен есірткіні заңсыз сату, өңірлік қақтығыстар, ресурстық қамтамасыз етудегі мәселелер, экологиялық сынқатерлер, індеттер мен пандемиялар, табиғи апаттар, ұйымдасқан қылмыстың қызметі және т. б. жатады. Сонымен қатар, бүгінгі күні Таяу Шығыс – әлемдегі ең милитаризацияланған өңірлердің бірі екені белгілі. Милитаризацияның негізгі көрсеткіштері мен абсолюттік есептеудегі әскери шығыстар бойынша өңір елдері дамушы елдер арасындағы көшбасшы болып табылады, ал жекелеген көрсеткіштер бойынша дамыған елдерді де басып озады. Сонымен, Таяу Шығыс дәстүрлі түрде өзінің геосаяси мәртебесінің «кепілі», жаһандық ойыншылардың күш-жігері шоғырланатын өңір болып табылатыны туралы қорытынды жасауға болады. Сириялық Араб Республикасы мүдделер қақтығысының эпицентрінде болды. Осыған байланысты қалыптасқан өңірлік конфигурация шеңберінде Сирияның жағдайын зерттеу маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Александр Ч. *Белорусский журнал международного права и международных отношений 2001* — № 3. *Некоторые геополитические аспекты теории международных отношений*.
2. Комлева Н.А. *Геополитический статус государства: сущность и типология // Геополитика и безопасность. 2010. № 1 (9). – С. 23-28.*
3. Бжезинский З. *Соединенные Штаты превыше всего // Независимая газета. 1999. 24 ноября.*
4. Аннан К. *Обновление на переходном этапе. – Нью-Йорк: ООН, 1997.*
5. Brzezinski Z. *The Grand Chessboard: American Primacy and Its Geo-strategic Imperatives. Basic Books (Sept., 1998)*
6. Елфимов Г. М. *Возникновение нового: Филос. очерк. – М. : Мысль, 1983. 188. – С. 121.*
7. Матакбаева Л.Х. *Ближний Восток: кризис социальных ожиданий или новый мировой порядок // Вестник КазНПУ. Серия: Международная жизнь и политика. – 2017. – №1(48). – С.23.*
8. Ганиев Т.А., Карякин В.В. *Большой Ближний Восток: геополитическая регионалистика конфликтного центра мировой цивилизации // Архонт. 2018. № 4 (7). – С. 15-28.*
9. Фитунни Л.Л. *Культурно-идеологические процессы в регионе Ближнего Востока и проблема терроризма сквозь призму предиктивной аналитики // Контуры глобальных трансформаций: политика, экономика, право. 2017. Т. 10. № 2. – С. 110-127.*

10. Белозёров В. К. *Страсти по воде. Какие ресурсы будут наиболее востребованы // Россия в глобальной политике. 2009. № 3. – С. 152-154.*

11. Фартушняк Л.Л. *Геополитический статус государства: сущностные характеристики // Журнал научных публикаций аспирантов и докторантов. 2008. № 10 (28). – С. 57-60.*

12. Белозёров В.К. *Управляемый хаос и глобальные политические стратегии // Геополитика и безопасность. 2014. № 4. – С. 9-13.*

ӘОЖ 327

ҒТАХР 11.25.41

Б.Бюжеева¹, А.Әліпбаев², Т.Төлегенов³, А.Анерова⁴

¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

²Халықаралық бизнес университеті, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

³Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушы

⁴әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының магистранты

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЛАҢКЕСТІКТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Орталық Азия аймағы халықаралық лаңкестік мен экстремизмнің енетін негізгі аймақтардың бірі болып қала бермек. Тұрғын халықты жаппай исламдандыру ішкі әлеуметтік-экономикалық саладағы мәселелермен қатар жүруде. Халықаралық экстремизм мен лаңкестікке қарсы күресуде Орталық Азия мемлекеттерінің үкіметтері негізінен консервативті әдістерді қолдануда. Бүгінгі таңда лаңкестік Орталық Азия аймағында да, бүкіл әлемде де маңызды қауіпсіздік мәселелерінің бірі болуда. Бұл мақалада Орталық Азияда халықаралық лаңкестіктің пайда болуының алғышарттары, лаңкестіктің жаппай құбылысқа айналу себептері қарастырылады, сонымен қатар лаңкестік мен экстремизм сияқты құбылыстармен күресу үшін қажетті негізгі аспектілер көрсетілген.

Түйін сөздер: лаңкестік, экстремизм, ДАИШ, ҰҚШҰ, экстремистік қозғалыстар, әлеуметтік сала.

Б.Бюжеева¹, А.Алипбаев², Т.Төлегенов³, А.Анерова⁴

¹к.и.н., доцент кафедры международных отношений и мировой экономики, КазНУ имени аль-Фараби

²доцент кафедры социально-гуманитарных наук, Университет международного бизнеса

³ст. преподаватель кафедры международных отношений Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая

⁴магистрант кафедры международных отношений и мировой экономики, КазНУ имени аль-Фараби

ОСОБЕННОСТИ ТЕРРОРИЗМА В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Аннотация

Центрально-азиатский регион продолжает оставаться одним из ключевых регионов для проникновения международного терроризма и экстремизма. Массовая исламизация населения сопровождается проблемами внутри социально-экономической сферы. Правительства государств Центральной Азии в основном применяют консервативные способы борьбы с международным экстремизмом и терроризмом. На сегодняшний день терроризм продолжает оставаться одной из ключевых проблем безопасности как

центрально-азиатского региона, так и всего мира в целом. В данной статье будут рассмотрены предпосылки появления международного терроризма в Центральной Азии, причины по которым терроризм становится массовым явлением и также выделены основные аспекты, необходимые для борьбы с такими явлениями как терроризм и экстремизм.

Ключевые слова: терроризм, экстремизм, ИГИЛ, ОДКБ, экстремистские движения, социальная сфера.

B.Byuzheyeva¹, A.Alipbayev², T.Z. Tolegenov³, A.Anerova⁴

¹Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Chair of International Relations and World Economy of al-Farabi Kazakh National University

²Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of Social and Humanities Sciences of University of International Business

³senior teacher of International Relations, Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan

⁴MA student, Chair of of International Relations And World Economy of al-Farabi Kazakh National University

FEATURES OF TERRORISM IN CENTRAL ASIA

Abstract

The Central Asian region continues to be one of the key regions for the penetration of international terrorism and extremism. Mass Islamization of the population is accompanied by problems within the socio-economic sphere. The governments of the Central Asian states mainly use conservative methods of fighting international extremism and terrorism. Today, terrorism continues to be one of the key security problems of both the Central Asian region and the entire world. This article will examine the prerequisites for the emergence of international terrorism in Central Asia, the reasons why terrorism is becoming a mass phenomenon, and also highlights the main aspects necessary to combat such phenomena as terrorism and extremism.

Keywords: terrorism, extremism, ISIS, CSTO, extremist movements, social sphere.

XXI ғасырда лаңкестік пен діни экстремизм әлемдік аренадағы жекелеген державалардың, күштер мен қозғалыстардың геосаяси мақсаттарына қол жеткізу үшін саясаттың бір бөлігі және сыртқы саяси қызметті жүргізудің құралына айналып, ең күрделі әлеуметтік проблемалардың біріне айналды. Соған орай әлемде лаңкестік пен діни экстремизмге қарсы күрес әлем елдері саясатының басым бағыттарының бірі болып табылатын жағдай қалыптасты. Бұл тұрғыда Орталық Азия елдері де тыс қалмады. Өйткені қазіргі кезде Орталық Азия аймағы бірқатар ірі державалардың және халықаралық өмірдің басқа да қырларының мүдделері тоғыса түскен өңірге айналды. Құрлықтың дәл өзегінде орналасуына орай, бұл аймақ Еуразияның стратегиялық маңызды "қақпасы" іспеттес: шығысында Қытай және Азия-Тынық мұхиты аймағының елдері; оңтүстігінде – Ауғанстан, Таяу Шығыс елдері және бірқатар басқа ислам мемлекеттері; батыста және солтүстікте-Кавказ, Түркия, Еуропа, Ресей.

Өзінің геосаяси жағдайының аумақтық сипатынан басқа мұнда мұнай мен газдың қомақты қорларының болуы, пайдалы қазбалардың, оның ішінде алтынның, уранның, мыстың болуы; өңір арқылы өтетін транзиттік және коммуникациялық жолдардың орналасуы, Каспий теңізінің стратегиялық және геоэкономикалық маңызы өзіндік жағымды жақтарымен қоса жағымсыз жақтарын да байқатуда.

Ірі геосаяси күштер ішкі дамуға да, ішкі дағдарыстарға да ықпал ету мүмкіндігін арттыра түсуге ұмтылуда. Орталық Азиядағы экономикалық және саяси жағдай экстремистік топтарға да өте қолайлы. Ал жаһандану жағдайында лаңкестік пен діни экстремизм қазіргі қауіптірге, қатерлі тәуекелдерге және жаппай қырып-жою қаруының жаңа түрлерінің шығуына байланысты ең қауіпті құбылыстарға айналды. Діни экстремизм мен лаңкестік сияқты жағымсыз құбылыстар Орталық Азия өңірі елдеріне де тарала бастады [1]. Мемлекеттік егемендікке қол жеткізген сәттен бастап Орталық Азия республикалары да өңірлік және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сияқты маңызды проблемаларға тап болды. Лаңкестік пен экстремизм қаупінің шыңы 1992-1997 жылдардағы Тәжікстандағы азаматтық соғысқа және 1999-2000 жылдардағы Қырғызстан мен Өзбекстан аумағына қарулы содырлардың еніп кетуіне әкелді [2]. Бұл XX және XXI ғасырлар тоғысында лаңкестік, діни экстремизм және осы құбылыстарға қарсы іс-қимыл

мәселелері жекелеген мемлекеттер үшін де, жалпы әлемдік қоғамдастық үшін де маңызды мәселелердің біріне айналғандығын дәйектейді.

Олай болса аймақ елдерінің ішінде әртүрлі діни радикалды топтардың әрекет етуінің алдын алу үшін ең алдымен әр ел жеке дара бөлінбей, аймақтық қауіпсіздікті тұтастай толыққанды қамтамасыз етулері тиіс.

Аймақтық қауіпсіздік кез келген аймақта тұрақтылықты қамтамасыз етудегі іс шаралар екендігі белгілі. Қауіпсіздік түсінігі соңғы отыз жылда жаңа сипатқа ие болды, өйткені бұл кездері лаңкестік, экстремизм, сепаратизм мәселелері пайда болды. Халықаралық аянда жаңа акторлар үлкен рөл атқара бастады, лаңкестік топтар белгілі бір аймақтарға, сонымен қатар әлемдік деңгейде де қауіп төндіре бастады.

Лаңкестік өз кезегінде террорды қолдануға негізделген, яғни физикалық зорлық-зомбылық, оның ішінде кісі өлтіру арқылы дұшпанды қорқытуға негізделгендігі хақ. Экстремизм – бұл кейбір сәттерде лаңкестікпен байланысты радикалды көзқарастар мен әрекет ету әдістерін ұстану. Экстремизм мен лаңкестік бір-біріне ұқсамайды, бірақ олар өзара тығыз байланысты. Юргенсмейер діни лаңкестікті үмітсіздіктен жасалған қоғамдық әрекет деп сипаттайды [3]. Дегенмен де заңды негізде діни экстремизмнің бірыңғай анықтамасы айқындалмаған. Әр елде экстремизмнің өзіндік анықтамасы бар. Ол әр елдің басқару үлгісіне, сөз бостандығы дәрежесіне және саяси жүйесіне байланысты. Кейбір зерттеушілер ешқандай топ өздерін лаңкестіктік ұйым деп санамайтындығында дейді, бұл ұғым субъективті деп дәйектейді [4]. Кешегі елінің азаттығы үшін күрескендер бүгін лаңкесшілер деп аталуына немесе бүгінгі лаңкесшілерді ертең азаттық жолындағы күрескерлер деп аталуына ешқандай кепілдік жоқ екендігі белгілі.

Жалпы ғылыми айналымда қалыптасқан қағидаға сай экстремизмнің үш түрін ажыратуға болады: саяси, яғни билікті күшпен басып алуға бағытталған немесе ұлттық, белгілі бір этностардың өкілдеріне қарсы бағытталған және дінге байланысты діни сипаттағы әрекеттер. Бүгінгі күні жаһандық экстремистік қозғалыстар: жасыл лаңкестік, анархистер, исламистер, олардың әрекеттері ұлттық шекарамен шектелмейді және олар барлық жерде кездеседі. Лаңкестік, көбінесе, экстремистердің өз мақсаттарына жету әдістерінің бірі болып табылады. Ал егер мемлекет оны өз мақсатына сай пайдаланған болса, онда ол мемлекеттік лаңкестік деген ұғыммен айқындалады. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттер геосаяси мақсаттарға жету үшін лаңкестік топтарға көмектесуде. Қазіргі кезде халықаралық лаңкестік кең етек алуда. Халықаралық лаңкестік ұлттық шекарамен шектелмейтіндігімен және барлық жерде кең таралумен сипатталады.

Лаңкестікпен күрес екі бағытты қамтуда: консервативті әдіс және прогрессивті. Консервативті әдіс лаңкестікке қарсы ымыраға келу мен жеңілдік табуды білдіреді. Прогрессивті әдіс ымыраға келуді, сондай-ақ лаңкестікті аяусыз жоюды көздейді. Кейбір еңбектерде лаңкестер дегеніміз - адамгершілік деңгейі, мәдениеті төмен және кедей аймақтардан шыққан немесе әлеуметтік күмәнді топтардан шыққандар деген анықтамаларды да кездестіреміз. Әрине мұндай тұжырымдар мәселені толыққанды аша алмайды. Қазіргі заманғы лаңкестік туралы ақпаратты көпшілік қоғамды бақылау үшін ойлап тапқан миф ретінде қабылдайды. Лаңкестіктің ауданы өз аумағынан алыста деп санайды.

Соңғы жылдары Орталық Азияға деген қызығушылық жан-жақты арта түсуде. Оның ішінде әр түрлі лаңкестік топтар да өз ықпалын орнатуға тырысуда. Әсіресе кейбір құрылымдар аймақтағы жағдайды бұзуға дайын екендігі белгілі, мысалы Өзбекстанның исламдық қозғалысы Ауғанстан Талибанына еріп, өзін Ислам мемлекетінің бөлігі деп жариялады. Бүгінгі күні аймақ қауіпсіздігіне төнетін негізгі қатерлердің бірі – әлі де Ауғанстандағы жағдай. Тікелей қарулы қақтығыстар қазірдің өзінде айқын көрінеді, мысалы, Тәжікстан шекарасында және Ауғанстан ішіндегі және оның айналасындағы жағдайдың асқынуы кез келген сәт аймақ елдеріне де қатер туғызуы ықтимал. Осындай саяси жағдайларды ескере келе 2015 жылы Мәскеуде ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттер барлық қарулы күштерді жаңарту үшін және Тәжікстанға қаржылық және материалдық көмек көрсетуге келісті. Аймақтың жедел әрекет етудің ұжымдық күштері лаңкестік қаупіне қарсы ең тиімді құрал бола алады. Ұжымдық жұмыс ынтымақтастықты тереңдетеді және жетілдіреді және сәйкесінше Орталық Азия елдерінің аумағында тұрақтылықты нығайтады. Таяу Шығыстағы саяси дағдарысты аудандарда жүздеген орталықазиялық елдердің азаматтарының ислам мемлекетінің әртүрлі бөлімшелерінің қатарында соғыс іс-қимылдарына қатысуының өзі бұл адамдардың әлеуметтік және экономикалық себептерге орай экстремистер идеологиясын қабылдауына мәжбүр болғандығы аян. Сонымен қатар, олардың осы құрылымдардың жағына шығу кезінің көптеген сәтінде теология мәселелері екінші орында, басты қозғаушы күш өз елінде шешімін таппаған әлеуметтік-экономикалық мәселелер және оның шешілуінен үмітін үзгендігі. Өйткені өз елінде заңсыздық пен сыбайластық үрдістің кең етек алуы, оларға балама жол іздеуге итермелейді. ДАИШ сияқты ұйымдар аймақтағы осындай сәттерді қалт жібермей, белсенділік танытуда. Орталық Азия елдерінде олардың өз уағыздарын тарату ықтималдығы өте жоғары. Олай болса аймақ елдерінің заңды билігі де елдегі шенеуніктер тарапынан болатын заңсыз әрекеттерге қырағылық танытып, тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық, азаматтық құқықтарының қорғалуын жан-жақты қамтамасыз ете отырып, туындаған қауіп-қатерлердің алдын алуда жұмыла әрекет жасауы керек екендігі айқын. Тек бұл ақиқаттың бүгінгі күні жергілікті билік тарапынан қажетті деңгейде атқарылауында ғана.

Британдық экономика және бейбітшілік институты жариялаған дүниежүзілік лаңкестік рейтингісіне сәйкес, Түрікменстан мен Өзбекстан лаңкестіктің нөлдік әсері бар елдер қатарына кіреді. Есепке сәйкес соңғы 5 жылда лаңкестік құрбандарының саны 80%-ға өсіп, 33000 адамға жетті. Дүниежүзінде барлық өлім-жітімнің шамамен 80%-ы лаңкестік актілердің 60%-ы Иран, Ирак, Ауғанстан, Пәкістан және Сирияның 5 елінде болды [5].

Зерттеушілердің пікірінше, Орталық Азия елдерінің ішінде Тәжікстан 2019 жылдың жаһандық лаңкестік индексі бойынша ең нашар позициясын жоғалтып алды. 24 позиция және 50-ші қатарда болды, бірқатар исламдық мемлекет жақтастарының шабуылдары мен әрекеттері Тәжікстанды лаңкестіктің орташа деңгейі жоғары елдер тобынан шығарды. Орта Азия республикаларының ішінде Қазақстан рейтингте 83-ші орында, одан кейін бірден Тәжікстан мен Қырғызстан келеді. Бұл қазірдің өзінде лаңкестіктің әсері өте төмен топ. Сонымен қатар, Түрікменстан мен Өзбекстан лаңкестіктің нөлдік әсері бар елдер қатарына енеді. Дегенмен де 2015 жылы Қырғызстанның Бас Прокуроры республикада 68 экстремистік және лаңкестік топтар залалсыздандырылды деп жариялады, ал Өзбекстанда тек 2 апта ішінде 200-ге жуық адам қамауға алынды [6]. Яғни бұл аймақта іс жүзінде лаңкестік және діни экстремистердің әрекеті әлі толастай қоймағандығын білдіреді. Қазір Қазақстанда, Өзбекстанда, Қырғызстанда болып жатқан жағдай - экстремизм мен лаңкестікке қарсы күрестің нышаны іспеттес. Кейбір сәтте мемлекет қоғамның назарын өзекті әлеуметтік мәселелерден басқа жаққа аудару мақсатында жасағандай болып көрінеді, алайда қауіпсіздік мәселесін көзден таса қылмау негізгі мақсатымыз ғой. Сол ретте қоғам мемлекеттің діни фундаменталистер тарапынан туындайтын қауіп-қатерлердің алдын алып жатқандығына ешқандай күмән келтірмейді. Аймақ елдерінің саяси билігі діни фундаменталистер аймақтағы билеуші режимге қарсы шығуға дайын деп санайды. Дәл осы себептен фундаменталистерге қарсы қысым мен әрекеттер күшейе түсуде. Өйткені аймаққа келетін заңсыз күштердің дайындалу алаңдары аймақ елдеріне тым жақын орналасқан.

Ресей Қауіпсіздік Кеңесінің басшысы айтқан ақпаратқа сәйкес Ауғанстандағы лаңкестердің негізгі күштері сол аймақтағы базалар мен оқу-жаттығу лагерлері орналасқан шығыс провинцияларда шоғырланған. Осы аймақтың өзінде содырлардың саны бір жарым мыңға жуықтайды және өсіп келеді, оның ішінде басым көпшілігі Сирия мен Ирактан қашып шыққан джихадшылар. Бұл Орталық Азия мемлекеттеріне қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қырағы болуды талап етеді. Сол ретте соңғы кездердегі Сирия мен Ирактан шыққан содырларды ығыстыру, осы аймаққа таяу жатқан Орталық Азияның барлық мемлекеттері үшін де қауіп туғызады [7]. Бұл бағытта ең таяу жатқан Тәжікстан үкіметі діни экстремизмге қарсы күресті күшейте түскен еді [8].

Қазақстанның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы Мюнхендегі қауіпсіздік конференциясындағы сөзі Орталық Азия аймағындағы тұрақтылық тақырыбына арналды. Қазақстан Президенті бүкіл әлемде тұрақтылықты сақтау мен қауіпсіздікті қалай нығайтуға болатындығы туралы өзінің көзқарасын айтты [9]. Қазақстан әрқашан бейбітшілік пен тұрақтылыққа бағытталған тактиканы ұстанды, сыртқы саясатта тепе-теңдікті сақтай білді. Ауғанстандағы үрейлі жағдайға қарамастан, бүгінде үкіметтік күштер мен «Талибан» радикалды қозғалысының содырлары арасында қатты қарама-қайшылық бар. Мемлекет прогрессивті дамуға барлық қадамдарды жасауда.

Жалпы тенденция - лаңкестік күшейе түсуде. Лаңкестіктің өрлеу үрдісі бүгінгі күні жаһандық сипатқа ие болды. Ең басты есте сақтайтын қағида, лаңкестік – бұл стратегия, ол жеңуді қажет ететін жау емес, оған қарсы тұруымыз керек. Лаңкестік – бұл саяси мақсатқа қол жеткізу үшін қолданылатын бірнеше құралдардың бірі ғана. Осылайша, ол әр түрлі тәсілдермен және әртүрлі субъектілермен, тіпті мемлекет тарапынан да жүзеге асырылуы мүмкін. Олай болса оны жүзеге асыратындар тек әлсіздер мен заңсыз субъектілер ғана емес екендігінде.

Бұл бағытта шешілмеген мәселелер әлі жеткілікті – ал оларды шешу Орталық Азия мемлекеттерінің билік басындағы тұлғаларының саяси еріктеріне де тікелей байланысты. Орталық Азиядағы жаңа қыр-көрсетулер ішкі ғана емес, сыртқы өлшемге де қатысты, сондықтан халықаралық лаңкестікке қарсы күрес ресурстары, мүмкіндіктері мен шарттары осы кешенді мәселені шешу үшін аймақ елдерінің біріге отырып тиімді стратегияны таңдауымен айқындалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Современный терроризм: взгляд из Центральной Азии. А.Г. Косиченко, М.С. Ашимбаев и др. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 213 с.*

2 *Назирова Д. Проблемы терроризма, религиозного экстремизма и пути их преодоления. – Душанбе. 2009. //http://cheloveknauka.com/problemny-terrorizma-religioznogo-ekstremizma-i-puti-ih-preodoleniya#ixzz6cKA6bvXU.*

3 *Juergensmeyer. Terror in the mind of God: the global rise of religious violence. Vol. 13. Univ of California Press. – М., 2003.*

4 *Ahmad E., 2011. Terrorism: Theirs & Ours. Seven Stories Press.*

5 Карин Е. Терроризм в Казахстане: от виртуального к реальному (14.07.2011) // URL: <http://www.kursiv.kz/freshkursiv/details/tendencii-weekly/terrorizm-v-kazaxstane-ot-virtualnogo-k-realnomu/>

6 Омаров Н.М. Исламский радикализм как глобальный вызов безопасности современной Центральной Азии // <https://afghanistan.ru/doc/4932.html>. 15.01.2016

7 Rashid T.A. (2017). A Systematic Web Mining Based Approach for Forecasting Terrorism. - 284-295 p.

8 Борьба с международным терроризмом - приоритет мирового сообщества [Электронный ресурс]. Режим доступа: URL: <http://russian.people.com.cn/95181/6591580.html>.

9 Касым-Жомарт Токаев выступил на Мюнхенской конференции по безопасности // https://lenta.inform.kz/ru/kasym-zhomart-tokaev-vystupil-na-myunhenskoj-konferencii-po-bezopasnosti_a3615100. 16 Февраля 2020.

УДК 061.2(100)

МРНТИ 11.25.57

Даукенов С.Р.¹, Курмангали А.К.²

¹магистрант 1 курса специальности международные отношения,
Института Сорбонна-Казахстан, КазНПУ им. Абая

²доктор политических наук, доцент кафедры международные отношения
Института Сорбонна-Казахстан КазНПУ им. Абая

ВОЗМОЖНОСТИ РАСШИРЕНИЯ БРИКС КАК ЦЕНТРА НОВОГО ГЕОПОЛИТИЧЕСКОГО ВЛИЯНИЯ

Аннотация

Новый мировой порядок в XXI веке постепенно приобретает конкретную исторически сложившуюся систему, стабильность которой поддерживается соотношением между государствами и блоками государств. Распад старого мирового порядка является результатом дисбаланса, который активировал переходный период, во время которого мир как система стремится достичь нового равновесия или нового дисбаланса. По достижении равновесия сформируется новый миропорядок, стабильность и продолжительность которого будут определять: во-первых, какие государства окажутся, образно говоря, «передовыми» в международной политической игре; во-вторых, какими государствами и регионами по какой-либо причине уменьшат своё влияние или же наоборот увеличат продвижение в определенной области геополитического пространства.

В этом контексте важен тот факт, что БРИКС как интеграционное объединение в современной системе международных отношений, приобретает значительную актуальность.

БРИКС изначально был создан как экономическое объединение, но на каждом этапе его цели деятельности приобретают не только экономический, но и политический характер. Так, на последнем Йоханнесбургском саммите обсуждались такие важные темы, как противостояние терроризму, экстремизму и т.д.

В данной статье рассматриваются возможности присоединения новых государств к БРИКС, который является на сегодняшний день одним из авторитетных межгосударственных объединений. Членами БРИКС являются государства с набирающей оборот экономикой, способной конкурировать с западными странами.

Ключевые слова: БРИКС, экономика, объединение, присоединение, конкуренция.

С.Р. Даукенов¹, А.К. Құрманғали²

¹Халықаралық қатынастар мамандығының 1 курс магистранты,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан Институты

²Саяси ғылымдар докторы, доцент, Халықаралық қатынастар кафедрасы
Сорбонна атындағы ҚазҰПУ-Қазақстан Институты Абай

БРИКС КЕҢЕЙТУДЫҢ ЖАҢА ГЕОПОЛИТИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

XXI ғасырда жаңа әлемдік тәртіп белгілі бір тарихи қалыптасқан құрылымға ие болды, оның тұрақтылығы мемлекеттер мен мемлекеттер блоктарының арасындағы тепе-теңдікті сақтайды. Ескі әлемдік тәртіптің күйреуі – теңгерімсіздіктің нәтижесі және жүйе жаңа тепе-теңдікке немесе жаңа тепе-теңдікке

жетуге ұмтылатын өтпелі кезеңді белсендіреді. Тепе-теңдікке қол жеткізілгеннен кейін жаңа әлемдік тәртіп пайда болады, оның тұрақтылығы мен ұзақтығы келесі нәрселерді анықтайды: біріншіден, қандай мемлекеттер халықаралық саяси ойында «озық» болып шығады; екіншіден, қандай мемлекеттер мен аймақтар қандай да бір себептермен олардың әсерін азайтады немесе, керісінше, геосаяси кеңістіктің белгілі бір аймағында алға жылжуды күшейтеді.

Бұл тұрғыда, БРИКС-тің қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде интеграциялық интеграция жағдайында маңыздылығы бар.

БРИКС бастапқыда экономикалық бірлестік ретінде құрылды, бірақ кезеңмен оның мақсаттары тек экономикалық емес, сонымен қатар саяси сипатқа ие болады. Сонымен, Йоханнесбургтің соңғы саммитінде терроризммен, экстремизммен күрес сияқты маңызды тақырыптар талқыланды.

Бұл мақалада бүгінгі таңда тиісті қауымдастықтардың бірі болып табылатын БРИКС-тің құрылуына жаңа мемлекеттердің қосылу мүмкіндігі қарастырылады. БРИКС мүшелері - дамып келе жатқан экономикасы бар, Батыс елдерімен бәсекеге түсе алатын елдер.

Түйінді сөздер: БРИКС, экономика, қауымдастық, қосылу, бәсекелестік.

Daukenov S.R.¹, Kurmangali A.K.²

*¹Master student of the international relations,
Sorbonne Institute-Kazakhstan KazNPU Abai*

*²Doctor of Political Sciences, Associate Professor, Department of International Relations
Sorbonne Institute-Kazakhstan KazNPU Abai*

BRICS EXTENSION OPPORTUNITIES AS A CENTER FOR A NEW GEOPOLITICAL INFLUENCE

Abstract

In the 21st century, the new world order acquires a concrete historically established structure, the stability of which is maintained by parity between states and blocs of states. The collapse of the old world order is the result of an imbalance and activates a transition period during which the world as a system seeks to achieve a new equilibrium or a new imbalance. As soon as equilibrium is reached, a new world order will appear, the stability and duration of which will determine: first, which states will, figuratively speaking, turn out to be “advanced” in the international political game; secondly, by what states and regions for any reason they will reduce their influence or, on the contrary, increase their advancement in a certain area of the geopolitical space.

In this context, it is important that BRICS, as an integration association in the modern system of international relations, acquires significant relevance.

The BRICS was originally created as an economic association, but each time its goals acquire not only economic, but also political character. So, at the last Johannesburg summit, such important topics as the fight against terrorism, extremism, etc. were discussed.

This article discusses the possibility of accession of new states to the formation of BRICS, which is today one of the relevant associations. BRICS members are countries with an emerging economy that can compete with Western countries.

Keywords: BRICS, economics, association, accession, competition.

На заседании Совета Безопасности Российской Федерации, представляя новую внешнеполитическую концепцию для своего государства, президент Владимир Путин заявил, что «Запад более не способен доминировать в мировой экономике и политике» [1, с.93]. Именно в таких условиях актуальна группа государств-участниц под названием БРИКС. БРИКС, являясь межгосударственным объединением из пяти стран, всё больше и больше заявляет о себе не только в экономическом плане, но и в политическом. В БРИКС, на данный момент, входят: Бразилия, Россия, Индия, КНР и ЮАР. Изначально данное объединение являлось экономическим блоком стран с развивающейся экономикой. Основной целью БРИКС является содействие экономическому партнёрству и сотрудничеству для увеличения экономического потенциала государств-участниц. Постепенно, БРИКС вышел за рамки исключительно экономического блока, т.к. стали появляться признаки того, что государства-участницы хотят преобразовать объединение в политический клуб и увеличить своё геополитическое влияние. Каждое из государств рассматривает БРИКС как способ улучшить свою собственную экономику, а также создать союз, который смог бы заявить о себе, как о новом стратегически важном центре мировой экономики. БРИКС важен для Китая, в плане поиска для себя новых партнёров, чтобы конкурировать с Европой и США. Индия же благодаря обмену опытом с другими членами БРИКС смогла вплотную заняться своим технологическим развитием. Присоединение ЮАР к БРИКС было заметным достижением для страны, поскольку её планом было войти в число развитых стран, вступив в тесное сотрудничество с четырьмя государствами БРИКС. Россия в рамках БРИКС получила

возможно решить свои экономические проблемы, опираясь на опыт своих партнёров. Бразилия усилила своё внутреннее производство, благодаря чему по показателям сельского хозяйства, это государство является одним из сильнейших государств в мире [2].

Таким образом, большинство государств-членов БРИКС сохраняют свои позиции как наиболее развивающиеся мировые рынки. Поэтому БРИКС немаловажно расширять границы своего присутствия, в связи с чем стоит вопрос о присоединении новых членов. Во время X саммита БРИКС, который проходил в Йоханнесбурге в 2018 году, глава МИД Российской Федерации Сергей Лавров выразил желание о возможном расширении объединения. Вместе с тем, ещё незадолго до саммита помощником президента Российской Федерации Юрием Ушаковым подчёркивалось, что на саммите ожидается обмен взглядами государств-участниц БРИКС по поводу возможных процессов расширения и подключения новых участников. Президент Российской Федерации Владимир Путин на пресс-конференции по итогам состоявшегося саммита в 2018 году подчёркивал желание и готовность кандидатов на вступление в альянс работать в рамках БРИКС в полном формате и не исключал в ближайшее время возможное расширение объединения, добавив, что нужно как следует проработать этот вопрос. Итогом юбилейного саммита в ЮАР является решение государств-участниц о дальнейшем использовании в работе форматов типа «БРИКС+», после чего тогда президент Российской Федерации провёл отдельные встречи на двустороннем уровне с кандидатами в БРИКС – Маурисио Макри и Реджепом Эрдоганом, президентами Аргентины и Турции. Своему появлению формат «БРИКС+» обязан IX саммиту в Китае, в городе Сямэне, проведённом в 2017 году: именно тогда неофициально стоял вопрос об удвоении участников клуба. К возможным кандидатам на вступление в организацию относятся государства с развивающейся экономикой, разделяющие экономические и политические взгляды БРИКС. Глава КНР Си Цзиньпин на саммите 2017 года пригласил лидеров государств Египта, Гвинеи, Таджикистана, Мексики и Таиланда именно в рамках этой неформальной повестки дня.

Между тем некоторые эксперты и аналитики считают, что расширение БРИКС в принципе невозможно, хотя бы из-за внутренних противоречий, как, к примеру, между Китаем и Индией. По словам Александра Габуева, эксперта Московского Центра «Карнеги», для своего расширения БРИКС пока не имеет конкретных организационных критериев и является своего рода «аморфным» объединением. Кроме того, наличие противоречий в БРИКС, таких как вышеупомянутый китайско-индийский конфликт вокруг Плато Доклам, затрудняет процесс расширения.

Тем не менее, эксперты сходятся во мнении, что только при условии расширения границ своего присутствия, существует вероятность становления данного объединения альтернативой государствам «G20» и «G7», а также основной базой для укрепления многополярного мира и ухода от политико-экономической гегемонии США, о чём уже не раз декларировалось на форумах БРИКС. Программный директор международного дискуссионного клуба «Валдай» Ярослав Лисоволик уверен в том, что потенциал БРИКС пока не раскрыт до конца и БРИКС ещё будет расширяться. К наиболее значимым кандидатам Лисоволик относит Турцию и Индонезию, а также не исключает, что к союзу БРИКС в ближайшие годы могут присоединиться государства, входящие вместе с Россией в Евразийский экономический союз (ЕАЭС), такие как Казахстан, Белоруссия, Кыргызстан и Армения. По его мнению, имеет немалое значение экономическая связь Казахстана с его восточным соседом – Китаем, входящим в БРИКС. С Китаем Казахстан сотрудничает по проекту «Один пояс - один путь», в рамках ведется строительство железнодорожных магистралей по реконструированному маршруту Шёлкового Пути. Более того, по мнению экспертов, есть вероятность присоединения новых членов в лице государств, тесно связанных экономически с Бразилией и ЮАР. Так, за Бразилией подтянутся входящие в торгово-экономический союз МЕРКОСУР Парагвай, Уругвай, Аргентина, Боливия и Венесуэла, тогда как Лесото, Ботсвана, Намибия и Свазиленд могут стать новыми членами благодаря ЮАР [3].

Для координатора аналитических проектов евразийского центра «Самрау» Дмитрия Михайличенко БРИКС является своего рода «экспериментом» с целью показать очертания альтернативного мироустройства, который за десять лет функционирования организации пока ещё не явил миру полноценно работающую структуру с чётким функционалом. По его словам, БРИКС имеет значение с точки зрения демонстрации возможной политической расстановки, в связи с чем лидеры государств-участниц, в основном, лишь декларируют и выступают с громкими, но однообразными заявлениями. Михайличенко считает, что, на данный момент альтернатива доминированию Запада в мировом пространстве в лице БРИКС пока ещё не предоставляется внятной, но тем не менее вероятность реализации нового мироустройства имеет место быть. Сама постановка вопроса об альтернативности имеет политическую значимость, однако в данный момент этот процесс можно назвать скорее «плавной коррекцией», нежели существенным изменением миропорядка. По мнению Михайличенко, БРИКС является своего рода инструментом для

усиления влияния Китая, и именно Китай в большей мере способен на формирование альтернативного мироустройства в долгосрочной перспективе. Данное стратегическое обстоятельство позволяет утверждать, что Китай будет результативно заниматься укреплением БРИКС. К тому же, БРИКС нужен Китаю в контексте увеличения его интересов на африканском континенте. Россия же пытается получить поддержку со стороны государств-партнёров в вопросе о санкционной повестке, что видно из обсуждения данной проблемы на саммите в ЮАР в 2018 году. Михайличенко также нередко выражает своё мнение о Казахстане, касательно которого считает, что возможное участие в БРИКС для него не принесет особых политических преимуществ и в случае участия, напротив, существуют незначительные риски и осложнения с западными государствами. В любом случае, как отмечает Михайличенко, Нур-Султан является городом, прочно интегрированным в структуры евразийской интеграции и ШОС, которые несравненно более значимы для развития государственности Казахстана.

Для эксперта в области внешней политики, обороны и безопасности Григория Трофимчука БРИКС – это, в основном, декларация о геополитической альтернативе, противоположной США и Европейскому Союзу, что прежде всего было бы выгодно России и Китаю, тогда как остальные государства-участницы преследуют в данном блоке несколько иные интересы. Кроме того, такие государства, как Турция, которая пытается по-своему влиять на США, постепенно подтягиваются к БРИКС. По словам эксперта, Вашингтон всё это понимает, но не очень активно реагирует на БРИКС, поскольку пока не видит в нём ни экономического, ни политического конкурента. По словам аналитика, автоматические подсчёты населения и другие сравнительные параметры, которые государства-члены БРИКС любят подчеркивать, показывая свой вес и важность, не впечатляют Соединённые Штаты Америки. На том же юбилейном саммите в Южной Африке в 2018 году основное внимание было уделено заявлениям о противодействии протекционизму в Соединённых Штатах, хотя сами Штаты при этом открыто не назывались. Политолог считает это лишним доказательством неготовности участников БРИКС к реальному экономическому и геополитическому противостоянию, на что, в принципе, и мог бы, и должен был бы претендовать БРИКС для создания альтернативы США. Он отметил, что такие «планки» как развитие цифровой экономики, торговли и других коммуникаций уже были намечены и ранее, хоть и являются важными итогами встречи на Йоханнесбургском саммите. Согласно данным за 2018 год, государства БРИКС занимают более 25% суши, представляют 40% населения мира, а их валовой внутренний продукт (ВВП) в совокупности составляет 15,435 млрд долларов. Для Трофимчука сближение Казахстана с БРИКС было бы важно в контексте повышения международного престижа, так как к подобным возможностям и перспективам государство всегда относилось с внимательностью. По словам Трофимчука, только после того, как БРИКС раскроет свой настоящий потенциал такие государства, как Казахстан, сделают выбор в его сторону, не считаясь при этом с Западом. Мир ждёт, когда БРИКС предпримет конструктивные действия и шаги по созданию условий для реальной защиты государств, находящихся под торговым и политическим влиянием западных государств.

Как полагает депутат нижней палаты Парламента Казахстана Айкын Конуров, БРИКС только на X саммите в ЮАР (Йоханнесбургский саммит) стал обретать более или менее реальные очертания организации, ведь ранее, по его словам, это был скорее клуб по интересам, который был обязан своим нынешним названием офису Goldman Sachs («bricks» в переводе с английского - «кирпичи»). Создание БРИКС является попыткой поиска государствами-членами альтернативы долларовой системе расчётов между собой, однако, на реализацию этой цели нужно время, ведь ввиду отсутствия у государств-участников клуба на сегодняшний день общего наднационального органа управления, синхронизация экономических интересов представляется достаточно сложным процессом, а на фоне усиления антироссийских санкций и так называемых «торговых войн» между США и КНР найти баланс интересов еще сложнее. Казахстану же, по мнению Конурова, как одному из возможных кандидатов на вступление в БРИКС, всё же комфортнее находиться в расширяющейся ШОС, поскольку произошла удачная интеграция программы «Нұрлы Жол» и в рамках ЕАЭС с проектом Китая «Один пояс – один путь», причем средства на выгодных условиях уже привлекаются в Казахстан для развития инфраструктуры из АБИИ. Кроме того, как отмечают Жамансарин Н.Ш. и Битлеуов А.А. в своей статье «Место шанхайской организации сотрудничества на международной арене и перспективы её развития», ШОС за короткий срок эволюционировала из сугубо региональной в авторитетную международную организацию [4]. Таким образом напрашивается вывод, что ШОС, имея свой нынешний международный вес, будет оставаться привлекательной, как для нынешних участников, так и для потенциальных, в отличие от БРИКС.

Эффективности БРИКС даются совершенно разные оценки. К примеру, отмечается рост доли мирового ВВП стран, однако, на данный момент, конкретные результаты проследить сложно. Как считает

директор Центрально-Азиатского института стратегических исследований (ЦАИСИ) Анна Гусарова, на Йоханнесбургском саммите 2018 года была сделана ставка на Африку, вследствие чего можно сделать вывод о возможном увеличении государств-участниц БРИКС своего присутствия на Африканском континенте, в том числе военно-политическое и торгово-экономическое. Особый интерес здесь представляет политика Китая и вопросы возвращения внешних долгов Пекину. По словам Гусаровой, для Казахстана представляют интерес договоренности Китая и России в рамках БРИКС и как это может сказаться на торговых позициях в ЕАЭС. Диверсификация своей экономики и разрешение возникающих вопросов в рамках ЕАЭС сейчас являются более приоритетными вопросами для государств Центральной Азии. Как считает Гусарова, хотя ВТО и регулирует правила мировой торговли, Россия продолжает критиковать США и тем самым ретранслирует это на площадки и организации, в которых участвует [5].

Таким образом, вопросы о расширении БРИКС, также, как и о существовании самого объединения на сегодняшний день остаются открытыми, поскольку будущее этого союза зависит исключительно от самих стран-участниц и того, какие действия они предпримут на том или ином этапе. Как показывает исследование, мнения о расширении стран БРИКС неоднородны, поскольку некоторые аналитики и вовсе сомневаются в функционировании самого объединения. Впрочем, ввиду того, что БРИКС является относительно молодым объединением, рано делать определённые выводы. Как мы уже отметили в нашей статье, государства, входящие в БРИКС, являются лидерами среди государств с развивающейся экономикой, а следовательно и конкурентоспособность данного клуба, является одним из возможных сценариев развития БРИКС.

Список использованных источников:

1. Толмаков К., Чумаченко Т. Основные положения и направления внешнеполитической концепции России. - Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Международная жизнь и политика», №2 (33), 2013 г. – 115 с.
2. Мумени М. (□□□□□□□□ □□□□□□) БРИКС и её влияние на многополярный мир [Электронный ресурс] – 2014. – URL: <https://inosmi.ru/world/20140811/222300359.html> (дата обращения 25.03.2020)
3. Фаляхов Р. С кондачка не решается: почему БРИКС не расширяется [Электронный ресурс] – 2018. – URL: <https://www.gazeta.ru/business/2018/07/28/11875345.shtml> (дата обращения 25.03.2020)
4. Битлеуов А.А., Жамансарин Н.Ш. Место шанхайской организации сотрудничества на международной арене и перспективы её развития. – Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Международная жизнь и политика», №4 (59), 2019 г. 29 с.
5. Елемесов М. Казахстан и БРИКС: точки соприкосновения [Электронный ресурс] – 2018. – URL: https://old.liter.kz/ru/articles/show/49255-briks_kazahstan_tochki_soprikosnoveniya (дата обращения 27.03.2020)

УДК 328.28
ВАК 23.00.04

А.А. Есимсейтова¹, Н.Ш. Жамансарин²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ,

Сорбонна-Қазақстан институтының 1-курс магистранты

²ғылыми жетекшісі: Абай атындағы ҚазҰПУ,

Сорбонна-Қазақстан институты, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Алматы қ., Қазақстан

ЛАҢКЕСТІКПЕН КҮРЕСУ ФРАНЦИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Бұл мақала Еуропалық Одақтың беделді мүшесі – Францияның терроризмге қарсы жүргізетін саясаты мен тәжірибесінде орын алған қиыншылықтар мен жетістіктерді талдауға арналған. Сондай-ақ, мақалада Франциядағы түрлі формаларда орын алған лаңкестіктің қысқаша тарихы, алғышарттары мен салдарлары талқыланған. Лаңкестік іс-әрекеттердің әлемдегі бейнесі мен Францияның көптеген лаңкестік актілерден кейінгі жағдайына салыстырулар жүргізілген. Еуроодақтың, оның ішінде Еуропол және басқа да агенттіктердің терроризмге қарсы іс-қимылдарының Францияның жаңа саясат құруына ықпалы талданған.

Франциядағы терроризмге қарсы мемлекеттік органдардың аймақаралық және халықаралық ынтымақтастық аспектілерін талдағанда Еуропол және Интерполмен бірге ЕО, НАТО және халықаралық ұйымдардың құжаттары (БҰҰ, Жаһандық терроризмге қарсы форум, заңсыз қаржы айналымына қарсы іс-қимыл тобы) қолданылды. Сонымен қатар автор жалпы әлемдік қауымдастықтың және Еуроодақтың терроризм мәселесіне қатысты ұстанымын және лаңкестік іс-әрекеттердің Францияның геосаяси және халықаралық қатынастардағы алатын орнына әсерін бағалады.

Түйін сөздер: терроризм, экстремизм, Еуропалық Одақ, ұлттық мүдде, сыртқы саясат, ішкі саясат, халықаралық қауіпсіздік.

Есимсейтова А.А.¹, Жамансарин Н.Ш.²

¹магистрант 1-курса Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ имени Абая

²научный руководитель: кандидат исторических наук, доцент

Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ имени Абая

г. Алматы, Казахстан

БОРЬБА С ТЕРРОРИЗМОМ КАК ВАЖНАЯ ЧАСТЬ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ ФРАНЦИИ

Аннотация

Данная статья посвящена анализу антитеррористической политики, проводимой авторитетным членом Европейского Союза – Франции, а также трудностей и достижений, имевших место в практике упомянутого государства. В статье также рассматриваются краткая история, предыстория и последствия проявившегося в различных формах терроризма во Франции. Приведены сравнения образа террористических действий в мире и состояния Франции после многочисленных террористических актов. Проанализировано влияние антитеррористических усилий Европейского Союза, в том числе Европола и других агентств, на новую политику Франции. При анализе аспектов межрегионального и международного сотрудничества государственных органов противодействия терроризму во Франции были задействованы документы институтов ЕС, НАТО и международных организаций (ООН, Глобального контртеррористического форума, группы разработки финансовых мер борьбы с отмыванием денег) наряду с Европолом и Интерполом. Автор также дал оценку позиции мирового сообщества и Евросоюза по проблеме терроризма и влияния террористических актов на место Франции в геополитических и международных отношениях.

Ключевые слова: терроризм, экстремизм, Европейский Союз, национальные интересы, внешняя политика, международная безопасность.

Yessimseitova A.A.¹, Zhamansarin N.Sh.²

¹master of the 1st year of the Institute Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU

²c.h.s., associate Professor of Institute Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU

Almaty, Kazakhstan

FIGHT AGAINST TERRORISM AS AN IMPORTANT PART OF THE STATE POLICY OF FRANCE

Abstract

This article is devoted to the analysis of the anti – terrorism policy pursued by an authoritative member of the European Union - France, as well as the difficulties and achievements that have taken place in the practice of the mentioned state. The article also examines a brief history, background and consequences of various forms of terrorism in France. The author compares the image of terrorist actions in the world and the state of France after numerous terrorist acts. The article analyzes the impact of the European Union's anti-terrorist efforts, including those of Europol and other agencies, on the new French policy. The analysis of aspects of interregional and international cooperation of state bodies to counter terrorism in France involved documents from EU institutions, NATO and international organizations (the UN, the Global counter-terrorism forum, the financial action task force on money laundering), along with Europol and Interpol. The author also assessed the position of the international community and the European Union on the problem of terrorism and the impact of terrorist acts on France's place in geopolitical and international relations.

Keywords: terrorism, extremism, European Union, national interests, foreign policy, international security.

Бүгінгі таңда халықаралық терроризм жекелеген мемлекеттер үшін де, жалпы халықаралық қоғамдастық үшін де ең қауіпті қауіптердің бірі болып табылады. Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер ішінде террористік, экстремистік қимылдардан экономикалық, саяси, моральдық тұрғыдан ең көп зардап шеккен, құрбандар саны өте жоғары болған елдердің бірі Франция мемлекеті болатын.

2015 жылдан бастап Франция үшін терроризмге қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басымдықтарының бірі болып табылады. Онжылдықтар бойы Бесінші республикада мемлекеттік терроризмге қарсы жүйені қалыптастыру жүргізілді. 2015-2016 жылдары Париж бен Ниццада 210-нан астам адам қаза тапқан кезде, елдегі террористік шабуылдар өзінің шарықтау шегіне жетті.

2006 жылы Бесінші республика үкіметі «Франция терроризм алдында. Терроризм қауіпінің алдындағы үкіметтің ішкі қауіпсіздік жөніндегі ақ кітабы» доктринасын ұсынған болатын. Бұл доктрина ел тарихындағы бірінші де-юре ұзақ мерзімді терроризмге қарсы стратегиясы болды [1].

Терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты Францияның Ішкі істер министрлігінің жекелеген бейінді органы жүргізілмейді, себебі бұл қызметі олардың мамандану бейініне байланысты министрліктің бірқатар құрылымдық бөлімшелері жүзеге асыртады. Министрліктің мынадай дирекциялары (басқармалары) терроризмге қарсы күресті жүргізеді: ішкі қауіпсіздік бас дирекциясы (ІҚБД), ұлттық жандармерия бас дирекциясы, ұлттық полиция бас дирекциясы және Париж полициясының префектурасы [1].

Ішкі қауіпсіздік бас дирекциясының негізгі төрт бағытын атап өтуге болады:

1) Қарсы барлау – шпиондықпен және ақпарат ұрлаумен айналысатын шетелдік барлаушылардың, ұйымдар мен агенттердің дұшпандық қызметіне ІҚБД қауіпін бейтараптандыру;

2) экономикалық және өнеркәсіптік қауіпсіздік – ІҚБД Францияның экономикалық, ғылыми және технологиялық әлеуетін қорғау.

Дирекция өнеркәсіптік сектормен өзара іс-қимыл жасайды және ядролық, химиялық және биологиялық қару-жарактың, зымырандық технологиялардың таралуына қарсы әрекет етеді. ІҚБД-на стратегиялық маңызды мемлекеттік секторлардың инфрақұрылымын қорғау міндеті жүктеледі;

3) ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес. Соңғы уақытта ақпараттық кеңістікте жаңа қауіптер пайда болған жағдайда Дирекция жұмысында ерекше орын алады киберқылмысқа қарсы, атап айтқанда – кибертерроризмге қарсы күрес жүргізеді. Бұл тұрғыда Францияда «өмірлік маңызды операторлар» деп аталатын аса маңызды мемлекеттік институттар мен органдардың ақпараттық желілерін, сондай-ақ шектеулі режимдегі аймақтарды (мысалы, ғылыми немесе әскери объектілерді) қорғауға көңіл бөлінеді.

4) терроризмге және экстремизмге қарсы күрес. Қарқынды дамитын террористік қауіп ІҚБД -дан оған қарсы күрес әдістері мен құралдарының тұрақты жетіліп отыруын талап етті. Сондықтан ол барлау мүмкіндіктерін де, арнайы юрисдикция полициясының функцияларын де біріктіреді [3].

ІҚБД жұмысы сараптамалық қауымдастықтың сынына жиі ұшырады және бұған кейде негіз болды. Мәселен, террористік актілерді орындаушылар мен ұйымдастырушылар бұрын ішкі қауіпсіздік бас дирекциясының (бұрын Орталық ішкі барлау дирекциясында) бақылауында болғаны туралы мәліметтер бірнеше рет пайда болды, алайда арнайы қызмет лаңкестердің қылмыстық ойларын ашып, қайғылы оқиғаның алдын алды.

Мысалы, лаңкес Мохаммед Мераның қолынан 2012 жылдың наурыз айында 7 адам қаза тапты (Монтобанда үш жауынгер, үш бала және Тулузада бір ересек адам), ішкі барлау орталық дирекциясында (ІҚБД қазіргі заманғы ішкі қауіпсіздік бас дирекциясының ізашары) бақылауында болған еді. Ішкі істер министрлігінің басшылығы бұл фактіні растады. Осылайша, Мануэль Вальс (сол кездегі Францияның Ішкі істер министрі) жағдайға түсініктеме бере отырып, ішкі барлау орталық дирекциясының жұмысында «кінә, қателіктер мен олқылықтар» болғанын мойындады [4].

2012 жылғы бұл оқиғалар орталық ішкі барлау дирекциясы атына сын келтірді және террористік іс-әрекетке қарсы әрекетпен және қарсы барлаумен айналысатын бас қызметті қайта құру қажеттігін туғызды. Дегенмен, арнайы қызмет қайта ұйымдастырылғаннан және күшейтілгеннен кейін де террористік қылмыстық әрекеттер орын ала берді. Айқын мысалы ретінде ағайынды Куашидің ісін айтуға болады.

Ағайынды Шериф пен Саид Куаши (Алжирлік француздар) ІҚБД-де радикалды ислам қозғалыстарын жақтаушылар және террористік қауіп төндіретін тұлғалар ретінде есепте тұрды. Саид Куаши 2000-жылдардың басынан бастап Оманға барып, Франция да, Америка Құрама Штаттары да ізіне түскен белгілі террорист Салим Бенхалиммен байланыс жасаған. Саид Куаши Йемендегі Әл-Каида өкілдерімен байланыс жасады. Сонымен қатар, оның ағасы Шериф Куаши 2004-2005 жж. радикалды жеке «жетілген» исламист ретінде 2008 ж. Сауд Арабиясына, ал 2011 ж. Түркия мен Оманға барды. Ішкі қауіпсіздік бас дирекциясының тарапынан ағайынды Куашиларға бақылау жасауына қарамастан, 2015 жылдың 7 қаңтарында Мұхаммед пайғамбардың карикатурасын жариялаған «Charlie Hebdo» сатиралық журналының редакциясында үлкен теракт орын алды. Өкінішке орай, 2015 ж. қазан - 2016 ж. шілде айларында орын

алған терактілер толқыны арнайы қызметтердің жұмыстарындағы кемшіліктерді ұтымды пайдаланып, өз мақсаттарын жүзеге асырды [5].

Құрамында терроризммен күрес бюросы бар **ұлттық жандармерияның бас дирекциясын** атап өткен жөн. Терроризммен күрес бюросы үлкен тәжірибеге ие, әсіресе операцияларды әзірлеу бөлігі бойынша қарсы іс-қимылдарды көп дайындаған болатын. Ішкі қауіпсіздік бас дирекциясымен салыстырғанда, терроризммен күрес бюросы өзінің репрессивті сипаттағы акцияларымен танымал. 2013 жылдың 25 қарашасындағы арнайы операция кезінде ұлттық жандармерияның күшімен Оңтүстік Корсика департаментіндегі Сартен қаласында 2012 жылғы мамыр мен желтоқсан айларында орын алған терактілерге қатысы бар 10 адам тұтқындалды [6].

Ұлттық полицияның бас дирекциясы Бесінші Республиканың негізгі құқық қорғау құрылымы болып табылады және көп жағдайда басқа елдердің қарапайым полиция қызметін еске салады. Алайда, терроризмге қарсы күресті ұйымдастыру контекстінде француз полициясын қарастыру кезінде үш терроризмге қарсы орган мен екі арнайы бөлімшені ерекше аталып өтуі тиіс: терроризмге қарсы күрес жөніндегі Үйлестіру тобы, аумақтық барлау орталық қызметі, қылмыстық полицияның терроризмге қарсы бөлімі, ұлттық полицияның араласу тобы (GIPN арнайы жасағы) және RAID арнайы күштері.

Жоғарыда аталып өткен органдар Париж полициясы префектурасын қоса алғанда, террористік, экстремистік және ұйымдасқан қылмыстық сипаттағы іс-әрекеттердің алдын алып, барлау мен тергеу қызметтерін, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мідетін атқарады. Ең алдымен, біз ішкі қауіпсіздік бас дирекциясын, ұлттық жандармерияның бас дирекциясын, ұлттық полицияның бас дирекциясы мен Париж полициясының префектурасын бөлеміз. Оларды Францияда террористік қатерге қарсы күрес кезінде дербестік дәрежесі бар (ішкі істер министрлігі шеңберінде) қызметтер ретінде қарастыруға болады. Дегенмен, француз барлау қызметі террористік қатерге қарсы күресте өзінің барлық мүмкіндіктерін нақты пайдалана алмайды және оның себебі Франция үкіметінің саяси дәлелді шешімдері болып табылады. Мұндай әсердің нәтижесі арнайы қызметтердің, соның ішінде террористік актілердің алдын алу саласындағы құлдырауы болып табылады.

Францияның терроризмге қарсы күресті жүргізуді регламенттейтін нормативтік құқықтық негізі терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерді; ұлттық қауіпсіздікті, қорғанысты қамтамасыз ету және террористік қауіп-қатерге қарсы іс-қимыл жөніндегі орта мерзімді және ұзақ мерзімді стратегиялардың сипаты бар құжаттарды (2006 жылғы терроризмге қарсы күрес жөніндегі ақ кітап, 2008 жылғы Қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік жөніндегі ақ кітап, 2013 жылғы қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік жөніндегі ақ кітап); «Пиратом», «Биотокс» және «Пиратокс» қосымша жоспарларымен сүйемелденетін «Вижипират» террористік қатерге қарсы іс-қимылдың жалпыұлттық жоспары, сондай-ақ терроризмге қарсы күрес жөніндегі жүйенің мемлекеттік институттары жүйесін ұйымдастыру мен қызметін реттейтін өзге де заңдар мен нормативтік актілерді біірткіреді. Францияда терроризмге қарсы іс-қимыл туралы негіз қалаушы құжаттардың бірі – «терроризмнің алдында ішкі қауіпсіздік бойынша үкіметтің ақ кітабы. Франция терроризм алдында». Бұл ақ кітап терроризмге қарсы ұлттық доктрина болып табылады. Құжатқа барлау қызметі мен академиялық қоғамдастықтың, әскери, заң шығарушылар мен т.б. өкілдері жұмыс істеген бірқатар сарапшылар тобы тартылды.

2006 жылғы Ақ кітапқа сәйкес, басты террористік қауіп «Эл-Қаида» террористік ұйымынан шыққан. Құжаттың авторлары Францияны лаңкестердің ең ықтимал нысаналарының бірі деп атады [1]. Доктринада Бесінші Республиканың аумағында террористік актілер жасаудың ықтимал сценарийлері, оның ішінде биологиялық, химиялық, радиологиялық және тіпті ядролық қаруды қолдана отырып, террористік шабуылдар үлгілеледі.

Рим келісімінің ережелеріне сәйкес, Еуроодақта төрт түрлі еркіндік – тауар, қызмет, жұмыс күші мен капиталдың қозғалыс еркіндігі негіздері жарияланған болатын. Шенген келісімімен күшейтілген шекаралардың ашықтығы тек ұлттық қауіпсіздікке ғана емес, сондай-ақ аймақтық қауіпсіздікке қатер төндіреді. Бұны Париждегі 2015 жылғы қарашада орын алған террористік шабуылдардан айқын көруге болады. Террористік актіні ұйымдастырғандар Брюссельдік Моленбек ауданын шыққаны және екі елдің шекараларын еш қиындықсыз басып өтіп, террористік шабуылға қажетті ресурстар мен адамдарды дайындағаны анықталды [7]. Осылайша, ЕО көліктік жүйесіндегі шекаралық бақылау мен тексерудің болмауы террористік желілердің ұяларын тарату үшін ғана емес, сонымен бірге радикалды элементтердің қақтығыс аймағына барып, қайта оралуына қолайлы жағдай жасады және бұл Франция үшін үлкен проблемаға айналды. Нәтижесінде лаңкестік қимылдардан кейін Франция мен оның көршілері шекараларда және көліктік инфрақұрылым нысандарында тексерулер жүргізді, бұл аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және террористік қауіп-қатерлердің алдын алу шаралары ретінде ЕО трансшекаралық жүріп-тұруға бақылауды күшейту туралы айтуға мүмкіндік береді [8]. Бұл шара ресми түрде Шенген келісімінің кейбір нормаларына және төрт еркіндік қағидатына қайшы келгеніне қарамастан, оған аса назар аудару қажет, себебі бұл аймақтық және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы тиімді шаралардың бірі.

Франция Еуроодақтың толық құқылы мүшесі болып қана қоймай, сонымен қатар «жалпыеуропалық үй» кеңістігіндегі жетекші саяси, экономикалық және мәдени рөлдердің бірін атқарады. Өкінішке орай, Франция тек ЕО-да ғана маңызды рөлді атқарып қоймай, сонымен қатар барлық батыс мемлекеттерінің ішінде террористік қимылдардың жан басына шаққандағы саны бойынша төртінші орын алады. Республикада 2015-2016 жылдары орын алған күшті терактілер сериясы қайғылы статистикамен танымал. Барлық еуропалық жиһадшыларының 25%-дан 50%-ға дейін Франциядан келеді. Француз ислам секталарына қарсы күрес орталығының мәліметтері бойынша, Францияда радикалды ислам ұйымдарының қызметіне негізінен орта топқа жататын жастар (67%), оның ішінде атеистік отбасынан шыққан жастар (80%) тартылады. Тек ресми деректер бойынша, Францияның бұрынғы Сыртқы істер министрі Лоран Фабиустың айтуынша, террорлық желілер қатарында 1800 французға дейін орналасқан, олардың 500-ге жуығы Ирак пен Сирияда соғысқан [9]. Жедел көші-қон дағдарысы, шығу тегі африкалық және исламдық жастар санының қарқынды артуы, этноұлттық анклавтардың пайда болуы, интеграция дағдарысы, мигранттар мен олардың ұрпақтары арасындағы әлеуметтік қолайсыздықтың жоғары деңгейі – Францияның террористік қимылдардың құрбаны болғанын көрсетеді. Мұндай қолайсыз жағдайларда Францияның мемлекеттік лаңкестікке қарсы институттары ЕО желісі бойынша әріптес елдермен ынтымақтастыққа ұмтылады, сондай-ақ Бесінші Республиканы таңқалдырған террористік қауіп-қатерді басуға объективті мүдделі. Әрине, терроризммен күрес мәселелері бойынша негізгі өзара іс-қимыл бірінші кезекте Еурополмен жүзеге асырылды. Еурополдың лаңкестікке қарсы жаңа орталығы 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап Франция институттары мен қызметтерімен белсенді ынтымақтастықты жүргізді. Өкінішке орай, 2015 жылғы терактілер көрсеткендей, ынтымақтастық жеткілікті тиімді және толық форматты сипатта болған жоқ, алайда жағдайдың күрт ушығуы террористік қауіп-қатердің ауқымын сезінуге мәжбүр етті және Еуропа мен француз органдары арасындағы ғана емес, сонымен қатар ЕО-ның басқа да мүше елдерінің органдары арасындағы өзара іс-қимылды жандандыруға түрткі болды [10].

Қазіргі уақытта Францияда лаңкестікке қарсы дискурста «жиһадшылдық» және «радикалдылық» категориялары басым. Француз сараптамалық-талдау қоғамдастығының (Н.Сеттина, Ж.Л. Марре, Ф.Эйсбур, Ф.Рагацци және т.б.) өкілдерінің басым көпшілігі терроризмге қарсы институттардың жедел емес, алдын алу іс-шараларын өткізу және халықпен әлеуметтік жұмыс жүргізу қажеттігін көрсете отырып, басымдық ретінде белгілейді. Францияда терроризмге қарсы іс-қимыл институттарының мемлекеттік жүйесінің дамуы күрделі сипатқа ие. Францияның либералды мәдениеті мен қауіпсіздік үшін еркіндікті шектеудің арасындағы тепе-теңдікке төтеп бере алмауы сыни теріс рөл атқарды: «абстрактілі» нормативтік-реттеушілік қызметтен лаңкестікке қарсы институттардың іс жүзіндегі, нақты шараларына көшу, олар «күту» режимінде емес, террормен белсенді соғыс жағдайында жұмыс істеуі қажет.

Франциядағы терроризмге қарсы органдардың негізгі сыртқы байланыстары ЕО мен НАТО шеңберінде, сонымен қатар жедел емес, нормативтік-реттеуші бағытта жүзеге асырылды. Өзара іс-қимылдың негізгі тетіктері Еурополмен, Интерполмен ынтымақтастық, «Бархан» және «Шамал» сияқты «арнайы қауіпсіздік операцияларына» қатысу болып табылады. Қазіргі таңда терроризм қанатын жайған уақытта, Интерпол мемлекеттердің осы қылмыстың алдын алуда жұмыс атқарып, қылмысқа қатысы бар тұлғаларды анықтауда мәлімет жинайды. Интерполда бар мәлімет банкі халықаралық қылмысты болғызбауда осы орталықтарға көмектеседі, қылмыс ашылуына негіз жасайды және жасырынып жүрген қылмыскерлерді табуда өте маңызды құрал болады. 1994 ж. Басында соңғы қылмыс және қылмыскерлер жөнінде мәлімет беретін халықаралық автоматы іздеу салу системасы құрылады (АТС). Автоматты іздеу салу системасы бірте-бірте бүкіл Интерпол жүйесіне енеді [11].

Еуропалық Одақтың тәжірибесі көрсеткендей, терроризм мен ұйымдасқан қылмысқа және жалпы барлық қақтығыстарға қоғамдағы әлеуметтік бірлікке сүйене отырып қоғамдық жүйенің барлық деңгейлерінде қарсы күресу қажет екенін көрсетті.

Еуроодақта қазіргі уақытта терроризмге қарсы іс-қимылға арналған белгілі бір құрылым құрылды. ЕО осы салада институционалдық және нормативтік-құқықтық мағынада Еуропа Кеңесімен тығыз ынтымақтасады. ЕО деңгейінде терроризмге және қылмысқа қарсы іс-қимыл институттарының құрылуы мен тетіктерінің дамуына қарамастан, ұлттық үкіметтер және олар жүзеге асыратын екіжақты ынтымақтастық бұрынғысынша терроризмге қарсы қызметтің аса маңызды және тиімді акторлары болып қалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *La France face au terrorisme - Livre blanc du Gouvernement sur la sécurité intérieure face au terrorisme* // URL: http://www.diplomatie.gouv.fr/IMG/pdf/lb_terrorisme.pdf

2 *Direction générale de la sécurité intérieure // Le ministère de l'Intérieur* // URL: <http://www.interieur.gouv.fr/Le-ministere/DGSI>

3 *Mission de police judiciaire spécialisée – Direction générale de la sécurité intérieure // Le ministère de l'Intérieur* <http://www.interieur.gouv.fr/Leministere/DGSI/Mission-de-police-judiciairespecialisee>

4 *Affaire Merah: Valls évoque des «erreurs et des fautes de la DCRI» // Le Monde:* http://www.lemonde.fr/societe/article/2013/03/01/affaire-merah-valls-evoque-une-faute-de-la-dcri_1841662_3224.html

5 *Cornevin C. Attentats de Paris: le scénario bien préparé des frères Kouachi et d'Amedy Coulibaly // Le Figaro.* URL: <http://www.lefigaro.fr/actualite-france/2015/03/01/01016-20150301ARTFIG00151-attentats-de-paris-le-scenario-bien-prepare-des-freres-kouachi-et-d-amedy-coulibaly.php>

6 *Enquête pour des attentats à l'explosif commis en corse : 140 gendarmes mobilisés // l'Essor de la gendarmerie* URL: <http://www.lessor.org/dix-personnes-en-garde-vue-ajaccio-pour-des-attentats-140-gendarmes-mobilises/>

7 *Attentats de Paris: Molenbeek en Belgique, un repaire de djihadistes? // L'Express: caïm.* – URL: http://www.lexpress.fr/actualite/monde/europe/attentats-de-paris-molenbeek-en-belgique-un-repaire-de-djihadistes_1736314.html

8 *Mevel J.J. Terrorisme: l'Europe sans frontières en accusation // Le Figaro.* URL: <http://www.lefigaro.fr/international/2015/11/19/01003-20151119ARTFIG00325-la-france-met-l-europe-et-schengen-sous-haute-tension.php>

9 *Казанцев А.А. Проблема вербовки и возврата боевиков-террористов: опыт Европы и перспективы России. № 27/2016 / [А.А. Казанцев]; [гл. ред. И.С. Иванов]; Российский совет по международным делам (РСМД). – М.: Спецкнига, 2016.*

10 *European Counter Terrorism Centre – ECTC, Europol // URL: https://www.europol.europa.eu/about-europol/european-counter-terrorism-centre-ectc*

11 *Нұрғалым К.С., Сабитова Ш.А. Интерполдың қызметі халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Халықаралық өмір және саясат» сериясы, №1-2(56-57), 2019 ж. – 238 б.*

УМКД 32(092)
МРНТИ 11.01.53

Исабекова Д.¹, Байтурбаева А.²

¹ студентка 4 курса кафедры международных отношений
Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая

² Научный руководитель: к.п.н., ст. преподаватель кафедры международных отношений
КазНПУ им. Абая

ШАРЛЬ ДЕ ГОЛЛЬ-ПЕРВЫЙ ПРЕЗИДЕНТ ПЯТОЙ ФРАНЦУЗСКОЙ РЕСПУБЛИКИ

Аннотация

2020 год во Франции официально объявлен "Годом де Голля". Три знаменательные даты - тройной юбилей. 80 лет со дня знаменитого обращения генерала де Голля к своему народу, которое дало толчок движению Сопротивления во время Второй мировой войны. 130 лет со дня рождения де Голля. 50 лет со дня его смерти.

Шарль Андре Жозеф Мари де Голль-Великий человек, поднявший дух Франции. Гениальный теоретик, чья конституция до сих пор остаётся конституцией современной Франции. Он приходил к власти в самые трудные годы, его правление часто называют "Спасением".

Де Голль стал основоположником новой политики культурных связей между франкофонными государствами и территориями.

Этот человек без преувеличения, главная гордость и герой Франции со времен Жанны д'Арк.

Ключевые слова: Франция, конституция, Пятая республика, колонии, ООН, президент, реформы

Д.Исабекова¹, А.Т. Байтурбаева²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ,

Сорбонна-Қазақстан институты, халықаралық қатынастар кафедрасының 4 курс студенті

²Ғылыми жетекшісі: Абай атындағы ҚазҰПУ,

Сорбонна-Қазақстан институты, халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушы, с.ғ.к.

ШАРЛЬ ДЕ ГОЛЛЬ - БЕСІНШІ ФРАНЦИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІРІНШІ ПРЕЗИДЕНТІ

Аңдатпа

2020 жыл Францияда ресми түрде "де Голль" жылы деп жарияланды. Үш маңызды күн - үш мерейтой. Екінші Дүниежүзілік соғыс кезінде қарсыласу қозғалысына серпін берген генерал де Голльдің өз халқына әйгілі үндеуіне 80 жыл. Де Голльдің туғанына 130 жыл. Қайтыс болған күнінен бастап 50 жыл.

Шарль Андре Джозеф Мари де Голль - Францияның рухын көтерген ұлы адам. Конституциясы қазіргі Францияның конституциясы болып табылатын тапқыр теоретик. Ол билікке ең қиын жылдары келді, оның билігі жиі «Құтқарылу» деп аталады.

Де Голль Франкофония мемлекеттері мен территориялары арасындағы мәдени қатынастардың жаңа саясатының негізін қалаушы болды.

Бұл адам, асыра сілтеместен, Жанна д'Арк заманынан бері Францияның басты мақтанышы және батыры.

Түйін сөздер: Франция, конституция, Бесінші республика, колониялар, БҰҰ, президент, реформалар

Issabekova D.¹, Baiturbayeva A.T.²

¹4th year student of the Department of International Relations of the Sorbonne-Kazakhstan Institute at KazNPU named after Abai

²Scientific adviser: Candidate of Political Sciences, Senior Lecturer of the Department of International Relations of KazNPU named after Abai

CHARLES DE GAULLE- FIRST PRESIDENT OF THE FIFTH FRENCH REPUBLIC

Abstract

2020 is officially declared as "the Year of de Gaulle" in France. Three significant dates -are triple anniversary. 80 years since the famous address of General de Gaulle to his people, which gave impetus to the Resistance movement during World War II. 130 years since the birth of de Gaulle. 50 years from the date of his death.

Charles André Joseph Marie de Gaulle is a great man who raised the spirit of France. An ingenious theorist, whose constitution still remains the constitution of modern France. He came to power in the most difficult years, his reign is often called "Salvation".

De Gaulle became the founder of a new policy of cultural relations between the Francophone states and territories.

This man, without exaggeration, is the main pride and hero of France since the time of Joan of Arc.

Keywords: France, constitution, Fifth Republic, colonies, UN, president, reforms

"Когда война кончилась, мне пришлось уступить место профессионалам, ведь я не был членом их корпорации. Необходимо было ждать, пока они обнаружат свою неспособность управлять Францией".

Шарль де Голль

Февраль 1946 года, послевоенное время. В этот период де Голль начал глубокое изучение конституционного права. Многие стали думать, что он отказался от возвращения в политику. Все свои мысли генерал писал от руки... "Десять заповедей лишь потому так лаконичны, ясны и понятны, что были написаны без помощи советников и экспертов" – говорил де Голль.

В конце 50-х годов Французская Четвертая республика испытывала глубокий кризис. Вся система управления была неэффективной. Усугубила ситуацию и война в Алжире, которая затянулась с 1954 года. Назревала угроза гражданской войны. В это время всему народу понадобилась помощь, и не просто помощь, - нужен мозг хорошего политика, а именно такие действенные реформы, которые вывели бы страну из этого кризиса. Таким мог быть в те годы только Шарль де Голль.

Итак, в 1958 году Шарль де Голль вернулся на политическую арену, заняв пост председателя Совета министров. Среди главных достижений после возвращения к власти, стало решение по поводу судьбы колониальной империи. Он предложил народу Африки выбор. У них было два пути: независимость и место во французском обществе с продолжением помощи или неограниченная независимость с разрывом всех связей [1].

С 1960 года страны Французской Африки выбрали независимость, при этом они сохранили связь с Францией. Начался путь к франкофонному сообществу наций. Созданные новые независимые государ-

ства повлияли на баланс сил в Организации Объединённых Наций. По сравнению с 1946 годом членство ООН увеличилось с 35 государств до 127 к 1970 году.

28 сентября 1958 года 79% французов на референдуме поддержали предложенную де Голлем новую конституцию. Главной новацией в политическом строе Франции было предоставление широких предполномочий президенту.

Как говорил сам Шарль де Голль: "Мне хотелось, чтобы Франция избрала государство, у которого есть голова, правительство, равновесие, власть. Вместо того, чтобы оставить ее проливать кровь, терять деньги, рисковать единством, цепляясь за несправедливое колониальное господство, я хотел заменить старую империю дружественной и практичной ассоциацией зависевших от нее прежде народов" [2].

8 января 1959 года – вступил в должность первый президент Пятой республики Шарль де Голль, получив три четверти голосов выборщиков.

Укреплению роли президента способствовало дополнение Конституции положением об избрании главы государства путем всеобщего голосования.

Находясь у власти, де Голль стремился избегать внутривнутриполитических споров. И все внимание посвящал внешней политике.

Де Голль уделял большое внимание развитию новых технологий. В последствии Франция стала обладательницей атомного оружия, В 1965 г. де Голль, избранный на второй срок, объявил о выходе из военной организации НАТО.

Де Голль категорически не поддерживал предлагаемые англосаксами формы организации европейских стран. "Франция считает, что перемены, происшедшие после 1949 года в Европе, Азии и остальном мире, а также эволюция ее собственной ситуации и ее вооруженных сил более не оправдывают решений военного характера, принятых в период заключения альянса", - с такими словами выступал французский лидер.

Благодаря Шарлю де Голлю была выстроена система особых отношений с СССР, второй сверхдержавой мира в то время. Он не принимал коммунизм. Но он помнил о военных годах и оказанной советской поддержке. Были подписаны множество соглашений. Среди них: торговое соглашение, соглашение о научно-техническом сотрудничестве, договор о расширении политических, экономических и культурных связей между СССР и Францией.

Шарль де Голль сохранял боевой дух до последнего. Он вынес на референдум свой проект по поводу реформ, касающихся сената, заявив, что при отрицательном результате уйдет в отставку, что произошло 28 апреля 1969 г.

Генерал де Голль меньше всего связывал власть с ее внешними атрибутами и привилегиями. Нередко он покидал Елисейский дворец без охраны.

Благодаря стараниям и никогда не заканчивающейся вере в свою страну, во Франции возникла новая политическая система, которая существует по сей день и которая стала одним из образцов при подготовке многих действующих конституций в разных странах. В том числе, Казахстана и России.

Приёмами Великого Шарля де Голя не раз пользовались многие деятели политической сцены, его жизнь, отношение к себе, к долгу, устремления и убеждения стали образцом для многих поколений [3].

Де Голль остаётся сегодня самым почитаемым во Франции историческим лидером. Современная Франция - дом, который построил Шарль де Голль.

Список использованной литературы:

1 Голль Шарль . 1960. – С. 132-141.

2 Генерал де Голль (сборник) М. О. Минович . – С.10-12.

3 Журнал Вестник, серия "Международная жизнь и политика", № 3-4(54-55). – Алматы, 2018. – С. 129.

4 <https://history.wikireading.ru/268722> [дата обращения: 20.10.2020].

5 [https://fr.m.wikipedia.org/wiki/Cinquième_République_\(France\)](https://fr.m.wikipedia.org/wiki/Cinquième_République_(France)) [дата обращения: 15.10.2020].

УДК 332.122(1-21)

МРНТИ 87.24.23

Ж.Қ. Керімова¹, Е.А. Аханов², К.Шимидзу³

¹докторантура студенті, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ

²Ph.D., доцент м.а., ал-Фараби атындағы ҚазҰУ

³Ph.D., профессор, Тоттори Университеті

E-mail:zhansayakerimova@gmail.com

ЙОКОХАМА ЭКО-МОДЕЛЬ ҚАЛАСЫНЫҢ ЭКО-САЯСАТЫ: КӨЛІК СЕКТОРЫ МЫСАЛЫНДА

Аңдатпа

Жапония экологиялық проблемаларды шешуде үлгі болатын аздаған елдердің бірі болып саналады. XX ғасырдың екінші жартысындағы экономикалық өсу кезеңінде туындаған индустриалдық ластану мен урбандалу үрдісінің қарқынды даму нәтижесінде автокөліктердің көбею салдарынан пайда болған ауа ластануымен Орталық үкімет пен жергілікті билік бірлесе отырып күресіп, экологиялық проблемалардан арыла түсті. Ал 2008 жылы Орталық үкімет қазіргі экологиялық проблемалардың басты себептерінің бірі болып табылатын парниктік газдардың көлемін азайтуда әлемге үлгі болатын Эко-модель қалалар бағдарламасын ұсынды. Бағдарламаға алғашқылардың бірі болып таңдалған Йокохама қаласының көлік секторындағы эко-саясаты осы зерттеу жұмысының нысаны болып отыр. Эко-модель қалалардың жұмысын бағалау комиссиясының берген есебіне сүйенсек, соңғы алты жыл бойы Йокохама қаласы үздік үштіктен төмен түспеген. Сол себепті қаланың тарихы мен көлік секторындағы эко-саясаты осы сала мамандары үшін қызығушылық тудыруы мүмкін. Жапонияның эко-модель қалалары жайлы ақпарат, негізінен, жапон тілінде болғандықтан, зерттеушілердің негізгі ақпаратқа қол жеткізуі шектеулі. Сол себепті бұл мақалада біршама тың мәлімет ұсынылады.

Кілт сөздер: Жапония, Йокохама, эко-модель қала, эко-саясат, көлік секторы, CO₂

Керімова Ж.Қ.¹, Аханов Е.А.², Шимидзу К³

¹докторант, КазНУ имени аль-Фараби

²Ph.D., и.о. доцента, КазНУ имени аль-Фараби

³Ph.D., профессор, Университет Тоттори

E-mail:zhansayakerimova@gmail.com

ЭКО-ПОЛИТИКА ЭКО-МОДЕЛИ ГОРОДА ЙОКОХАМА: НА ПРИМЕРЕ ТРАНСПОРТНОГО СЕКТОРА

Аннотация

Япония – одна из немногих стран, которая может служить моделью по решению экологических проблем. Центральное правительство и местные власти совместно действовали против промышленного загрязнения, вызванным в период экономического роста во второй половине XX века, а также боролись с загрязнением воздуха, вызванным в результате широкого распространения автомобилей в процессе урбанизации. А в 2008 году Центральное правительство представило программу Эко-модель городов, который будет служить примером для всего мира в сокращении выбросов парниковых газов, что является одной из основных причин нынешних экологических проблем. Экологическая политика в транспортном секторе Йокогама, который был выбран одним из первых для программы, является предметом настоящего исследования. По данным Комиссии по оценке деятельности эко-модель городов, Йокогама входила в тройку лидеров последние шесть лет подряд. Поэтому история города и экологическая политика транспортного сектора могут заинтересовать исследователей в этой сфере. Поскольку большинство

информаций об эко-модель городов Японии представлена на японском языке, ограничивается доступ к базовой информации. Таким образом, эта статья предлагает новую информацию из первоисточников.

Ключевые слова: Япония, Йокогама, эко-модель города, эко-политика, сектор транспорта, CO₂

Kerimova Zh.K.¹, Akhapov E.A.², Shimizu K.³

¹Ph.D student, KazNU named after al-Farabi

²Ph.D., associate professor, KazNU named after al-Farabi

³Ph.D., professor, Tottori University

E-mail:zhansayakerimova@gmail.com

ECO-POLICY OF YOKOHAMA ECO-MODEL CITY: TRANSPORT SECTOR

Abstract

Japan is one of the few countries that can serve as a model for solving environmental issues. The central government and local authorities have worked together to combat industrial pollution, arisen during country's economic growth in the second half of the XX century, as well as to combat air pollution caused by the widespread prevalence of cars in the process of urbanization. And in 2008, Central government presented Eco-model cities program, which will serve as a model for the whole world in reducing greenhouse gas emissions, which is one of the main causes of current environmental issues. Environmental policy in the transport sector of Yokohama, which was one of the first to be selected for the program, is the subject of the study. Yokohama has been in the top three for the past six years in a row, according to the assessment of Eco-model cities' Performance Evaluation Commission. Therefore, the history of the city and the environmental policy of the transport sector may be of interest to researchers in this sector. However most information on eco-model cities of Japan is presented in Japanese, access to basic information is limited. Thus, this article offers new information from the original sources.

Key words: Japan, Yokohama, eco-model city, eco-policy, transport sector, CO₂

Бүгінгі таңда әлем халықтарының 55%-ы қалаларда тұрып жатқандықтан [1], урбандалу мәселесі мен нәтижесінде туындаған сан алуан проблемалар, әсіресе әлеуметтік және экологиялық проблемалар түрлі сала мамандарын алаңдатты. Нәтижесінде шешім ретінде түрлі концепциялар пайда болды. Атап айтқанда эко-қала (*ағыл. eco-city*), ақылды қала (*ағыл. smart city*), тұрақты қала (*ағыл. sustainable city*), жасыл қала (*ағыл. green city*), төмен көміртекті қала (*ағыл. low carbon city*) және т.б. [2:25; 3:3].

Авторлар алдыңғы жарияланымдарда дүние жүзі бойынша және Шығыс Азия елдерінде эко-қалалар мен эко-модель қалалардың тараған ауқымын анықтады [4:4; 5:16]. Қытай Халық Республикасында эко-қалалардың өте кең ауқымда тарағанымен (Liu)[6:907], Жапонияның эко-модель қалалары нәтижелі шаралары үшін жоғары бағаланды [7:63; 8:100]. Сол себепті Жапонияның сәтті деп табылған екі эко-модель қаласы, атап айтқанда Киото мен Йокохама қалаларының жеке салаларын жете зерттеуді жөн көрдік. Осы зерттеу тақырыбы Йокохама қаласының көлік секторына арналады.

Нәтижелер мен пікірталастар. Йокохама қаласы (Сурет 1) Жапонияның халық саны бойынша екінші ең үлкен қаласы болып саналады.

Сурет 1. Йокохама қаласы




Дереккөз: Google map www.google.com/maps

1859 жылы порты ашылғалы бері сауда орталығына айналған қала Екінші дүние жүзі соғысынан кейін беделінен айырылып, қаржының барлығы Токиоға ағыла бастады. Алайда 1951 жылы қала әкімшілігі жаңа фабрикаларды қызықтыратын әдістер мен түрлі жобалар арқылы индустриалдық дамуды насихаттайтын жаңа стратегияларды таныстырды. Сонымен қатар Токиода көптеп шоғырланған зауыттарда жұмыс атқаратын халық үшін тұрғылықты тұрағына айналды. Осылайша 50-ші жж. аяғ. Йокохама қаласы өзінің экономикалық өсу кезеңіне аяқ басты.

Зауыттар көптеп ашыла бастағандықтан, қала да Жапонияның өзге қалалары секілді индустриалдық ластануға шалдықты [9:8]. 60-жылдары Орталық үкіметтің жүргізген экологиялық саясаты тиімсіз болғандықтан, жергілікті үкімет ластанумен күресуде өз нұсқаулықтарын шығара бастады [10:304]. 1963 жылы қала билігіне Асуката әкімшілігі келгендіктен, ластануды азайтып, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту жұмыстары басталды. Ал 1980 жылдардан бастап назар индустриалдық ластанудан көлік қозғалысы, ішкі канализациялық сулар салдарынан, қаладағы күнделікті өмір салтынан туындаған жаңа ластану проблемаларына ауысты. Сол кезде қалалық ортаны қорғау мақсатында «Йокохаманың Басты Экологиялық хартиясын» (ағыл. «*Yokohama Environmental Basic Charter*») жариялау керектігін ұғынды. Осылайша Басты хартияны жүзеге асыру үшін 1986 жылы қала әкімдігі экологиялық басқару жоспарын (ағыл. *environmental management plan*) – Экологиялық жоспар 21-ді жасап шығарды. Осы план жаңа экологиялық әкімшіліктің негізіне айналды. Экологиялық басқару жоспарына сүйене отырып, Йокохама қаласы химиялық заттардан туындаған экологиялық ластану, қоршаған орта деградациясы, ресурстар мен энергияның көптеп тұтынылуы, қалдықтарды жою секілді түрлі экологиялық проблемаларды шеше алды [9:22].

Жеке меншік автокөліктер саны да халық санымен қатар артып отырды. Жапония бойынша 1966 жылы 8 миллион автокөлік болса, 1996 жылы 70 миллионнан, ал 2016 жылы 80 миллионнан асып кетті [11:123]. Ал Йокохама қаласы бойынша 1980 жылы 640 мың болса, 1990 жылы 1.27 миллионнан асып, күрт өсті. СО мен NO_x ауаның ластануын тудыратын басты элемент болып саналатындықтан, олардың көрсеткіштері де қатар артты. Алайда ұлттық және жергілікті үкіметтің қабылдаған заңдары мен жарғыларының арқасында, ол көрсеткіштерді уақыт өткен сайын төмендетіп, рұқсат етілген шамадан аспайтындай етіп ұстап отырды (Сурет 2).


Сурет 2 Автомобильдер эмиссиясын бақылау бекеттерінде тіркелген атмосфералық ауаның сапасы, 1955-1990 жж.



Source: MEIP, 1996

Йокохама қаласының автомобильден ластануды бақылау бағдарламасы (ағыл. Yokohama Automobile Pollution Control Program) жайлы сөз қозғауды жөн көріп отырмыз. Қала әкімдігі 1987 жылы жоғарыда аталған кешенді бағдарламаны болашақта автокөліктен болатын ластанудың алдын алу және жол жиегі ортасын жақсарту мақсатында жасап шығарды. Нәтижесінде автокөліктік эмиссияларды тіркейтін бекеттерде NO көрсеткіші жоғарыламады. Алайда магистральдық жол жиегінде әлі де жоғары көрсеткішті көрсетіп тұрды, ол – жеке меншіктегі автокөліктер санының артуымен түсіндірілді. Кешенді бағдарламаның негізгі шаралары төмендегі суретте берілген (Сурет 3). Көріп отырғанымыздай, шаралар қаланың барлық аймағы мен арнайы аймақтарын қамтитын болып бөлінген. Қаланы толық қамтитын негізгі шараларға: Қатаң реттеу, көліктерді тексеру, т.б. арқылы көліктерден ауа ластаушылар мен шуды азайту; электр көлігі секілді таза көліктерді дамыту мен енгізуді насихаттау; кіріктірілген бақылау жүйесі, жүйелендірілген бағдарламалар, т.б. арқылы көлік ағымын жақсарту; қоғамдық көлікке ауыстыру; тауарды, т.б. жеткізудің тиімді әдістерін насихаттау; Буферлік жасыл белдеулерді орнату, т.б. секілді шараларды жатқызған. Ал арнайы аймақ деп орталық аймақтар, жағажай аймақтары, елдімекендер мен қала шетіндегі аймақтарға бөлінген. Сол аймақтарды қамтитын негізгі шаралар ретінде: айлақтар мен зауыттарға ірі жүк көліктерін тиімді тасымалдау жүйесін насихаттау; үлкен және орта масштабтағы қоғамдық көлік жүйелерін және осы көлік жүйелерін пайдалануға ықпал ететін бекет алаңдарын орналастыру және т.б. секілді шаралар ұсынылған. Ал соңғы негізгі шараға келсек, ол көліктерден ластануды бақылау бойынша тұрғындармен, компаниялармен қоғамдық қатынас орнату қажеттігі жайлы айтылған.


Сурет 3 Йокохома қаласының автомобильден ластануды бақылау бағдарламасы



Source: MEIP, 1996.

Жоғарыда аталған шаралардың ішіндегі қоғамдық көліктерге ауыстырудың маңыздылығын келесі суреттен (Сурет 4) байқауға болады.

Сурет 4 Жолаушы тасымалына энергияның жұмсалыуы



Source: Environmental Issues in Railways, 1999

Кестеде бір жолаушыны бір километр тасымалдағандағы қажетті энергия тұтынуы көрсетілген. Берілген тізімдегі көліктердің ішіндегі ең үлкен көрсеткіш жеке көліктерге тиесілі. Ал ең тиімдісі метро мен темір жолдар болып саналады [12:195].

Қаланың XX ғасырдағы тарихы мен саяси шараларына қысқаша шолу жасағандықтан, қаланың эко-модель қала болып тағайындалғалы, көлік саласында қандай саяси шараларды жүргізгеніне тоқталайық. Йокохома қаласы 2008 жылы өзінің прогрессивті экологиялық бастамалары үшін эко-модель қала ретінде, 2011 жылы экологиялық проблемалар мен күрт қартаю секілді әлемдік ортақ мәселелермен күресу үшін Болашақ қаласы (ағыл. *Future city*) ретінде, ал 2018 жылы әлем бойынша кең тараған Тұрақты Даму мақсаттарына жетуде өз үлесін қосу үшін SDGs Future city болып таңдалды [13]. Қаланың мақсаты – 2050 жылға дейін көмірқышқыл газының көлемін нөлге жеткізу [14:2]. Осы мақсатқа жету үшін жүргізіп жатқан саясатын, көлік жоспарын қарастырған жөн.

Йокохама қаласының көлік жоспары 2008 жылы наурыз айында жарық көрген. Он жыл өткен шақта 2018 жылы күрт қартаю, ICT жүйелерінің дамуы секілді заманауи өзгерістерге байланысты көлік жоспарының жаңа нұсқасы жасалды. Жоспар алдымен қаланың қазіргі жағдайы мен міндеттерімен таныстырады. Оған сәйкес Йокохама жағдайы және соған сәйкес қойылған басты міндеттері келесідей:

1. Халық санының азайып, қартайған қоғамның келуіне дайындық

2010 жылы қала халқының саны 3.67 миллион болып, оның 20.1%-ы 65 жастан асқан қарттар болса, 2030 жылы халық саны 3.66 миллион болып, қарттар саны 27.8%-ға өспек деген болжам бар. Жаяу жүруге, жеке көлік пен велосипедті жүргізуге қиналатындықтан, үйден шығарда біршама шектеулер пайда болады. Сол себепті қартайған шақта да белсенді өмір сүріп, қала ішінде еркін қозғалуы үшін тиісті тасымалдау құралын ұсыну қажет.

2. Қала құрылымының өзгерісіне сай келуі

Жолдар мен вокзал алаңдарының дамуы, сондай-ақ теміржол бекеттеріне дейінгі маршруттық автобус желісінің құрылуының арқасында, жақын бекетке 15 минутта жететін халықтың үлесі шамамен 90% дейін жетті. Алайда аудан бойынша тасымал жиілігі секілді қызмет көрсету стандартында айырмашылықтар пайда болды. Сол себепті ең маңызды тасымал құралы болып саналатын темір жол желісін одан әрі дамыта отырып, әр ауданға сай көлік қызметін ұсыну қажет.

3. Ғаламдық жылыну құбылысына сай әрекет

Қала бойынша шығатын парниктік газдар көлемінің 20%-ы көлік секторына, ал көлік секторының ішінде ол газдар көлемінің жартысы жеке көліктерге тиісті. Сол себепті жеке көліктен қоршаған ортаға ауыртпалығы төмен көліктерге және қоғамдық көліктерге ауысып, жеке көліктерге тәуелді болмайтын өмір салты мен жұмыс салтын орнату керек. Сондай-ақ, жаңа буын көліктерінің жылдам таралуы мен технологиялық инновацияларға ден қою маңызды.

Енді осы жағдай мен міндеттерге сай үш негізгі саяси бағыт берілген, олар:

1. Тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға жетелейтін көлік саясаты.
2. Қаланың өсуін қолдап, оның тартымдылығын арттыратын көлік саясаты.
3. Тұрақты, қауіпсіз және жайлы қаланы құруға ықпал ететін көлік саясаты.


Осы бағыттардан бірнеше саяси шаралардың мақсаты мен соған сәйкес шаралар айқындалады. Олар:

1) «Кез келген адам қолдана алатын аймақтық тасымалдауды жүзеге асыру» мақсатына жету үшін төмендегі саяси шаралар қарастырылған:

А. Маршруттық автобустарға қолдау көрсету және жетілдіру

Бұл тұста тиімділікті арттыру үшін оң жақтағы суретте көрсетілгендей, сыйымдылығы жоғары ұзын автобустар (Сурет 5) енгізілмек.

Сурет 5. Сыйымдылығы жоғары автобустарды енгізу арқылы басқару тиімділігін арттыру схемасы



Дереккөз: Йокохама қаласының әкімдігі <https://www.city.yokohama.lg.jp/>

В. Такси қызметін жандандыру

Такси қызметі тәулік бойы қолжетімді. Алайда бағасы қымбат әрі жүрер жолына қатысты бағасы тұрақсыз болып келетін қоғамдық көлік болып саналады. Сол себепті кептелістің бар жоғына, айналма жолмен жүргеніне қарамастан, тек барар нүктеге қатысты белгіленген бағамен жету үшін, такси

одағымен келісім жасасып, қолдау көрсетілмек. Сонымен қатар шетелдік туристер көп келетіндіктен, көп тілді планшет орнату, электрондық ақшамен төлеу секілді қызметтерді қосу көзделмек.

С. Әр түрлі субъектілерге тиісті жаңа көлік қызметін жүзеге асыру

Әкімдік қоғамдық көлік қызметі бармайтын жерлерге әлеуметтік тәжірибе арқылы еріктілердің бірлескен тасымалдау қызметін және сауда нысандарына жеткізетін маршруттық автобустарды пайдаланатын жеке меншік тасымалдау қызметін дамытуды қарастырмақ. Қарттар мен мүгедектер секілді мүмкіндігі шектеулі адамдардың қажетті жеріне жетуі үшін әлеуметтік қамсыздандыру корпорацияларының әлеуметтік төлемдер қызметін қолданып, әлеуметтік саясат пен көлік саясатын ұштастырмақ.

Д. Жаяу жүргіншілер кеңістігін және велосипедті пайдалану ортасын жақсарту

2) «Жеке автокөліктерден қоғамдық көліктерге ауысуға ықпал ету» мақсатына жету үшін төмендегі саяси шаралар қарастырылған:

А. Қоғамдық көлік пен велосипедті пайдалануға ықпал ететін жағдай жасау.

Сурет 6. Автобустың жететін уақытын хабарлайтын табло мен Non step автобусы



Дереккөз: Йокохама қала әкімдігі www.city.yokohama.lg.jp

Мысалы, жоғарыдағы суреттен (Сурет 6) көріп отырғанымыздай, қоғамдық көліктің қанша минуттан соң келетіні жайлы ақпарат беретін табло орнату, Non step автобустарын қолданысқа енгізу секілді шараларды орындау қажет. Non step автобустары едені өте төмен болғандықтан, мүгедектер, қарттар, бесік арбамен жүрген ата-аналардың еш қиындықсыз автобуска отыруы үшін арнайы жасалған.

В. Жеке автокөліктерден қоғамдық көліктерге ауысуды насихаттайтын ақпарат тарату іс-шараларын жүргізу.

Жеке көліктерден қоғамдық көлік пен велосипедке ауысу үшін, әрбір тұрғын санасы мен өмір сүру салтын өзгерту қажет. Ол үшін мектептерде тәрбиелік сабақтар өту, автобустар картасы секілді ақпараттық тауарларды өндіріп, тарату арқылы автокөліктерден шығатын зиянды газдар мен оның адам денсаулығы мен қоршаған ортаға әсері, тұтынушылар азайған жағдайда маршруттық автобустардың тоқтауы не рейстердің азаюы секілді түрлі жағдайды егжей-тегжейлі түсіндіру маңызды.

Жоғарыда аталған шаралардан бөлек, автобустар мен таксилер аялдамасын жақсарту, қоғамдық көліктер тоғысатын жерде көліктерге ауысып отыру жайлы ақпарат ұсыну, автобустық жолақ секілді қоғамдық көліктің жылдам жүруіне жағдай жасайтын орта дайындау, сыйымдылығы жоғары автобустарды қолдану секілді түрлі шаралар жоспарланған.

Сонымен қатар өзге де мақсаттарға сәйкес оңға бұрылу жолақтарын (Жапонияда сол жақтық қозғалыс) қосу арқылы жолды кеңейту, туристерге қатысты елдің ең басты халықаралық әуежайынан қалаға және қаладан әуежайға аз уақыт ішінде жету, туристік автобустардың аялдамасын жақсарту, жасылдандыру арқылы жаяу жүретін кеңістікті абаттандыру секілді шаралар қолға алынбақ [15:45-52].

Ал қала ішіндегі электромобильдердің көптеп таралуына ықпал ететін шаралар ретінде келесі шараларды көрсетуге болады:

А. 2009 жылдан бастап электромобильдерді қуаттайтын бекеттер Йокохама қаласының аудандық әкімдіктеріндегі жалпы тұрақтарда орнатылып келеді. Сонымен қатар 1 рет 1 сағат қуаттау тегін, тек автотұрақтың бағасын төлеу керек. Қуаттау бекеттері орнатылған әкімдіктер саны – 17 [16].

В. Қалдықтарды өртеу зауытында өндірілген электр қуатын электромобильдерді жедел қуаттау бекеттерінде қолдануды бастады. Алғашқы бекет 2020 жылы маусым айында ашылды. Болашақта осындай бекеттерді қоғамдық мекемелерде ашып, санын көбейтуді көздеп отыр. Сонымен қатар бағасы қымбат емес.

Несиелік картамен төлеген жағдайда минуты 30 йенге тең (25.09.2020 сәйкес 1 йен = 4,04 теңге) және жедел қуаттау бекеті болғандықтан, толық қуаттауға ең көбі жарты сағат қана қажет болады [17].

С. Чоймоби Йокохама (жап. 三イモビリティ) атты өте шағын жаңа буындық көліктерді Car sharing қызметіне енгізу арқылы қоршаған ортаға түсетін ауыртпалықты төмендетуді көздеп отыр.


Жалпы қоғамдық автокөліктер қатарына жаңа буындық көліктерді енгізу де қолға алынып отыр. Жалпы қоғамдық автокөліктер дегеніміз қоқыстарды жинайтын, өрт сөндіретін, жедел жәрдем көліктері мен автобустардан бөлек жолаушылар көліктері мен жүк көліктері жатады. Мысалы, 2016 жылы жалпы қоғамдық автокөліктер саны 1494 болса, оның 100-і жаңа буындық көліктер болды. Жергілікті үкіметтің жоспары бойынша жаңа буындық көліктердің үлесін жыл сайын арттырмақ. Егер 2016 жылғы үлесі 7%-ға тең болса, 2021 жылы – 32%, 2030 жылы – 100%-ға көбейтуді көздеп отыр [18:18].

Жапонияның эко-модельдерінің ерекшелігі – қойылған мақсатқа бірлесіп жетуде қаланың әрбір мүшесіне өзіне тиесілі рөлі беріледі. Оны алдыңғы сериядағы Киото эко-модель қаласынан байқаған болатынбыз. Бұл жолы да Йокохама қаласының тұрғындарының өз рөлі бар. Олар үшке бөлінген: Тұрғындар мен компаниялар, мемлекет пен жергілікті үкімет, көлік операторлары. Тұрғындар мен компанияларға көлік қызметін қабылдап қана қоймай, жүргізіліп жатқан көлік саясатының мақсаты сәйкес қоғамдық көліктерді қолдау міндеті; орталық және жергілікті үкіметке көлік саясатының мақсатын көрсетіп, қатысты адамдардың түсінігін тереңдететін координатор міндеті; көлік операторларына жайлы кәсіп жүйесімен қамтамасыз ете отырып, қоғамдық көлік қызметін тұрақты түрде ұсыну міндеті жүктелген.

Жоғарыда айтып кеткендей, Йокохама қаласы тек эко-модель қала болып қана емес, болашақ қаласы әрі ақылды қала (ағыл. *Yokohama Smart City Project* жобасы) болып танылады. Соған сәйкес әр салада өзіне тиісті шараларды кіріктіріп, жүзеге асыру арқылы ауа ластануы, ғаламдық жылыну секілді экологиялық проблемалармен күресуде.

Афганистан – это архиважный объект международных отношений, на которой сосредоточено внимание сверхдержав, в этой стране так или иначе постоянно шла война, в ее истории периоды гражданских войн и региональных противостояний дольше, чем мирного времени, что даже получила название «кладбище империй». В настоящее время проблема Афганистана является нерешенной, и его урегулирование остается важной для мирового сообщества.

Основанием происходящего в нем кризиса послужили по большей степени такие предпосылки, как:

1) Этнические противоречия, возникшие в процессе централизации. Который продолжился с 18 до конца 19 вв. в ходе образования централизованного государства в него вошли территории, населенные разными народами - Бадахшан, Нуристан, северный Афганистан, западный Афганистан и т.д. Сюда можно отнести вопрос «разделенных народов»- пуштунов, таджиков, узбеков, хазарейцев, туркменов, белуджей;

2) после приобретения независимости Афганистана основным источником противоречий стала «линия Дюранда», разделившая Афганистан и Пакистан, и которая является камнем преткновения в отношениях этих стран;

3) религиозный вопрос, дело в том что этнические меньшинства (хазарейцы) исповедующие ислам другого толка (шиизм джафаристского и исмаилитского толка) становятся изгоями по религиозным причинам.

Государство из-за своих внутренних разногласий значительно отстала в социально-экономическом развитии от других государств и нуждается в поддержке со стороны мирового сообщества.

В начале 2000 гг. на Афганской земле параллельно велись два военных действия: одну военную операцию проводил США на основе 51-й статьи ООН, как самооборона против нападений на американских граждан и территорию; другую - Международные силы содействия безопасности МССБ/ISAF, которая представляла собой коалицию многих стран (в ней участвовало до 150 тыс. человек из 51 стран).

В этот период для решения проблем Афганистана международной коалицией была предложена «Боннская модель», определившая основы политической жизни государства. Согласно этой модели, была создана «Лояя джирга» – Совет старейшин основных племен. Эта модель политического устройства была ответом на усиление движения «Талибан». Талибы выступали за политическое доминирование племени пуштун, чему естественно было не радо этническое меньшинство. Талибы видели будущее государственное устройство на основе шариата. Главным негативной стороной этого движения был стратегический союз с международной террористической организацией «Аль-Каида», которая, как известно, имеет связи с и другими террористическими организациями. Такими как ИДУ (Исламское движение Узбекистана), «Чеченской Республикой Ичкерия и т.п. в последующем,

В 2015 г. в северных районах Афганистана произошло сближение ИДУ с ИГИЛ (ДАИШ), Целью этой группировки тогда по их заявлению было – создание своей ячейки в Великом Хорасане, название, объединяющее в одно целое, земли Афганистана, Пакистана, Ирана и Центральной Азии. Принято считать, что эта организация искусственно сформирована и импортирована иностранными спецслужбами, и большую часть составляют не афганцы, а представители разных регионов, среди них есть - выходцы с Ближнего Востока, Северного Кавказа, Центральной Азии, Пакистана, Индии, Китая (Китайские уйгуры). На начальном этапе своего появления на мировой политической сцене ИГИЛ не воспринимали положительно. Сказывалось их различие в видении желаемого мироустройства. Талибы желали очистить Афганистан от иностранного присутствия. ИГИЛ стремилось создать исламское государство посредством джихада всемирного масштаба. [1]

В 2009 г. стратегия коалиции направлена на передачу основных функций по контролю над собственной территорией силовым структурам правительства Афганского государства.

В 2014 г. после вывода международной коалицией своих основных военных сил с Афганистаном подписали соглашение правительство США и организация НАТО, по соглашению до 2020 года в Афганистане присутствовал уменьшенный военный контингент. Учитывая, что Афганские вооруженные силы занимают лишь 78-е место в мире, согласно рейтингу военной мощи Global Firepower Index, возникает вполне резонный вопрос - сможет ли поддерживать необходимый уровень безопасности после вывода контингента американских войск. [2]

Сегодня в меняющейся системе международных отношений роль Афганистана остается прежней. Борьбу за эту территорию вели страны, обладающие мощью сверхдержав: США, Российская империя-СССР, Великобритания.

Системообразующей, региональной проблемой, является проблема диалога трех региональных держав, которые определились как государства «второго круга» в мировой политике - Индия, Пакистан, Иран, имеющие непосредственное отношение к Афганистану и имеющие свои национальные интересы в данном регионе. [3, с.27]

Дальнейшее формирование и мирное развитие Афганистана во многом зависит от отношений соседних стран – Пакистана, Ирана, Центральной Азии, а также таких государств, претендующих на звание мировых держав – США, России, Китая, важное значение имеет отношение также Индии, Турции, все они хотели проецировать свое влияние на эту территорию.

В данное время всем очевидна происходящая перестройка в структуре международно-политической системы, параллельно изменяются расстановка сил в поле международных отношений и роль главных субъектов мировой политики. За право быть центральными игроками, имеющими широкими возможностями влияния конкурируют некоторые государства, ранее не имевших такую возможность. Речь идет, конечно же о Китае и Индии. Их дальнейшая участь в роли восходящей державы во многом зависит от их политического поведения на международной арене; от их умения строить свою политическую линию, от запаса их внутренней устойчивости и способности адекватно реагировать на внешнее влияние.

В современное время взаимодействие Афганистан, Китая и Пакистана продиктовано региональной взаимосвязанностью, возможна перспектива расширения проекта КПЭК – подключение к нему Афганистана. Китайско-Пакистанский экономический коридор (КПЭК) был выдвинут в 2013 г. Китаем как инфраструктурный проект. Порт Гвадар, расположенный на южном побережье Пакистана является очень важным для Китая, прокладка трубопровода призвано связать Гвадар и Синьцзян и сокращает расстояние до 1600 миль по перевозке сырьевых материалов. Этот проект является своеобразным карт бланшем для Китая в «большой игре» в ЦА и Ближнем Востоке. Постепенное налаживание сотрудничества может привести предполагает при создании военно-морской базы Китая в Дживани (Пакистан) также военно-техническое сотрудничество в Бадахшане (Афганистан) для обеспечения безопасности проекта ввиду высокой конфликтности в Афганистане. Такое экономическое и военно-политическое сотрудничество. Вызывает беспокойство у США и Индии, но в целом поддерживается Россией. РФ сотрудничает с Китаем в формате двусторонних, и многосторонних отношений, в том числе и в формате ШОС.

В отношениях России и Афганистана были неоднозначны. В отношениях государств было все: недоверие, торговые отношения, сотрудничество и взаимная неприязнь. Сближение и предательство, Россия, пожалуй, единственная из немусульманских стран, которая имеет столь давние тесные отношения еще со времен средневековья. В 1990-х Россия поддерживала «Северный альянс», а в 2003 г. «Талибан» внесли в список террористических организаций. Для Москвы эта страна важна с точки зрения ее национальных интересов, и Россия не может оставаться в стороне от происходящих там процессов. Москве нужен стабильный, прогнозируемый и геополитически нейтральный Кабул, который не будет гаванью международных террористических групп. Афганская территория граничит с соседними с Россией странами Центральной Азии, которые связаны с РФ совместными договорами в рамках ШОС, ОДКБ, СНГ, ЕАЭС.

В 2016-2017 гг. Россия провела переговоры с участием Китая, Ирана, Пакистана по проблемам терроризма, исходящих от радикально настроенных группировок и установление мира в Афганистане. Всего было три раунда переговоров, на третьем раунде к переговорам присоединился Афганистан. Для выяснения переговорных позиций происходил контакт с «Талибан». В ходе переговоров предполагалось выдвинуть требование талибам отказаться от любых контактов с террористически настроенными организациями - ИГИЛ, Аль-каеда, сепаратисты Синьцзяна, также переход к легальной политической борьбе, в 2018 г. предполагалось использовать формат ШОС как площадку по снижению конфликта в регионе путем диалога Индии и Пакистана, Афганистан выступал гарантом нейтралитета.

Вполне естественно желание Москвы видеть Афганистан в будущем политически стабильным государством. Завершение войны в Афганистане позволило бы как России, так и ее союзникам в ЦА в полной мере использовать значительный потенциал торгово-экономического сотрудничества, как с Афганистаном, так и транзита через его территорию в оба направления.

Страны ЦА видят в Афганском государстве не только угрозу, но и возможного перспективного партнера. Интеграция посредством реализации проектов различных сферах: торгово-экономической, транзитно-транспортной, инвестиционной, энергетической становится главной направленностью во взаимоотношениях этих стран с Афганистаном.

Правительство Узбекистане выступает за вовлечение Афганистана в общее пространство всего центрально-азиатского региона. По этому поводу Ш. Мирзиёев выдвинул ряд предложений – создание постоянного комитета, а при ООН по Афганистану. Сделать Ташкент одним из главных центров по примирению в Афганистане, в том числе с участием талибов. [4]

Отношение Турции к происходящему в государстве Афганистан определяется ее членством в НАТО. Турецкие военные принимали участие в составе, созданных на базе НАТО Международных сил содействия безопасности МССБ в Афганистане.

4 октября 2020 г. состоялась встреча на уровне министров иностранных дел Туркменистана и Афганистана по теме продвижения проекта ТАПИ, по экспорту туркменского газа в страны Южной Азии, который обеспечил бы независимость от России и Китая. Этот проект был разработан еще в советский период, начато официальное строительство газопровода в 2017 г. На сегодняшний день газопровод построен до границы Афганистана. Стороны отметили «успешное продвижение многоплановых транспортных и энергетических проектов, включая строительство газопровода Туркменистан-Афганистан-Пакистан-Иран и линий электропередачи оптико-волоконной связи». Однако перспективы дальнейшего строительства выглядят не очень реальными, так как сохраняются некоторые проблемы с финансированием проекта и обеспечением его безопасности. [5]

Одним из приоритетных направлений сотрудничества Таджикистана и Афганистана является энергетический сектор. По сообщению пресс-службы президента Таджикистана, «Таджикистан готов принять необходимые меры для обеспечения и увеличения поставок электроэнергии в соседний Афганистан. В этом контексте сотрудничество реализации в кратчайшие сроки регионального проекта CASA-1000». [6]

Для Ирана особенно опасно утверждение в Афганистане радикально настроенных группировок, и естественно, важны события происходящие там. На всех уровнях Иран выступает за решение этой проблемы и активно в решении региональной проблемы. Для него выгодно стабилизация конфликта и территориально целостный, независимый Афганистан, и на восстановление экономики Афганского государства выделяет значительную технико-экономическую помощь. В том числе профинансировано проведение железнодорожной ветки Хаф-Герат, призванной обеспечить доступ Афганистана к портам Персидского залива и магистралям, ведущим в страны Центральной Азии. [7, с.125]

Хотя прямая граница России с Афганистаном не имеется, вполне возможен экспорт нестабильности через страны, граничащие с ним. Таковыми являются Таджикистан, Туркменистан, Узбекистан. В Узбекистане может активизироваться ИДУ. Для Туркменистана, удерживающего власть с помощью полиции и армии, главной проблемой является аморфность правительства. [8, с. 46]

Абсолютно все страны, в особенности, граничащие с Афганистаном, стремятся обезопасить себя, свои границы от угроз терроризма, распространения наркотиков. А также укрепить свое политическое влияние в регионе

Страны Европейского Союза в своей стратегии 2014-2020 ставит в приоритет безопасность и мирный Афганистан, для стабилизации было выделено 11,4 млрд. евро. по мнению эксперта Института мировой экономики и политики (ИМЭП) Ж. Арынова: «эффект от этих вливаний не всегда очевиден. Поэтому Брюссель заинтересован работать в сотрудничестве с другими игроками в афганском направлении, в том числе со странами Центральной Азии». [9]

Администрация действующего президента США Д.Трампа разработала и опубликовала новую стратегию в отношении, касающегося всего Центрально-азиатского региона и плюс Афганистана, суть которой, "встроить" Афганистан в Центральную Азию, разумеется, на американских условиях, для снижения влияния в этом регионе своих главных конкурентов – России и Китая. Эта стратегия носит название «Стратегия США для Центральной Азии (2019-2025). Продвижение суверенитета и Экономического процветания». Звучит как серьезное заявление о намерениях. Но разделяют ли эти намерения руководители тех стран, на которых распространяется эта стратегия?

После распада Советского Союза страны Центральной Азии, в основном тесно сотрудничали с Россией, и со странами бывшего СССР в двухстороннем формате. Для этих стран нужно было пройти некоторое время для набора опыта, определиться с представлением о собственных интересах.

Ослабление России, включение в состав мировых держав Китая подхлестнуло США проявиться в этом регионе для противодействия. Соединенные Штаты и ранее предпринимали попытку сделать подобные шаги в этом регионе – реализовать стратегию «С5+1», но тогда Центральная Азия предпочла от принятия подобной стратегии и строить свою стратегию развития вне планов Вашингтона. В частности, это был план по созданию транспортного коридора «Новый шелковый путь» между Южной и Центральной Азией, который был нацелен на стабилизацию в Афганистане, а также давали возможность США конкурировать с Россией и Китаем. [10]

По другой очень близкой к концепции «С5+1», концепции «Большой Центральной Азии» (БЦА), объединяются в один регион страны, обладающие энергетическим потенциалом и хорошими транспортными связями, такие как – 5 государств Центральной Азии, Афганистан, а также Южная Азия. То есть весь тот маршрут по которому пройдет проект Китая «Один пояс, один путь».

В основном эти концепции объединяет их составляющие, этапы расширения взаимодействия США с выделенным регионом:

- расширение сотрудничества;
- инвестиционная программа;
- воено-техническое сотрудничество;
- объединение перед лицом «общего врага». [11]

Как отмечалось ранее для Китая Синцзянь является стратегически важным районом, а расширив свое влияние на страны БЦА Вашингтон может без особого труда повлиять и вызвать дестабилизацию в Синцзян-уйгурском автономном районе.

Но стоит учитывать то, что несмотря на некоторые разногласия страны ЦА, Китай, Россия являются членами ШОС. Которая их всех объединяет. Еще есть ЕАЭС. Вероятнее всего, что действия США будут направлены для ослабления интеграционных связей этих организаций, что может привести их к развалу, поскольку именно эти организации являются их конкурентами в этом регионе.

Казахстанский эксперт Д. Косназаров полагает, Вашингтону что потеснить с Центрально-азиатского региона будет сложно потеснить Москву и Пекин. И главным критерием в их пользу является то, что их экономический и ресурсный потенциал сейчас выше американского. Также по военным ресурсам Москва в преимуществе. [12]

В12 сентября сего года в Катаре стартовали переговоры афганского правительства и движения «Талибан» по мирному урегулированию, что происходит впервые за несколько десятков лет. Ожидается вполне возможный приход к мирному исходу переговоров между Кабулом и «Талибаном», в результате которого возможно создание коалиционного правительства. Хотя существуют некоторые сомнения по этому поводу, ведь было несколько нарушений по прекращению огня, случившееся после заключения американо-талибского соглашения.

В данное время ситуация в Афганистане без положительных результатов. Переговоры с талибами не дали значительных результатов. Террористическая группировка ИГИЛ, сконцентрирована на севере Афганистана, что создает угрозу соседним государствам Узбекистану, Туркменистану, Таджикистану. Также актуальна проблема потока наркотиков.

В статье «Азиатские программы сверхдержав» освещены возможные негативные сценарии развития ситуации в Афганистане, которые могут возникнуть в случае активации сил ИГИЛ:

- вторжение террористических сил ИГИЛ в Туркменистан и/или Таджикистан в ходе реализации проекта «исламского халифата»;
- перехват исламистами контроля наркотрафика, организация боевого ядра и транзита посредством вербовки добровольцев из стран ЦА. Северного Кавказа, ближнего Востока, Северного Китая;
- вторжение ИГИЛ в Казахстан по линии Актау-Жанаозен-Атырау (с выходом на Каспий) и задействование спящих исламистских ячеек;
- подготовка районов дислокации на СУАР (к 2021-2022 гг.) активных сил ИГИЛ. [13]

За последние десятилетие Афганистан стал практически постоянной дислокации различных радикальных группировок, щедро подпитываемых региональными и мировыми державами, имеющими реальные и мнимые интересы в этом регионе и постоянно конкурирующими между собой за обладание региональной гегемонии. На сегодня нет гарантии того, что после прекращения активной фазы гражданской войны в Сирии именно Афганистан может стать той горячей точкой, которая взорвет весь регион. Если добавить к этому озвученные доктрины мировых геополитических лидеров во главе с США с их стремлением сохранить статус-кво мирового господства, приносящего им колоссальные экономические дивиденды, то можно предположить, что именно Афганистан с его длительным периодом «вакуума власти» и выходом на южные границы постсоветского пространства станет центром геополитической борьбы между США, Россией и Китаем. [14, с.100]

В создании связанности большого географического пространства с Афганистаном, большую роль играет то, чтобы связь между ЦА, Китаем, Индией и Европой не воспользовались разные террористические группировки и международный наркотрафик.

Для решения проблем Афганистана необходима программа, соответствующая реальной действительности, ее менталитету, желанию афганского народа без навязывания политических стандартов извне. Такая программа должна заключаться в стабилизации экономики страны и установлении мирного состояния. В Афганистане. Как известно, ситуация обострена национальными и региональными противоречиями, и это заставляет искать пути ее решения. Решением могло быть создание такой концепции, которая может обеспечить воцарения согласия и сотрудничества всех народностей страны на равных возможностях в политической, экономической, социальной сферах жизни.

Список использованной литературы:

1. Гаус джанбаз ИГИЛ готовится сменить талибан в афганском джихаде. [Электронный ресурс]. -2019. - URL :https://www.ng.ru/worl/2019-10-16/100_19101connection.html (дата обращения 17.10.2020)
2. И повторится все как встарь: не рискует ли Афганистан вновь пережить свою историю 30-летней давности? – [Электронный ресурс]. - 2020 - URL: <https://russiancouncil.ru/analytics-and-comments/columns/asian-kaleidoscope/i-povtoritsya-vsye-kak-vstar-ne-riskuet-li-afganistan-vnov-perezhit-svoyu-istoriyu-30-letney-davnost/> (дата обращения 17.10.2020)
3. Сембинов М.К. К вопросу деятельности и предстоящему выводу сил международной вренной коалиции ISAF из Афганистана. // Вестник КазНПУ, серия «Международная жизнь и политика», - №1 (32), 2013. – С. 27-29.
4. Волков В. Чем Узбекистан поможет Афганистану. - (Электронный ресурс). - 2020 - URL :<https://m.dw.com/ru/> (дата обращения 17.10.2020).
5. Мередов провел очередные переговоры с афганской стороной на тему ТАПИ. - [Электронный ресурс]. - 2020. - URL :<https://www.hronikatm.com/202010\af-mfa> (дата обращения 17.10.2020).
6. Таджикистан и Афганистан подпишут соглашение о стратегическом партнерстве. - [Электронный ресурс]. - 2020.- URL: <https://www.rus.ozodi.org/a/30845218.html> (дата обращения 17.10.2020).
7. Арунова М.С. Афганская проблема и соседние мусульманские страны. // Россия и мусульманский мир. - 2014. – С.119-139
8. Надери Асеф Роль афганистана в современной системе Международных. // Вестник Поволжского института управления. – 2016. – №1 (52). – С. 42-46.
9. Ли Н. Зачем евросоюз сближает Афганистан и Центральную Азию. - [Электронный ресурс]. - 2020.- URL: <https://cabar.asia/ru/zachem-evrosoyuz-sblizhaet-afganistan-itsentralnuyu-aziyu> (дата обращения 16.10.2020).
10. Ксения Логинова Токсичные гости: почему США активизировались в ЦА. - [Электронный ресурс]. -2020 -URL:<https://iz.ru/1031239/kseniia-loginova/toksichnye-gosti-pochemu-ssha-aktivizirovalis-v-tcentralnoi-azii> (дата обращения 17.10.2020).
11. Конкуренция за Центральную Азию. – [Электронный ресурс]. - 2019 - URL:<https://stanradar.com/news/ful/134574-konkurentsija-za-tsentralnuju-aziju.html> (дата обращения 17.10.2020)
12. США готовятся к схватке за ЦА. Вытеснят ли они Россию и Китай. [Электронный ресурс].- 2020. - URL: <https://ria.ru/20190826/1557842003.html> (дата обращения 17.10.2020)
13. Азиатские программы сверхдержав.- [Электронный ресурс]. - URL: https://vpk.name/news/335697_aziatskie_programmy_sverhderzhav.html (дата обращения 18.10.2020)
14. Навасардян А., Сембинов М.К. Проблемы безопасности в Центральной Азии в период геополитической турбулентности. //Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Международная жизнь и политика». – 2019 г. – №1-2(56-57). – С.98-102.

УДК 32(092)

БАК 23.00.01, 07.00.10

Т.З. Төлегенов¹, Ж.М. Сакенова²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институты, халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушы, Алматы қ., Қазақстан

²Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институты,

халықаралық қатынастар мамандығының I курс студенті

МҰСТАФА КЕМАЛ АТАТҮРІКТИҢ РЕФОРМАЛАРЫ

Аңдатпа

Ататүрік реформалары – бұл түрік республикасын қазіргі зайырлы ұлттық мемлекетке айналдырған бірқатар саяси, заңнамалық, мәдени, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер. Реформалар Ататүрік кезінде кемализм идеологиясына сәйкес жүргізілді. Реформалардың негізгі мәні батыстық құндылықтар мен жетістіктерді түрік қоғамына сіңіру болды. Саяси реформалар қоғамдағы осындай күрделі өзгерістерге әкеліп соқтырды, Осман қоғамының көптеген дәстүрлері жойыла бастады, нәтижесінде бұрынғы Осман империясының бүкіл қоғам жүйесі қайта қаралды және өзгерді.

Түйін сөздер: Түркия, реформа, саясат, батыс, халық.

Төлегенов Т.З.¹, Сакенова Ж.М.²

¹*Старший преподаватель кафедры международных отношений в Институте Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан*

²*студентка 3 курса специальности Международные отношения, Институт Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая*

РЕФОРМЫ МУСТАФЫ КЕМАЛЯ АТАТЮРКА

Аннотация

Реформы Ататюрка – серия политических, законодательных, культурных, экономических и социальных изменений превративших Турецкую республику в нынешнее светское национальное государство. Реформы были проведены во время правления Ататюрка в соответствии с идеологией кемализма. Основная суть реформ заключалась в насаждении целого ряда западных ценностей и достижений в турецком обществе. Политические реформы привели к столь серьёзным изменениям в обществе, что начало исчезать множество традиций османского общества, а в итоге была пересмотрена и изменена вся система общества бывшей Османской империи.

Ключевые слова: Турция, реформа, политика, запад, народ.

Tolegenov T.Z.¹, Sakenova Zh.M.²

¹*Senior lecturer of the Department of international relations, Institute of Sorbonne-Kazakhstan at KazNPU Abai
Almaty, Kazakhstan*

²*the 3rd course of International relations at the Institute Sorbonne-Kazakhstan
of the Kazakh National Pedagogical University named Abai*

REFORMS OF MUSTAFA KEMAL ATATURK

Abstract

Ataturk's reforms are a series of political, legislative, cultural, economic and social changes that have transformed the Republic of Turkey into the current secular nation-state. Reforms were carried out during the reign of Ataturk in accordance with the ideology of Kemalism. The main essence of the reforms was to instill a range of Western values and achievements in Turkish society. Political reforms led to such serious changes in society that many traditions of Ottoman society began to disappear, and as a result, the entire system of society of the former Ottoman Empire was revised and changed.

Key words: Turkey, reform, politics, west, nation.

Түркия республикасын жарияламас бұрын Мұстафа Кемалдың елді көркейту ниеттеріне халық оған сенімсіз болды. Ол Осман әулетінің орнына өзінің әулетін құрар ма еді? Ислам әлеміндегі көптеген адамдар Мұстафа Кемалды өзін Сұлтан және халиф деп жариялайды деп күтті. Мұстафа Кемал өзінің әскери және саяси өмірінде басқаларды таң қалдыратын керемет істер жасай алатын және істеген ісіне қандай шек қою керектігін білетін адам болды. Оның үстіне, жоктаушы ұлтты құтқару, өлім үйін өмір үйіне айналдыру ниеті белгісіз шыпырман оқиғаларға баруды қажет етпеді. Ол Осман империясының соңғы ғасырларында ол

негізінен артта қалған ұлттың көшбасшысы болғанын білді. Бұл ұлт немқұрайдылыққа тап болды, жойылуға душар болды, бірақ енді экономикасы жойылып бара жатқан кезде, ол үміт пен толқуға толы және ерекше жұмыс жасау үшін Мұстафа Кемалдың соңынан еруге дайын халық болды.

Мұстафа Кемал халифатты жою уақыты келді деп шешті. Ол прогреске кедергі болатын елде үстемдік еткен асыра сілтенген діни амалдарға қатты наразы болғанымен, тәуелсіздік үшін күрес кезінде адамдардың діни сезімдеріне нұқсан келтірмеуге тырысты.

«Atatürk Devrimleri» түрік тілінен сөзбе-сөз «Ататүріктің төңкерісі» деп аударылады. Бұл реформалар сериясының түбегейлі болғаны соншалық, ол көбінесе түсінбеушілік пен қоғамның қарсылығына тап болды және Кемалистердің бір партиялық билігі арқасында, сондай-ақ елдегі әскери бақылаудың арқасында жүзеге асырылды.

1921 жылы түріктің азаттық соғысы кезінде Кемалдың жарлығымен жаңа ұлттық әнұран жасалды. Сөздерін Мехмет Акиф Эрсой, ал музыкасын Осман Зеки Унгер жазған. Ресми түрде әнге «Тәуелсіздік маршы» деп аударылатын «İstiklâl Marşı» деген ат берілді. Ресми түрде жаңа әнұран 1921 жылы 12 наурызда, Түркия Республикасы ресми жарияланғанға дейін бір жарым жыл бұрын бекітілді.

Осман империясы үшін үлкен проблема болған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күресті бастау үшін 1923 жылы 13 қазанда Түркияның астанасы Стамбұлдан Анкараға көшірілді. Тәуелсіздік үшін күрес кезінде де Ататүрік осы қаланы өзінің штаб-пәтеріне таңдады, өйткені ол теміржолмен Стамбұлмен байланысқан және сонымен бірге жау әскерлерінің қолы жетпейтін. Ұлттық жиналыстың алғашқы сессиясы Анкарада өтіп, Кемал қаланы астана деп жариялады. Сонымен бірге, 1923 жылы Анкара қазірдің өзінде 30 мыңдай халқы бар шағын сауда орталығы болды. Оның елдің орталығы ретіндегі жағдайы радиалды бағыттағы теміржолдардың салынуымен нығайтылды, содан кейін ол Стамбұлды көптеген қажетсіз функциялардан құтқарып, толыққанды заманауи астанаға айналды.

Тағы бір маңызды қадам – елдегі шарифат соттарын толығымен жою, сондай-ақ азаматтық кодексті қабылдау болды. Бұл Швейцарияның Азаматтық кодексін мысалға алып, 1926 жылы 17 ақпанда Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінде қабылданған және 1926 жылы 4 қазанда күшіне енген 743 нөмірлі заң. Азаматтық құқық – бұл жеке адамдар арасындағы қатынастарды реттейтін және жеке адамдардың туылғаннан (заңды тұлғаларда орныққаннан) қайтыс болғанға дейін (заңды тұлғаларда тоқтатылу) қатынастарын реттейтін жеке құқық саласы. Тұлға құқығы, отбасы құқығы, меншік құқығы, мұрагерлік құқығы азаматтық құқықтың шеңберінде болады және азаматтық заңмен реттеледі. Маңызды қадамдардың бірі полигамияға ресми тыйым салу және азаматтық некеге рұқсат беру болды.

Жалпы заңнамалық реформалардан басқа, авторлық құқық туралы заң да қабылданды. Ататүрік тұсында бірінші рет баспасөзде белгілі бір ғылыми, ақпараттық және білім беру материалдарының заңсыз көшірмесін талқылау басталды.

1934 жылы 21 маусымда әр түрік азаматын тегі болуға міндеттейтін 2525 нөмірлі заңы қабылданып, 1935 жылы 2 қаңтарда күшіне енді. Заңға сәйкес, айту және жазу кезінде аты алдыңғы, ал тегі соңында қолданылды. Әдеби және күлкілі тектердің, тайпалардың, шетелдік нәсілдер мен ұлттардың аттарын, дәрежесі мен лауазымын көрсететін атауларды тегі ретінде алуға жол берілмейді. Текті таңдау міндеті 2003 жылы азаматтық заң өзгергенге дейін отағасы болып саналған күйеуге жүктелді. Заңның мақсаты фамилияларының орнына діни, әлеуметтік және отбасылық атақтарды алып жүретін адамдардың оң немесе теріс дискриминациясын жою және азаматтық хал актілерін тіркеу, әскери қызметке шақыру, мектепке тіркеу, меншік құқығын растайтын актілер сияқты салалардағы шатасуларды жою болды. Тегі туралы заң шыққаннан кейін бес ай өткен соң, президент Мұстафа Кемалға 2587 нөмірлі заңмен «Ататүрік» тегі берілді, оны 1934 жылы 24 қарашада Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі бірауыздан қабылдады. 1934 жылы 17 желтоқсанда шыққан заңмен бұл текті басқа адамдардың қолдануына тыйым салынды.

Лақап аттар мен атаулар күшін жою туралы заң – 26 қараша 1934 жылғы 2590 нөмірлі заң. Ол 1934 жылы 29 қарашада Түркияның ресми газетінде 2867 шығарылымда, 3 том, 6 бетте жарияланған. Заңға сәйкес:

1-бап – Аға, Хажы, Хафиз, Қожа, Молла, Эфенди, Бей, Бейефенди, Паша, Ханым, Ханимефенди және Әулие сияқты лақап аттар мен атаулар жойылды. Ерлер мен әйелдер туралы заң алдында және ресми құжаттарда тек аты-жөні көрсетілген.

2-бап – Шетелдік азаматтық және дәрежелік және ресми айырым белгілері мен медальдар алынып тасталды және осы белгілер мен медальдарды пайдалануға тыйым салынды. Тек соғыс медальдарына рұқсат етілді.

Түріктердің киіну тәсілін өзгертуге бел бұған Мұстафа Кемал 1925 жылы 25 тамызда бірнеше адаммен бірге Анкарадан шығып, Чанкыры, Кастамону және Инэболуға сапар шегеді. Осы жолда салтанат құрылды. Ол шляпаны ер адамдарға таныстырып, оларды батыстық үлгідегі киімдерді қабылдау қажеттілігіне сендірмек болған.

Кастамонуда қалуды жалғастырған Мұстафа Кемал 26 тамызда муниципалдық кеңседегі топқа сөз сөйледі. Түркияны бір қадам тағы көтеру үшін үміт артып, оны тыңдаушылар тапқан мұғалім сияқты сөйледі: «Біз барлық жағынан мәдениетті адамдар болуымыз керек. Біздің идеямыз, менталитетіміз бастан аяқ өркениетті болу қажет. Бүкіл түрік және ислам әлеміне қараңыз. Олар өздерінің ойлары мен идеяларын өркениет бұйырған өзгерістер мен өрлеуге бейімдемегендіктен, олар үлкен апат пен азапқа душар болды. Сондықтан да біз осы уақытқа дейін артта қалып, ақыры соңғы апатты балшыққа батып кеттік. Біз енді тоқтай алмаймыз, біз қандай жағдай болмасын алға қарай жүреміз. Ұлт нақты білуі керек: өркениет - күшті от, ол оған немқұрайлы қарайтындарды күйдіріп, жойып жібереді». [1]

Сол күні кешке Мұстафа Кемал және оның айналасындағылар Кастамону қаласынан Қара теңіз жағалауындағы Инэболуға барды. Мұнда ол еуропалық көйлек пен панама шляпасын киіп, көпшілікпен сөйлесуді жалғастырды. Ол әрі қарай өркениет және прогресстің қажеттілігі туралы айтты: «Біздің киім ұлттық ма? (халық бір.) Біздің киім өркениетті ме және халықаралық ма? Сонда киімсіз ұлт бар ма? Сізді осылай бейнелеуге дайынсыз ба, достар?». Мұстафа Кемал келесі сөйлемдерінде адамдарды кенге, бірақ балшықпен жабылған кенге теңеді: «Кенді көру үшін сазды тастау керек. Балшықтан келесідей арылуға болады: тұрақты аяқ киім, шалбар, жилет, көйлек, галстук, жака, куртка және күн сәулесінен қорғаныс. Бұл қорғанысты шляпа деп атайды! Бұған болмайды дегендер де бар. Бұлар надан адамдар. Мен олардан сұраймын: неліктен грек халқының бас киімін (феска) киюге болады, бірақ шляпаны киюге рұқсат етілмейді?» [2]

Мұстафа Кемал, Түркия әйелдердің азат болу керек екенін айтып өтті: «Саяхат барысында әйел достарымыздың, әсіресе қалаларда беттерін және көздерін, өте мұқият қатты жабатыны тұрғанын көрдім. Менің ойымша, бұл стиль, әсіресе осы ыстық маусымда, олар үшін қиыншылық тудырады. Ерлер! Бұл біздің өзіміздікімізге байланысты. Әйелдер де біз сияқты моральдық ұғымдарға ие екенін ұмытпайық. Олар әлемге жүздерін көрсетсін және олар әлемді көздерімен мұқият көре алсын. Мұнда қорқатын ештеңе жоқ». [3]

1925 жылы 2 қыркүйекте діни емес шенеуніктерге діни киім киюге тыйым салынды. Феска бас киімін киюге 25 қарашада ресми түрде тыйым салынды. Ерлердің бас киімі шляпа болады. Шенеуніктерден «әлемнің барлық өркениетті халықтарына ортақ» костюм киюді талап етті. Сонымен қатар, бұл реформаның экономикалық мәні болды, мұндай костюмдерді тек түріктерде шығарылған матадан тігуге рұқсат етілді, бұл елдің индустриясын ынталандырды.

Кемалдың әлеуметтік реформалары әйелдер мен еркектерді тең құқықты етті. Түркия тарихында алғаш рет әйелдер дауыс беру құқығын жеңіп алды. Реформалардың басты мақсаттарының бірі қоғамның әлеуметтік құрылымын өзгерту, теңдікті орнату, сондай-ақ белгілі бір топтарды (оның ішінде діни топтарды) кез-келген ықпал мен күштен айыру болды. 1926-1934 жылдар аралығында Түркияда гендерлік теңдік біртіндеп насихатталды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде әйелдер коммерциялық факультеттерге қабылданды, ал 1920 жылдары олар Стамбул университетінің гуманитарлық факультетінің аудиторияларында да пайда болды. 1920 жылдан 1928 жылға дейін университетті бітіретін әйелдердің саны нөлден 10%-ке дейін өсті. Оларға Босфорды кесіп өткен паромдардың палубаларында болуға рұқсат етілді (бұған дейін оларды өз кабиналарынан шығаруға тыйым салынды), оларға ер адамдармен бірге трамвай және теміржол вагондарында жүруге рұқсат етілді. Президент «өркениетті халықтың аналары мен әпкелерінен» өздерін лайықты ұстауды талап етті. 1930 жылы 3 сәуірде №1580 Жарлыққа сәйкес әйелдер алдымен елде жергілікті сайлауда дауыс беру құқығын алды. 1934 жылы 5 желтоқсанда Түркияда толық гендерлік теңдік ресми түрде орнатылды. Әйелдерге муниципалитеттер мен парламентке сайлану және сайлану құқығы берілді. Түркияда бұл реформа әлемнің көптеген басқа елдеріне қарағанда алғаш жасалды. 1935 жылы ұлттық жиналысқа 18 әйел депутат сайланды.

Медицина саласында да елеулі реформалар қабылданды. Кемал діни терапиямен, шөптермен, дәрі-дәрмектермен, гомеопатиямен және басқа әдістермен емдеуге жалпыға бірдей тыйым салуды енгізді. 1925 жылдың 1 қыркүйегінде алғаш рет кәсіби дәрігерлердің басын қосқан алғашқы түрік медициналық конгресі шақырылды, діни емшілерге медициналық қызметке ресми түрде тыйым салынды.

Ататүрік елдегі білім мен мәдениет жүйесін батыстандырудың белсенді жақтаушысы болды. Танзиматтың кезінде аяқталмаған білім беру реформасын қолға алып, ол Түркияны еуропалық елге

айналдыруға белсенді қатысты. Осман империясында исламның диктаттарына байланысты жабылған өнер және мүсін көрмелері қайта ашылды. Түркияда алғаш рет туристерге арналған алғашқы мұражайлар пайда болды. 1923 жылдан бастап Стамбұлдың барлық сарайлары (Топкапы мен Долмабахче сарайларын қосқанда) мұражай деп жарияланды, 1935 жылы Ататүріктің арнайы жарлығымен әйгілі София жұмыс істеп тұрған мешіттен музейге айналдырылды.

Барлық мектептер заманауи еуропалық оқыту әдістемесі бойынша жұмыс істей бастады. Барлық ғылыми және білім беру мекемелерін Білім министрлігінің қарамағына беру, ұлттық білім берудің біртұтас зайырлы жүйесін құру көзделді. Жаңа имамдарды даярлау үшін бөлек діни факультеттер мен мектептер ұйымдастырылды. Оқулықтар сол кезең саясатына сәйкес қайта құрылды. Олардың барлығы да орталықтандырылған білім беру жүйесіне бағынышты болды. Мақсаттардың бірі сауатсыздықты жою және әйелдерге білім беру болды. Егер бұрын әйелдер тек бала тәрбиесімен, үй жинау және киім тігумен айналысса, енді оларға оқуға және кез келген нәрсемен айналысуға рұқсат етілді. Сауатсыздықты жою Ататүріктің мәдени реформасының негізгі буыны болды. 1928 жылға қарай 20487 сынып ашылды, шамамен 1 075 500 адам мектептерге барды.

1924-1928 жылдар арасындағы кезең жазу мен тілдік төңкеріске және жаңа әліпбидің қабылдануына негіз болған кезең. 1925 жылы 26 желтоқсанда ислам күнтізбесінің орнына халықаралық күнтізбе мен сағат өлшемдерін қабылдау, ал кейінірек 1928 жылы 24 мамырда шыққан заңмен араб әріптерінің орнына латын негізіндегі халықаралық сандарды қабылдауды латын әліпбиіне көшу кезеңі. 1929 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық мемлекеттік хат-хабарлар жаңа түрік әліпбиімен жүргізіле бастады. Әліпбиге барлық негізгі латын таңбалары мен бірнеше қосымша әріптер кірді. Мұстафа Кемал «Менің достарым! Біздің бай үйлесімді тіліміз өзін жаңа түрік әріптерімен көрсете алады. Біз өзімізді сан ғасырлар бойы темір ұстағышта ұстаған түсініксіз таңбалардан босатуымыз керек. Біз жаңа түрік әріптерін тез үйренуіміз шарт. Біз оларды отандастарымызға, әйелдер мен ерлерге, жүкшілер мен қайықшыларға үйретуіміз қажет. Мұны патриоттық парыз деп санаған жөн. Ұмытпаңыз, ұлт он-жиырма пайыз сауатты, сексен-тоқсан пайыз сауатсыз болуы өте ұят жағда». Алты айдың ішінде халық жаңа әліпбиді тез үйреніп, қабылдады. Басылған кітаптардың саны тез өсті. 1936 жылға дейін ұлт мектептерінде сауат ашқан 2 546 051 адам диплом алды. [4]

Ататүрік қоғамдық өмір, мәдениет, білім және ғылым саласында көптеген реформалар жасады. Осы реформалардың ішінде 1933 жылы жасалған «Жоғары оқу орны реформасы» ерекше маңызға ие. Ататүрік университетті елдің дамуы мен оны барлық жағынан дамыту үшін мәдени саясаттың маңызды институты ретінде қарастырды. Ататүрік «түрік революциясы принциптерін қорғайтын және саяси билікті қолдайтын университет құруды» мақсат етті. [5]

Барлық мәселелердегідей, Ататүрік жоғары оқу орны туралы реформасын түбегейлі қабылдады және Германиядан әкелінген көптеген оқытушылардың көмегімен сәтті өткен бұл реформа арқылы ол Осман империясынан мұраға қалған Стамбұл ғылымдар үйінің құрылымы мен түсінігін өзгертті және оны қазіргі заманғы университетке айналдырды. 1933 жылдың 1 тамызында Стамбұл Университетіне айналды. Сабақтар ресми түрде 1933 жылы 1 қарашада басталды.

Елдің барлық тұрғындары, оның ішінде халықтың 20 пайыздан астамын құрайтын күрдтер түрік деп жарияланды. Түрік тілінен басқа барлық тілдерге тыйым салынды. Барлық білім беру жүйесі түрік ұлттық бірлігі рухын тәрбиелеуге негізделген.

1923 жылы 29 қазанда 1844 жылы енгізілген ескі Осман лиралары айналымнан алынып тасталды, сонымен қатар лира мен куруштың қатаң арақатынасы 100 курушқа 1 лира мөлшерінде енгізіліп, монеталардағы алтын мен күмістің мөлшеріне қатысты бұрынғы қатынастар жойылды. 1924 жылы Кемалдың және бірқатар мәжіліс депутаттарының қолдауымен Түркия тарихындағы алғашқы банк құрылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Цит. по: Мустафа Кемаль. Путь новой Турции. – М., 1934, Т. IV. – Стр. 282-283.*
2. *Eşviki Sanayi hakkında Mevzuat ve Şurai devlet İctihadatı. – Ankara, 1939. – С. 13-17.*
3. *Nafti Yalın. The Turkish language reform: a unique case of language planning in the world, Bilim dergisi 2002*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ LEGAL ASPECTS OF INTERNATIONAL RELATIONS

УДК 32
ВАК 23.00.00

А.Ауесхан¹, Ф.А. Меңілбаев²

*¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті,
Сорбонна-Қазақстан институтының 1-курс магистранты*

*²Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институты,
халықаралық қатынастар кафедрасы, т.ғ.к., доцент,
тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі
Алматы қ., Қазақстан*

КЕЛІССӨЗДЕР ҮРДСІНДЕГІ ВЕРБАЛДЫ ЕМЕС КОММУНИКАЦИЯНЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Бұл мақалада вербальды емес коммуникацияның маңыздылығы және келіссөз барысындағы атқаратын рөлі туралы баяндалады. Нақтылап айтқанда, қарым-қатынастың екі нысаны: вербальды (сөз арқылы) және вербальды емес (ишарат, бет-әлпеті, тұрысы, киімі, шаш қоюы, айналасындағы заттары және т.б.) болып табылады. Келіссөз барысында тараптар ымыраға келуде, мәселені өз мүддесін ескере отырып шешуде осы вербальды емес коммуникация үлкен рөл атқарады. Вербальды емес қарым-қатынас құралдарына кинесикалық, просодикалық, экстралингвистикалық, проксемикалық, такесикалық, сенсорикалық және т.б. жатады.

Түйін сөздер: вербальды емес коммуникация, келіссөз, превентивті дипломатия, коммуникация.

Ауесхан А.¹, Менилбаев Ф.А.²

¹магистрант 1-курса Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ имени Абая
²кандидат исторических наук, доцент кафедры международных отношений
Института Сорбонна-Казахстан КазНПУ имени Абая
г. Алматы, Казахстан

РОЛЬ НЕВЕРБАЛЬНОЙ КОММУНИКАЦИИ В ПРОЦЕССЕ ПЕРЕГОВОРОВ

Аннотация

В статье рассказывается о важности невербальной коммуникации и роли в переговорах. В частности, двумя формами общения являются вербальные (устно) и невербальные (знак, внешний вид, поведение, одежда, прическа, окружающие предметы и т.д.). В ходе переговоров стороны играют большую роль в компромиссах, в решении вопроса с учетом своих интересов. К средствам невербального общения относятся такие виды как: кинесические, просодические, экстралингвистические, проксемические, такесические, сенсорные и др.

Ключевые слова: невербальная коммуникация, переговоры, превентивная дипломатия, коммуникация.

A.Aueskhan¹, G.A. Menilbayev²

¹master of the 1st year of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan at Abay KazNPU
²c.h.s., assistant professor of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan at Abay KazNPU
Almaty, Kazakhstan

ROLE OF NON-VERBAL COMMUNICATION IN THE NEGOTIATION PROCESS

Abstract

The article discusses the importance of non-verbal communication and the role in negotiations. In particular, two forms of communication are verbal (oral) and non-verbal (sign, appearance, behavior, clothing, hairstyle, surrounding objects, etc.). During the negotiations, the parties play an important role in compromises, in resolving the issue, taking into account their interests. Non-verbal communication means include kinesic, prosodic, extra-linguistic, proxemic, taxic, sensory, etc.

Keywords: non-verbal communication, negotiation, preventive diplomacy, communication.

Келіссөздер дипломатиялық қызметтің маңызды бір бөлігі, өйткені кей кездері тіпті дипломатияның өзі келіссөз болып табылады. Бүгінгі таңда, халықаралық қатынастардың дипломатиялық рөлі артып отырған шақта, яғни халықаралық мәселелерді керіспен емес дипломатиялық жолмен шешу немесе превентивті дипломатияның қолданылуы кең өріс алуда. Халықаралық қатынасты реттеуде келіссөздің рөлі ерекше артып отыр. Келіссөздердің тиімді әрі табысты аяқталуы келіссөз жүргізуші тараптардың шеберлігіне тікелей байланысты. Дипломат келесі тараптың өз ұстанымдарына қарсы немесе қосылатынын, бұл ұсыныс оны қызықтыратын немесе қызықтырмайтынына, сөз қозғағысы келмейтінін, көзіңізге тіке қараудан қашып, арақашықтықты сақтап және т.б. әрекеттер жасауын оның тек сөзінен емес іс қимылынан түсіне білуі шарт. Келіссөз барысында вербалды және вербалды емес коммуникацияның рөлі өте жоғары.

Кең мағынада алғанда қарым-қатынас дегеніміз – жеке адамдардың символдардың жалпы жүйесі арқылы ақпарат алмасуы болып табылады. Тиімді қарым-қатынас заңдарын білу сөз жоқ, адамдардың өзара қарым-қатынасын жеңілдету түсетіні айқын. Бірақ берілетін ақпараттың аз ғана бөлігі сөз арқылы берілетінін де естен шығармаған дұрыс. Коммуникацияларды зерттеуші американдық ғалым Альберт Мейербан өзара қарым-қатынаста 7% ақпарат вербалды (сөз арқылы), 38% дыбыс құралдары (дауыс тембры, интонация, дыбыс күші), ал 55% ақпарат алмасудың вербалды емес құралы арқылы берілетінін дәлелдеп берді [1].

Вербалды емес қарым-қатынас (лат. *verbalis* – ауызша және лат. *communicatio* – араласу, қатысу) – қарым-қатынасқа түсуші жеке адамдардың өзара қатынасының сипаты мен эмоциялық күйінен хабардар етуші мінез-құлық, өзін-өзі ұстауы болып табылады. Ол ишарат, бет-әлпеті, тұрысы, киімі, шаш қоюы, айналасындағы заттары. Өзін-өзі ұстаудың осындай элементтерін ұғына білу өзара түсіністіктің жоғары дәрежесіне жетуге ықпалын тигізірі анық. Осы ақпаратты назарда ұстап отыру келіссөздер кезінде тараптардың бір-бірінің моральдық-тұлғалық қасиеттері, көңіл-күйі, сезімдері, ниеттері, толғаныстары т.б. туралы мәліметтер бере алады. Вербалды емес қарым-қатынас мәселелерін шешумен көптеген ғалымдар айналысып келеді: Б.Биркенбил, Г.В. Бороздина, Т.Г. Винокур, И.Н. Горелов, А.А. Леонтьев, В.П. Морозов, т.б.

Вербалды емес қарым-қатынас басқа әдістер ақпаратты жеткізе алмаған жағдайда маңызды, адамның айтқаны, қозғалыстың жасанды және оның ақиқат екендігін түсінуге ыңғайлы. Вербалды емес қарым-қатынас құралдарына кинесикалық, просодикалық, экстралингвистикалық, проксемикалық, такесикалық, сенсорикалық және т.б. жатады.

- Кинесикалық қарым-қатынас құралдары, бұл, қарым-қатынаста мәнерлі реттеуші қызмет атқаратын басқа адамның қимыл қозғалысын көру арқылы қабылдау (ым-ишара, пантомимика, дене тұрысы).

- Просодикалық қарым-қатынас құралдары тілдің ырғақты-интонациялық жағын қарастырады. (дауыс тембрі, ектінің күші, дауыс үннің жоғарлығы, қаттылығы).

- Экстралингвистикалық қарым-қатынас құралдарына: сөздегі кідірістер мен адамның психофизиологиялық көріністері (күлкісі, жылау, жөтелу, дем алу, қыңқылдау, т.б.).

- Проксемикалық қарым-қатынасқа: түсушілер үшін маңызды хабардан тұратын қарым-қатынастың кеңістік пен уақыт ситуациялары.

- Такесикалық қарым-қатынас тәсілдері дегеніміз қарым-қатынас серігіне қол тигізу: қол алысу, арқасынан қағу, құшақтау, сүйу, т.б.

- Сенсорикалық - барлық мәдениеттердің сенсорлық қабылдауына негізделген ауызша емес қарым-қатынастың бір түрі. Серіктеске деген көзқарас сезім органдарының сезімімен қалыптасады: иістер, дәм сезімі, дыбыстық және түс комбинациясын қабылдау, сұхбаттастың денесінің сезімі және одан шыққан жылу. Осының арқасында осы серіктеспен ауызша емес қарым-қатынас жасалады [2].

Кез келген іскерлік кездесу мен қоштасудың міндетті шарты қол алысу болып табылады. Қол алысудың ұзақтылығы мен күші біршама мәлімет береді. Тым солғын, қысқа ғана қол алысу немқұрайлылықты білдіреді. Ұзаққа созылған қол алысу мен алақанның ылғалданып, терлеп кетуі, кездесудің маңыздылығы мен бұл адамдардың кездесуге үлкен мән беретіндігін, осыған байланысты қобалжу деңгейінің де жоғары екенін білдіреді. Азия елдерінде адамдар бір-бірінің қолын қатты, әрі ұзақ қысып тұрмайды. Сондықтан Азиялық серіктесіңізге бұлай ету жөнсіз деп есептелінеді. Ал, батыс еуропалық және америкалық кәсіпкерлер жай ғана, солғын қол алысуды қанағат тұтпайды, олар өздерінің белсенділігімен мен іске деген ынталылығын қолды қатты қысу арқылы жеткізеді. Қол алысу кезінде қолды бүкпей, алыстан ұстау арқылы сәлемдесу, адамның өзін жоғары сезініп, серіктесін құрметтеуін көрсетеді. Саусақтың ұшын ғана ұсыну, құрметтеуді, төмендетуді білдіреді. «Қолғап» деп аталатын, қос қолдап амандасу, керісінше, үлкен құрметтің, сыйластықтың дәлелі.

Негізінен, адамның қолдары мен дене бітімінің қимылдары адам туралы көп мәлімет береді.

Біріншіден, бұл адам ағзасының жалпы күйін және эмоционалдығын байқатады. Яғни, темперамент типінің күшті немесе әлсіз, тез, жылдам немесе баяу, қарқынсыз екені көрініп тұрады. Оның шаршаңқы немесе жігерлі, тіпті көңілсіз, жабырқау екені де байқалады.

Екіншіден, дененің қалпы мен қимыл-қозғалыстары арқылы, адамның өзіне сенімділігін немесе сенімсіздігін, ашықтығын немесе тұйықтығын және т.б. аңғаруға болады. Осы дене қимыл-қозғалысы мен адамның тұрған тұрысына қарап, оның әлеуметтік лауазымы мен дәрежесін аңғаруға болады.

Үшіншіден, бұл арқылы адамдардың мәдениеттілігін, әдептілігін, тәрбиелілігін байқай аламыз.

Төртіншіден, жесттер мен дененің қимыл-қозғалыстары адамның күнделікті көңіл-күйі, ішкі қобалжулары мен сезімдері немесе тілек-қалаулары жайлы да мәлімет береді.

Білікті дипломат болу үшін барған елдің тілін және мәдениетін, тарихын, экономикасын жетік білу қажет. Әр елдің өзінің ерекшелігі болады, әдет-ғұрыптары әр алуан болып келеді. Мемлекеттердің қатынастары адамдар арасында қатынастардан тұрады. Сондықтан болатын, баратын елін толық меңгеру дипломат үшін басты алғышарт [3].

